

Ж.Т. Ибраимова, Г.М. Мужигова, У.С. Шанбаева

Отформатировано: Шрифт:
полужирный

ҚАЗАҚ ТІЛІ

«ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

Ж.Т. Ибраимова, Г.М. Мужигова, У.С. Шанбаева

Отформатировано: Обычный (веб)

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Оқу құралы

Алматы

«Қазақ университеті»

2023

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесінің шешімімен ұсынылған
(№4 хаттама, 27 желтоқсан 2022ж)*

П і к і р ж а з ғ а н д а р:

филология ғылымдарының докторы А.Е. Сәденова

филология ғылымдарының кандидаты С.А. Жиренов

Ибраимова Ж.Т., Мужигова Г.М., Шанбаева У.С.

Отформатировано: Шрифт:
полужирный, не курсив

Т Қазақ тілі оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Қазақ университеті,
2023. – ----- б., сур.

ISBN

Оқу құралында төрт тарау аясында қазақ тілін терең меңгеруге тест тапсырмалары, жаттығулар мәтінмен жұмыс берілген. ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетіндегі филология мамандығын таңдаған шетелдік тыңдаушыларға, ЖОО-ға түсуші талапкерлерге арналған оқу-әдістемелік құрал.

ISBN

ӘОЖ

КБЖ

© Ибраимова Ж.Т., Мужигова Г.М., Шанбаева У.С. 2023

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2023

АЛҒЫ СӨЗ

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде түрлі мемлекеттен тыңдаушылар келіп білім алады. Бұл жерде білім беру мазмұны да, тәсілі де өзгеше. Негізгі мақсат – әртүрлі мемлекеттен түрлі бағдарлама негізінде білім алған тыңдаушыларды Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіне сай кешенді тестілеуге даярлау. Осы мақсатқа сай аталған оқу-әдістемелік құрал шетелде білім алған ЖОО-ға дейінгі дайындық факультеті тыңдаушыларына қазақ тіл білімінен негізгі теориялық мәліметтер кесте-сызбалар арқылы берілген. Әр тақырыптан кейін тапсырмалар, жаттығу жұмыстары, бекіту сұрақтары беріліп, әр тарау қорытынды тест тапсырмалармен қорытындыланған. Сонымен қатар, тыңдаушыларға Қазақстан Республикасы жайлы мәліметтер, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларынан үзінділер берілген. Тапсырмалар жеңілден қиынға негізделген. Мәтінге дейін, мәтін бойынша және мәтін соңында берілген тапсырмалар тыңдаушылардың дұрыс сөйлей, сауатты жаза білу дағдыларын жетілдіріп, өз ойларын анық, нақты, дәл жеткізе білуге септігін тигізеді.

Қорыта келгенде, аталған оқу-әдістемелік құралы арқылы тыңдаушылар қазақ тілінің теориясынан толық мәлімет алып, жаттығу-тапсырмалар арқылы бекітіп, тест нұсқаларымен бекіте алады.

Әліпби кесте

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ

Бас әріп	Кіші әріп	Әріп аты	Бас әріп	Кіші әріп	Әріп аты	Әріптің жазбаша түрі
А	а	а	П	п	пы	
Ә	ә	ә	Р	р	ыр	
Б	б	бы	С	с	сы	
В	в	ве	Т	т	ты	
Г	г	гі	У	у	ұу	
Ғ	ғ	ғы	Ұ	ұ	ұ	
Д	д	ды	Ү	ү	ү	
Е	е	е	Ф	ф	эф	
Ё	ё	йо	Х	х	хы	
Ж	ж	жы		Һ	Һе	
З	з	зы	Ц	ц	це	
И	и	ій	Ч	ч	че	
Й	й	қысқа и	Ш	ш	шы	
К	к	кі	Щ	щ	ща	
Қ	қ	қы		Ъ	айыру белгісі	
Л	л	ыл	Ы	ы	ы	
М	м	мы	І	і	і	
Н	н	ны		Ь	жіңішкелік белгісі	
Ң	ң	ың	Э	э	э	
О	о	о	Ю	ю	ю	
Ө	ө	ө	Я	я	йу йа	

ҚАЗАҚ ТІЛІ

К І Р І С П Е

Тіл туралы қысқаша мәліметтер:

Қазақ тілінің шығу тарихы.

Славян жататын тілдерден кейін сан жағынан ірі топ - түркі тілдер тобы.



Якут тілі және тағы басқа ұсақ тілдер жатады.

Ол тілдерде сөйлейтін халықтар Дунайға дейінгі Еуразия далаларын, Орталық Орта Азия Сібір, Кавказ, Кіші Азия жерлерін мекен еткен.

Аталған тілдерді туыс тілдер деп атайды. Өйткені бұлардың о бастағы шығу төркіні бір болған.

V-VIII ғасырда Қытай шекарасынан Византияға дейін, Солтүстік Моңғолиядан Тараз қаласына дейінгі ұланғайыр жерді түркі халықтары мекендеген. Қазақ тілі өзінің төркіні жағынан осы түркі тектес тілдерге, соның ішінде Қыпшақ тобындағы тілдерге, ал өз құрлысы (морфологиясы) жағынан жалғалмалы (аггмотикативті) тілдер тобына жатады. Қазақ тілі мен қазақ халқының шығу кезеңі - XV ғасыр.

Қыпшақ тілдері өз ішінен 3 топқа бөлінеді: қыпшақ - бұлғар тобы, қыпшақ-половец тобы, қыпшақ - ноғай тобы. Қазақ тілі қыпшақ ноғай тобына кіреді. Оған ноғай, қарақалпақ және өзбек тілінің қыпшақ диалектілері кіреді. Бұл топтағы тілдердің қыпшақ бұлғар, қыпшақ-половец тілдерінен негізі айырмашылығы мынадай.

- Ч дыбысының болмауы оның орнына Ш айтылуы, Ш дыбысының орнына С дыбысының қолданылуы. *Мысалы:* қаш- қас, қыс-қыш.
- Көрші дауыссыз дыбыстарының әсерімен М/Б/П дыбысының алмасып отыруы. *Мысалы:* адаммен, өзгізбен, атпен.
- Дауыссыз дыбыстардың әсерімен Н/Д/Т дыбыстарының алмасып отыруы. *Мысалы:* жаздың, баланың, аттың.

Қыпшақ - ноғай тілдері, ноғай- қарақалпақ және қазақ тілдері болып өз ішінен 2-ге бөлінеді.

- Өзінің алдындағы дауыссыздардың әсерімен Л/Д/Т дыбыстарының алмасып отыруы. *Мысалы:* тастар, қаздар, үйлер. Ал ноғай қыпшақ тілдерінде ондай алмасу жоқ. *Мысалы:* таслар, қазлар.
- Ноғай-қарақалпақ тілдерінде келер шақ есім -аджақ, -еджек тұлғасы арқылы жасалады ал қазақ тілінде мұндай тұлғаның болмауы.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӨЗІНЕ ТӘН БЕЛГІЛЕРІ:

Фонетика саласында:

- 9 дауысты дыбыстарының болуы,
- Дауысты дыбыстарының тұрақты түрде *жуан-жіңішке* болып бөлінуі,
- Екпін үндестігінің 2-ші буыннан ары қарай аспауы.

Морфология бойынша:

- Есімшенің және шақтың тұлғасының *-атын, -етін* қосымшасы арқылы жасалады.

Синтаксис саласында:

- Есімше және көсемше тұлғалары арқылы жасалған құрылымдардың кең қолданылатын жай және құрмалас сөйлем құрамындағы жалғаулық арқылы байланыстық шектеулі екендігі.

Лексика бойынша: сөздердің жалпы түркілік негізгі қабаты сақталғандығы, араб-парсы кірме сөздерінің аздығы.

ҚАЗАҚ ТҮЛ БІЛІМІ

Фонетика

1. Дауысты дыбыс

- ✓ жуан дауысты
- ✓ жіңішке дауысты
- ✓ ашық дауысты
- ✓ қысаң дауысты
- ✓ еріндік дауысты
- ✓ езулік дауысты

2. Дауыссыз дыбыс

- а) ұяң дауыссыз
- ә) үнді дауыссыз
- б) қатаң дауыссыз

3. Буын

- а) ашық буын
- ә) тұйық буын
- б) бітеу буын

4. Үндестік заңы

- ✓ буын үндестігі
- ✓ дыбыс үндестігі
- а) ілгерінді ықпал
- ә) кейінді ықпал
- б) тоғыспалы ықпал

5. Тасымал

6. Екпін

7. Орфография

8. Орфоэпия

Лексика

1. Жалпылама лексика

2. Қолдану аясы тар лексика

Сөзжасам

1. Дара сөз

- а) негізгі сөз
- ә) туынды сөз

2. Күрделі сөз

- а) біріккен сөз
- ә) қысқарған сөз
- б) қос сөз:
 - ✓ қосарлама

в) тіркесті сөз:

- ✓ еркін тіркес
- ✓ тұрақты тіркес

Грамматика

1. Морфология

1) Сөз таптары

- ✓ затесім
- ✓ сын есім
- ✓ сан есім
- ✓ есімдік
- ✓ етістік
- ✓ үстеу
- ✓ шылау
- ✓ еліктеу сөз
- ✓ одағай

2) қосымша

- ✓ **жұрнақ**
- а) сөз тудырушы
- ә) сөз түрлендіруші

✓ жалғау:

- а) жіктік жалғау
- ә) септік жалғау
- б) көптік жалғау
- в) тәуелдік жалғау

2. Синтаксис

- ✓ сөз тіркесі
- ✓ жзай сөйлем
- ✓ құрмалас сөйлем
- ✓ сөйлем мүшелері

3. Пунктуация

4. Стилистика

ФОНЕТИКА (дыбыс – грек сөзі) Фонетика – тіл дыбыстарын зерттейтін тіл білімінің саласы.

ДЫБЫС ЖӘНЕ ӘРІП

Дыбыс – сөздің ең кішкене бөлігі. Дыбысты айтады және естиді.

Әріп – дыбыстың жазбаша таңбасы. Әріпті жазады және көреді.

Әріптердің рет-ретімен тізілген жиынын алфавит (әліпби) дейді.

Алфавит – грек сөзі Әліпби – араб сөзі.

Қазақ тіліндегі дыбыстар:

а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ы, і, э - 37

Қазақ әліпбиіндегі әріптер:

а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ё, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ь, ы, і, ъ, э, ю, я – 42

Қазақ тіліне тән төл дыбыстар: ә, ө, і, ұ, ү, қ, ғ, ң, һ, (9)

ДАУЫСТЫ ДЫБЫС - өкпеден шыққан ауаның еш кедергісіз шығуынан жасалады. Қазақ тілінде 9 **а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і** қосынды **и, у** және орыс тілінен енген **э** барлығы 12 дауысты дыбыс бар.

ДАУЫСТЫ ДЫБЫС

Тілдің қатысына қарай

Жуан
дауыстыны айтқанда, тілдің ұшы кейін тартылып, үсті дөңестеніл еді: **а, о, ұ, ы, у**

Жіңішке
дауыстыны айтқанда, тілдің ұшы ілгері созылып жіңішкеріл еді: **ә, ө, е, э, і, и, ү, у**

Жақтың қатысына қарай

Ашық
дауыстыны айтқанда, жақ кең ашылады:
а, ә, о, ө, е, э

Қысаң
дауыстыны айтқанда, жақ тар ашылады:
и, ы, і, у, ұ, ү

Еріннің қатысына қарай

Еріндік
дауыстыны айтқанда, ерін дөңгеленіп алға қарай созылады:
о, ө, ұ, ү, у

Езулік
дауыстыны айтқанда, езу кейін тартылады:
а, ә, е, э, ы, і, и

ФОНЕТИКА. Дауысты дыбыстарға арналған тапсырмалар:

1- тапсырма. *Өлеңді мәнерлеп оқып, сөздердегі дауысты дыбыстарды атаңыз, жаттап алыңыз.*

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрұм қалғаным кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?

Абай

2- тапсырма. *Мәтінді көшіріп, сөздердегі дауысты дыбыстардың әрпінің астын сызыңыз, мәтіндегі негізгі ойды айтып беріңіз.*

Ұлпан Есенайді аяп та кетті. Есенайдің үлкен адам екендігіне қызығып та кетті, басқа адам кім болса да, Есенай бола алмас еді. Еркекке тіс те керек, іс те керек. Білек те кере, жүрек те керек. Күні өтіп бара жатқан кәрі тарланда мұның бәрі де бар екен әлі. Шіркін-ай бұдан қырық жыл бұрын қандай болды екен? Бұған кездеспегенде, кімге кездесер еді? Сөз жоқ, бір жасқа кездесер едім. Сол жасым Есенайдің оннан біріне тұрар ма еді? Кім білсін... Жоқ, тұрмас еді.

(Ғ. Мүсірепов, "Ұлпан" романы.)

3- тапсырма. *Жаттығуды оқып, ондағы дауысты дыбыстарды атаңыз, мәтіннің мазмұнын түсініп, есте сақтаңыз, қолданыңыз.*

Бала би: "Жерден ауыр не, судан терең не, оттан ыстық не, көктен биік не?"- деп сұраған екен. Жауапты ешкім таппаған соң, Бала бидің өзі шешіп беріпті дейді.
Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім,
Судан ауыр дегенім – оқу-ғылым.

Оттан ыстық дегенім – адамның өмірі,
Көктен биік дегенім – тәкаппардың көңілі.

ФОНЕТИКА. Дауысты дыбыстардың топтастырылуына арналған тапсырмалар:

Мәтіндегі дауысты дыбыстарды теріп алып, оларды мына үлгі-кесте бойынша толтырыңыз.

ЖЕТІНШІ СӨЗ

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйқтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген Һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Өзелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боктықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» - дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз.

1891

Тілдің қатысына қарай		Жақтың қатысына қарай		Ерін мен езудің қатысына қарай	
Жуан	Жіңішке	Қысаң	Ашық	Еріндік	Езулік

1-Тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып, сөздердегі жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды ажыратыңыз. Мәтіннің мазмұнына мән беріңіз, оны монолог түрінде айтып беріңіз.

Бір аңызда Төле Түлкі деген жігіттің сұрақтарына былайша жауап беріпті:

- Ата, алты алаш деген кім? – дейді жігіт.
- Алты алаш Алаш ханның балалары: Қазақ, Қарақалпақ, Өзбек, Түркімен, Жайыпхан, – дейді Төле.
- Үш жүз деген кім?
- Үш жүз – қазақтың ағайынды үш баласы.

2-жаттығу. Төмендегі сөздерді екі топқа бөліп, бір топқа ашық дауысты дыбыстары бар сөздерді, екінші топқа қысаң дауысты дыбыстары бар сөздерді жазып, олармен сөйлем құрастырып жазыңыз.

Ізгілікті, алабажак, нокта, өрмек, өрнек, хабар, сәукеле, тұқым, тігін, білгір.

3-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, еріндік, езулік дауыстыларға талдау жасаңыз.

Жетпекке үлкендікке жас балалар.
Жүгірер қырдан ойға дүбірлесіп.
Шал-кемпір күншуақтан көңілі жат боп,
Өткен күн өмірін айтып күбірлесіп.

Бота, құлын, бұзау (торпак) лак, қозы туып,
Қуанып ойнақтайды олар да өсіп.
Сүйтсе де, адам көзі бір тоймайды,
Құдайым берсе-дағы қанша нәсіп.

(Шәкәрім)

Үлгі: Е - жіңішке, ашық, езулік.

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЕМЛЕСІ

А, Ә әріптерінің емлесі.

А- жуан, ашық, езулік дауысты дыбыстың әрпі. Ол жуан сөздердің барлық буындарында, байырғы, кірме сөздерді талғамай жазыла береді.

Ә - жіңішке, ашық, езулік дауысты дыбыстың әрпі. **Ә** әрпі жіңішке сөздің басқы буынында ғана жазылады, соңғы буында жазылмайды. Бұл әріп те, ол белгілейтін дыбыс та орыс тілінде жоқ, ол қазақ тілінің ерекшелігіне жатады.

Ескерту:

- Санаулы сөздерде **Ә** әрпі сөздің екінші буынында жазылады: күнә, кінә, шүбә, сірә, куә, мәрмәр, зәмзәм, іңкәр.
- Біріккен сөздің екінші сыңарында **Ә** әрпі жазылады: Асанәлі, Әбдінәбі, Шәкәрім, Көкнәр.
- Қос сөздердің екінші сыңарында **Ә** әрпі жазылады: тәлім-тәрбие, гүл-бәйшешек, дәрі-дәрмек, оқу-тәрбие.

О, Ө әріптерінің емлесі.

О - жуан, ашық, еріндік дыбыстық әрпі, байырғы сөздерде сөздің алғашқы буынында жазылады: Озат, ойпат, оқырман.

Ескерту:

- Орыс тілінен кірген сөздерде барлық буында **О** әрпі жазыла береді. *Мысалы:* геолог, кино.
- Қос сөздердің екінші сыңарында жазылады. *Мысалы:* ойын-той, зорлық-зомбылық, қонақ-қопсы.
- Біріккен сөздің соңғы сыңарында **О** әрпі байырғы сөзде де жазылады: желтоқсан, кемпірқосақ, қараторғай.
- -қор, -қой жұрнағы жалғанған сөзде **О** әрпі сөздің соңында жазылады. *Мысалы:* Пайдақор, парақор, сәнқой, әуесқой.
- Текте (фамилияда) **О** әрпі соңғы буындарда жазылады. *Мысалы:* Асқаров

Ө - жіңішке, ашық, еріндік дауысты дыбыстық әріп. Сөздің алғашқы буынында жазылады, соңғы буында жазылмайды. *Мысалы:* өрнек, өлім, көктем. Бұл әріп те, ол белгілейтін дыбыс та орыс тілінде жоқ.

Ескерту:

- Біріккен сөздің екінші сыңарында **Ө** әрпі жазылады. *Мысалы:* көркемөнер, көкөніс.
- Қос сөздің екінші сыңарында **Ө** әрпі жазылады. *Мысалы:* көпе-көрнеу, көл-көсір.

Ұ әріпінің емлесі.

Ұ – жуан, қысаң, еріндік дауысты дыбыстың әрпі. Ұ әрпі сөзде орын талғайды, ол сөздің алғашқы буынында жазылады. *Мысалы:* тұлпар, ұжым, ұстаз.

Бұл әріпте, әріп белгілейтін дыбыс та орыс тілінде жоқ.

Ескерту:

- Біріккен сөзде кейінгі буындарда қолданылады. *Мысалы:* Айнабұлақ, мансапқұмар, алақұрт.
- Қос сөздің екінші сыңарында жазылады. *Мысалы:* жан-құты, ала-құла, жарқ-жұрқ, жалт-жұлт.
- Басқа тілдерден кірген сөздерде. *Мысалы:* мақұл, бұлбұл, башқұрт.

Ү әріпнің емлесі.

Ү – жіңішке, қысаң, еріндік дауысты дыбыстың әрпі. Ү әрпі жіңішке сөздің алғашқы буынында жазылады. *Мысалы:* үшбұрыш, үрпек, сүйіп.

Бұл әріп те, ол белгілейтін дыбыста орыс тілінде жоқ.

Ескерту:

- Санаулы сөздерде Ү әрпі кейінгі буындарда жазылады. *Мысалы:* дүлдүл, мәжбүр, мәңгүрт.
- Біріккен сөздің соңғы сыңарында Ү әрпі жазылады. *Мысалы:* күздігүні, еңбеккүні, оңтүстік.
- Қос сөздің екінші сыңарында жазылады. *Мысалы:* күні-түні, күндіз-түні, ойын-күлкі.

Ы, І әріптерінің емлесі.

Ы, І – жуан және жіңішке, қысаң, езулік дыбыстардың әріптері. Бұл әріптер сөзде орын талғамайды, сөздің барлық буынында жазыла береді. *Мысалы:* ізгілікті, ынтымақты.

І әрпі және ол белгілейтін дыбыста орыс тілінде жоқ.

1. Сөздің құрамында ы, і әріптерінің жазылмайтын жағдайлары бар. Олар:

- ✓ Сөз **р** дыбысынан басталып одан соң **а, ә, е, и, у, ұ** әріптері және **л** дыбысынан басталып, одан соң **а, ә, е, о, и, ұ, ү, ы** әріптері келгенде, сөз басындағы **р, л** әріптерінің алдынан **ы, і** әріптері жазылмайды. *Мысалы:* разы, рай, рахат, рәсім, рәсуа, реніш, риза, ризық, рулы, рұқсат, лазым, лайсаң, ләззат, лезде, лепір, лүпіл.
- ✓ Сөзде **Ы, І** әріптері **я, ю** әріптерінің алдынан жазылмайды. *Мысалы:* қия, мия, қиямет, қию, жию, биязы, биялай.

2. Сөздің құрамындағы ы, і, дыбыстары жазуда түсіп қалып, жазылмайтын жерлері:

- ✓ Етістік **ы,і** дыбыстарына аяқталып, оған тұйық етістіктің **у** жұрнағы қосылғанда **ы,і** әріптері жазылмай түсіп қалады. *Мысалы:* тоқы+у=тоқу, оқы+у=оқу.
- ✓ Сөздің соңғы буындағы **ы,і** әріптері оған дауыстыдан басталатын қосымша мағына өзгермейтін сөздерде түсіп қалады, жазылмайды. *Мысалы:* халық-халқы, мүлік-мүлкі, ерік-еркі.

Ескерту:

- Соңғы буындағы **Ы,І** әріптері жазылатын сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанған **Ы,І** әріптері түспей жазылады. *Мысалы:* қорық-қорығы, көрік-көрігі, қылық-қылығы.
- ✓ Етістіктің **Ы,І** дыбыстарына аяқталып, оларға көсемшенің **–й** жұрнағы жалғанғанда, сөз соңындағы **Ы,І** әріптері мен көсемшенің **–**

й жұрнағының орнына **и** әрпі жазылады. Мысалы: оқы+й+ды=оқиды, тоқи+й+ды=тоқиды.

- ✓ Етістік иі әріптеріне аяқталып, оларға көсемшенің –й жұрнағы жалғанғанда сондағы і+и әріптерінің орнына **и** әрпі жазылады. Мысалы: байы+й+ды= байиды, кейі+й+ді= кейиді.
- ✓ Сөзге **ы, і** әріптерінің қосылып жазылуы: орыс тілінен кірген сөздер мына дауыссыз әріптерінің: нк, нг, ск, нд, кт, рв, жб, жк, дж, пт, рзь, нкт дыбыстардың тіркесіне аяқталғанда, оларға дауыссыздан басталатын қосымшаның алдынан **ы, і** әріптері қосылып жазылып факт + **і** +ні, шланг+**і**+ні, фонд+**ы**+ны, пункт+**і**+нен, резерв+**і**+н, ромб+**ы**+да.

И әріпнің емлесі.

И- қысаң, езулік, дыбысты әріп. Ол жазуда –ый, -ін дыбыстарының тіркесінде белгілейді: быйыл-биыл, кийім-киім, киіз-киіз. Соңынан **И** әрпі жуан сөзде де, жіңішке сөзде де жазылады. Орыс тілінен кірген сөздерде **И** әрпі жалаң дыбысты белгілейді. *Мысалы:* кино.

Ескерту:

- Бұл ережеге бағынбай жазылатын сөздер **сый, тый** және олардан жасалған туынды сөздер: **сыйла, сыйластық, тыйым, сыйлық, сыйымды, тыйымсыздық.**

У әріпнің емлесі.

У – дауысты және дауыссыз болады. **У** әрпін де таңбалайды, жуан сөзде де жіңішке сөзде де жазылады.

У әрпі дауыссыз дыбыстың әрпінен кейінен жазылғанда ол дауысты дыбыстың әрпі болып, буын құрайды. *Мысалы:* қу-лық, су-лық.

У әрпі дауысты дыбыстың әрпінен кейін жазылғанда, ол дауыссыз дыбыстың әрпі болып табылады. *Мысалы:* тау, жау.

Етістіктің **У** дыбыстарына аяқталып, оған тұйық етістіктің – **У** қосымшасы жалғанса, етістік қос **У** әрпімен жазылады. Мысалы: сау+у=сауу, бу+у=буу, жу+у=жуу, қу+у=қуу.

Э, Ё, Ю, Я әріптерінің емлесі.

Э, Ё әріптері орыс тілінен кірген сөздерде орыс тілі арқылы шет ел тілінен кірген сөздерде жазылады. Мысалы: экскурсия, эстрада, вахтёр.

Ю әрпі қосынды й+у дыбыстарын таңбалайды.

- ✓ Байырғы сөздерде қолданылады. *Мысалы:* аю, баю, қою, қию.
- ✓ Орыс тілінен кірген сөздерде Ю әрпі жазылады. Мысалы: глюкоза (акуыз), бюджет.

Я әрпі й+а дыбысының тіркесін таңбалайды.

- ✓ Қазақ тілінің байырғы сөздерінде Я әрпі жазылады. *Мысалы:* таяқ, қоян, аяқ, тұяқ, саяси.
- ✓ Орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден кірген сөздерде Я әрпі жазылады. Мысалы: география, ядро.

ФОНЕТИКА. Дауысты дыбыс әріптерінің емлесіне арналған тапсырмалар:

ТАПСЫРМА: Тапсырманы оқып, онда **А, Ә** әріптерінің сөзде қандай орында қолданылғанын айтыңыз.

Адамға бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі.

(Әл-Фараби)

ТАПСЫРМА: Сөйлемдерді оқып, онда **ә** әрпінің сөзде қандай орнында қолданылғанын көрсетіңіз, себебін айтыңыз.

Қой десе, сірә қойдың ба?... Куәлік бүгін тыңдалмақшы емес. Ол ертеңге қалып отыр.

(М.Әуезов)

ТАПСЫРМА: Орфографиялық сөздіктен соңғы сыңарында **ә** жазылатын 10 біріккен және қос сөздің теріп, олармен сөйлем құрап жазыңыз.

ТАПСЫРМА: Тапсырманы көшіріп, ондағы **Ө** әрпінің астын сызып, сөзде қандай орында қолданылғанын көңіл бөліңіз, **Ө** әрпінің сөзде қолдануындағы ерекшеліктерін көрсетіңіз.

Гүлденіп тарих, көркейіп өмір, дәурен жаңғырған заманда сан алуан салт та жаңарады. Өнер-білім тауып өскен елдің салтына да өнер-білім үлгісі, өнергі кіреді.

(М.Әуезов)

ТАПСЫРМА: Сөйлемдердегі сөздерде **о, ө** әріптерінің қай буында қолданылғанын айтып, оған қатысты емленің ережесін айтыңыз.

... Жамал мен Олжабек қосылғалы он шақты жыл өтеді, бір-бірінің ой қалтарысын ақтарып жеткен жоқ еді. Ол Жабектің іздеген елі қай жерде екенін ойлап-ойлап таба алмады. Олпы-солпысыз, теп-тегіс бір жол қалмады. Анда-санда қамшысын үйіріп, шарт еткізіп қояды. Алдарындағы биік жонға ерлі-зайыпты екеуі осындай жансыз қағысумен жетті. Жел айдаған қаңбақтай жөн-жосықсыз кеше біреге жолыққан Жамбылдың көзіне ештеме түспеді...

(Ғ. Мұстафин)

ТАПСЫРМА: Құрамында **ү** әрпімен жазылған 12 сөзі бар мәтінді көркем шығармадан алып, сол туралы өз сөзіңізбен мазмұндама жасаңыз.

ТАПСЫРМА: Сөйлемдерді көшіріп жазып, ондағы **ү** әрпінің емлесін түсіндіріңіз.

Дәркембай Абай тапсырған жұмысты дұрыс түсінген еді. Құнанбай аға сұлтан болды да, өзгелерінің қатарынан озғындап кетті.

(М. Әуезов)

ТАПСЫРМА: Екінші сыңары **ү** әрпімен жазылған сөзден тұратын 10 біріккен және қос сөзі бар сөйлем жазыңыз.

ТАПСЫРМА: Төмендегі сөздердегі көн нүктенің орнына **ы, і** әріптері қажет болса, жазып, қажет болмаса, жазбай көшіреміз.

Иық, ... рай, ...рақым, ...лүпіл, ...рғақ, ...ркіліс, ...рге, ...ркіт, ...лу, ...рық, ...лгіш, ...лесу, ...рымшыл, ...лмек, ...рімшік, ...зғарлы, ...қтияр.

ТАПСЫРМА: мақал-мәтел жазып, олармен сөйлем құраңыз.

ТАПСЫРМА: Берілген сөздермен сөйлем құрап жазыңыз.

Кимешек, киімшең, киіздей, киіктей, киіндір, киіп кету.

ТАПСЫРМА: Төмендегі сөздерде *у* әрпінің қай жерде дауысты дыбыстың, қай жерде дауыссыз дыбыстың әрпі екендігін анықтаңыз, ы, і әріптерінің емлесін еске түсіріңіз.

Сусын, судырату, суыртпақ, улану, улы, дуалы, булау, суат, үгілу, өнертану, думан, уәде, уақ, уыс, куәлік, жөнелу, уәкіл, уылдырық.

ТАПСЫРМА: *У* әрпінің дауыссыз дыбыс әрпін белгілеуіне сай сөздері бар мақал-мәтелдерді теріп жазып, олардың мәнін түсіндіріңіз.

ТАПСЫРМА: *Э, е* әріптерінің қандай сөзде қолданылғанын айтыңыз.

– Ұзақ сөйледіңіз – деді Эйнштейн. Ян Эрнестович келді...

– Иә, иә, мен Яноил! –деп, Тұрар телефонмен айқайлап жатыр.

— Мемлекет пен экономика жұмыстарын басқаратын адамдар ол жұмыстың мазмұнына жетік емес көрінеді. Моңғолия шын мәнінде халық республикасы болды.

– Ш. Э. Әлиева менің пікірімді қолдады. Тұрар өлкелік Мұсылман бюросының мәжілісінде сөз болған мәселелерді айтып берді.

(Т. Нұртазин)

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

Мәтін

Қазақ тілі – мемлекет тілі

Біздің ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы сөйлеп келе жатқан тілі – қазақ тілі. Ол – ұлтымыздың ана тілі. Ана тіліміз, әсіресе Кеңес дәуірінде талай-талай қыспаққа түсіп, шетқақпай күн кешті.

Еліміз егемендік алғалы бері халқымыз тіл мәселесіне ерекше көңіл бөліп келеді. "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" заң қабылданды.

Қазақ тіліне **мемлекеттік тіл** мәртебесі берілді. Бұл еліміздің Ата заңы арқылы бекітілді.

Сөйтіп, іс қағаздары қазақ тілінде жүре бастады.

Сондықтан да елімізде қазақ тілінің мәртебесін одан сайын көтере түсу жөніндегі жұмыстар үздіксіз жүргізіліп келеді.

Қазақ тілі барынша дамыған және ең бай да әуезді тілдердің қатарына жатады. Сондықтан-ақ ана тіліміз мемлекетаралық қатынас құралына айналып, дүниежүзілік мінберлерде әлемдік проблемаларды талқылау үшін атсалысатын ықпалды тілдер қатарына қосылатын бақытты күндер де алыс емес.

Біз туған еліміздің, ата-бабамыздың, әкеміз бен анамыздың тілі – қазақ тілін қастерлейміз, сүйеміз, мақтан етеміз.

Жарылқасын Нұсқабайұлы

1. Тапсырма

1. Қазақ тілі қандай тіл?
2. Ана тіл қай кезде қыспаққа түсті?
3. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе қашан берілді?
4. Қазақ тілі барынша дамыған және ең тілдердің қатарына жатады.
А) бай да әуезді
Ә) сазды, сәнді
Б) мағыналы бай
В) толымды, тақырыпқа бай
5. Тіл мәртебесін көтеру үшін қандай әрекетке барар едіңіз.

2. Тапсырма

Сұраққа жауап

1. Жуан дауыстылар қалай жасалады?
2. Жіңішке дауыстылардың жасалу жолы
3. Еріндік және езулік дауыстыларға тән ерекшеліктер

3. Тапсырма

Жаттығулар:

Тілден қымбат қазына жоқ

- Мәтіннен «асыл мұра», «қымбат қазына», «абзал қария» тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіз.

Өте ертеде бір қадірлі шешен қария келте дүниеден көз жұмарында қасына ұлын шақырып алып:

– Балам, мен ұзамай дүние салам. Әкем қазына қалдырмады деп қамықпа. Ел ішінде қалдырып бара жатқан асыл мұрам бар. Соны іздеп тап, қадірле, қастерле, – депті.

Мұны естіген бала әке мұрасын іздеймін деп табанынан таусылып ел кезеді, таба алмайды. Ойы он саққа кеткен бала бір күні ел ішіндегі бір абзал қарияға келеді.

– Әкеңнің сөзі рас, балам. Оның саған қалдырған мұрасы – тіл. Ол шешен адам еді ғой... Бәріміз де сөйлеуді сенің әкеңнен үйрендік. Тілден қымбат қазына жоқ, – деп аталы сөздің шешуін айтыпты.

Тапсырма

1. Дауыссыз дыбыстарды айтылу жолы мен жасалу орнына қарай топтап жазыңыз.
2. Ашық буынды сөздердің астын сызыңыз.
3. Төмендегі берілген жұмбақтардың шешуі болатын дыбыстарға сипаттама беріңіз.

Жағада бар, Өнерде бар, Күнде бар,
сайда жоқ. талапта жоқ. айда жоқ.
Тағада бар, Өрмекте бар, Күйде бар,
тайда жоқ. оюда жоқ. әнде жоқ.

4. Тапсырма

Дұрыс нұсқаны белгілеңіз (теориялық тестпен жұмыс)

1. Езулік дауыстылардың саны қанша?

- А) 8
- Б) 6
- С) 10
- Д) 7
- Е) 12

2. Ашық дауыстылар қатарын толықтыр: а, ә, о, ө, е

- А) ұ
- Б) и
- С) ы
- Д) ү
- Е) э

3. Қазақтың төл сөздерінде сөз соңында келмейтін дыбысты белгіле

- А) а
- Б) і
- С) о
- Д) е
- Е) ы

4. Бірыңғай еріндік дауысты қатысқан сөзді тап

- А) барымталасу
- Б) болжалдық
- С) бадыраю
- Д) бұқтыр
- Е) бұлбұл

5. Бірыңғай қысаң дауыстыдан болған сөзді көрсет

- А) іні
- Б) немере
- С) ана
- Д) бала
- Е) шөпшек

6. Ашық пен қысаң дауысты аралас келген сөзді көрсет

- А) ферма
- Б) арба
- С) құндыз
- Д) баста
- Е) инелік

7. Бірыңғай еріндік қатысқан сөзді тап

- А) жусан
- Б) таныс
- С) дала
- Д) мүше
- Е) мотор

8. Езулік дауыстылардың саны қанша?

- А) 8
- Ә) 6
- Б) 10
- В) 7
- Г) 12

9. Дауыстылардың еріннің қатысына қарай бөлінуін белгілеңіз.

- А) Еріндік, езулік.
- Ә) Қатаң, ұяң.
- Б) Ашық, қысаң.
- В) Үнді.
- Г) Жуан, жіңішке.

Қазақ тіліне тән төл дауыссыз дыбыстар

ЫСТАР

Ғ, Қ, Ң, Һ

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто, не выделение цветом

ҚАҒАҢ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

Тек
салдырдан
тұрады

К, Қ, Х,
П, Ф,
С, Т, Ш,
Щ, Ч, Ц,
Һ

(12).

ҮН ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

Үн мен
салдардың
қатысынан
тұрады.
Бірақ үннен
салдыры

Б, В, Г,
Ғ, Д, Ж,
З

(7).

Салдырдан
үні басым.

Й, Л, Р,
М, Н, Ң
(У)

(7).

айтылу
жолына
қарай

шұғыл

б, п, к, г, қ, з, т, д, ч, м, н, ң

ызың

в, ф, с, ш, ж, х, һ, л, й, у

діріл

р

ФОНЕТИКА. Дауыссыз дыбыстарға арналған тапсырмалар:

1-ТАПСЫРМА. Мәтінді мәнерлеп оқып, дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратып, төмендегі кестені толтырыңыз.

... Жамандық екі түрлі: кешірімді жамандық бар, кешірімсіз жамандық бар. кешірімді жамандық тек кемшілік болады да, кешірімсіз жамандық айып болады. Кешірімді жамандық - тек білмегендіктен болатын жамандық. Кешірімсіз жамандық -- тек біле тұра істелетін жамандық. Жамандық адамды кейітеді, қайғыртады, мұңайтады, ренжітеді, кемшілік пен мін адамның күлкисін келтіреді.

(А. Байтұрсынов)

Үнді	Ұяң	Қатаң

2- ТАПСЫРМА. Мәтінді оқып, ат қойыңыз, мазмұнын айтыңыз. Ұяң, қатаң дауыссыз дыбыстардың астың сызыңыз.

... Көкорай шалғынға көміле жатқан екі жолаушы бастарын көтеріп, құлақтарын түре тыңдап қалыпты. Қобыз алғашында "ah" дегендей ащы

үнін бір шығарып, жиырылып қалған жылан жайлап созыла бастағандай үн өресін жая береді. Ол бейнебір айдын көлдің кең алқабында еркін ойнаған құстардың шикылы баяу ескен самал бұйратталған ұсақ толқындардың шылпылындай жай дыбыс созылып, тындаған құлаққа жайлы, көңілді саз туғызады. Жайқалған гүлдей, сайраған бұлбұлдай, кісінеген құлын, маңыраған қозы, шапқылап ойнаған баланың қиқуы сияқты үндер кейде елестеп, кейде бойыңды ауыр жүк басқандай мелшитіп, кейде еріксіз езу тартқызып көңілден қуаныш сезімін туғызғандай болса, кенет шарт етіп жарылып, жай тасы түскендей тындаушыны селт еткізеді.

(Қ. Әбдіқадыров)

Дауыссыз дыбыс әріптерінің қолданылуы

Ң	әріпті сөздің ортасында және соңында ғана жазылады.
Ғ	әріпті сөздің басында және ортасында ғана жазылады.
Ф, ң, ч, щ	әріптері орыс тілінен енген сөздерде жазылады. Мысалы: физика, кафе, борщ, чек, очерк.
Ж, з, к, қ, л, м, н, п, р, с, т, ф, х, ш	әріптері сөздің басында да, ортасында да, соңында да жазылады.
Б, в, ғ, д	әріптері, негізінде сөздің басында, ортасында және орыс тілінен енген сөздердің соңында да жазылады. Мысалы: байқа, хабар, гүл, әдет, вагон, клуб, штаб, педагог.
Щ	әріпті қазақтың байырғы сөздерінен ащы, тұщы деген сөздерде ғана жазылады.
Ф	әріпті араб, парсы тілдерінен енген кейбір жалқы есімдер иен бірен-саран жалпы есімдерде де жазылады. Мысалы: Фатима
Й	әріпті қысаң ы,і дыбыстарынан басқа (тый, сый сөздерін қоспағанда) дауысты дыбысынан кейін

	жазылады. эпі қысаң ы,і дыбыстарынан басқа (тый, сый сөздерін қоспағанда) дауысты дыбысынан кейін жазылады.
Х эпі мынадай орындарда жазылады:	➤ Орыс тілінен енген сөздерде жазылады. Мысалы: химия, хлор, археология.
	➤ Араб, парсы тілдерінен енген кейбір жалпы және жалқы есімдерде жазылады. Мысалы: хал, хат, халық, тарих.
Һ	дыбысы естілген орындарда жазылады. Мысалы: қаһарман, қаһарлы, еһе, гауһар, уһ, аһылады, уһіледі.
Ъ, Ч	таңбалары орыс тілінен енген сөздерде айыру(Ъ) және жіңішкелік (Ч) белгісі ретінде ғана жазылады. Мысалы: съезд, объект, альбом.

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫС ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІНЕ арналған тапсырмалар.

3- тапсырма. Көп нүктенің орнына *h* немесе *x*, *қ* әріптерінің тиістісін қойып көшіріңіз.

Айда.. ар, қа..арман, гау..ар, у...леді, жи...аз, ша...ар, жа...аннам, о...о, ба...адүр, жа...ұт, жи...ангер, жер-жа...ан, мо...-мо..., у..., жау....ар, ба...ар, са...ара, а...лау.

4-тапсырма. *h* әріпін бар сөздердің астын сызып, емлесін түсіндіріңіз.

Сегіз қанат орданың ішіндегі қызылды-жасылды жиһаз жоқ. (Ә. Кекілбаев)

- Әйгілі жиһангер Темірланның айбарлы атына лайықты екен, -- деді ол шеберге (І. Есенберлин).

Күркіреген қаһарлы үн теңіздің толқынындай көтеріледі (Ә. Кекілбаев)

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

Мәтін

АНА ТІЛІ

Ана тілі - бұл атаңның, анаңның тілі, туған халқыңның тілі. Ана тілін біз кішкентай кезімізден әке-шешемізге, әжеміз бен атамызға, айналадағы ересектерге еліктеп жүріп біле бастаймыз. Ананың ақ сүтіндей бойымызға біртіндеп сіңіреміз. Өзіміз өскен сайын халықтан, мектептен, кітаптан, газет-журналдан, радио-теледидар мен кино-театрдан үйреніп, ана тілін тереңірек біле береміз. Ол - біздің өмір бойы өзгелермен ұғынысатын негізгі қатынас құралымыз.

Әр халықтың жер бетінде жасағаннан бергі басынан кешкен өмірі, ерлік істері, аңыз-ертегілері, шығарған өлең-жырлары, жазған кітаптары, табиғат пен қоғам құбылыстары атаулары, көрген-білген жалпы дүние жайындағы ұғымдары, ойы, сезімі - бәрі-бәрі де ана тілінде сақталады, ана тілі арқылы атадан балаға ауысып отырады.

Тіл - бүкіл халықтың игілігі, халықпен бірге жасап, бірге дамиды. Ол әр халықтың жазуы жоқта кітапбы, мектебі жоқта ұстазы болған. Әр азамат өз ойын ана тілінде білдіріп, білімнің жемісін сол тілде таратады, шығармасын ана тілінде жазып қалдырады. Ана тілін аңыздарын, өлең-жыр, дастандарын, мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштарын - естіп, тыңдап, теріп, көп оқудың керек, халықтың өзінен, ұлы ақын-жазушыларымыздың шығармаларынан үйренуің керек.

("Ол не? Бұл кім?" кітабынан)

1.Сөйлемді толықтыр. ... – бұл атаңның, анаңның тілі, туған халқыңның тілі.

- А) туған тілің
- ә) ана тілі
- б) қазақ тілі
- в) өз тілің

2.Ана тілін бойымызға сіңіру жолдарының бірі

- А) БАҚ құралдары
- ә) адамның дене мүшелері
- б) сезім мүшелері
- в) демалыс орындары

3.Сөйлемді толықтыр. Ол – біздің өмір бойы өзгелермен ұғынысатын негізгі ... құралымыз

- А) байланыс
- ә) қатынас
- б) сөйленіс
- в) тілдесім

- Мәтіннен қатар дауыссыздан басталатын сөздерді теріп жазыңыз
- Мәтіннен ұяң және қатаң дауыссыздарға аяқталған сөздерді теріп жазыңыз.
- Мәтіндегі дауыссыз дыбыстан басталған сөздерді кестеге сәйкестендіріп жазыңыз.

қатаң	үнді	ұяң
-------	------	-----

Дұрыс нұсқаны белгілеңіз (теориялық тестпен жұмыс)

1. Үнді дыбыстан басталған сөзді табыңыз.

- A) қалыс
- B) тұяқ
- C) бақай
- D) мұрат
- E) жатын

2. Үндіден басталып қатаңға біткен сөзді табыңыз.

- A) наным
- B) қатаң
- C) жуан
- D) жұмақ
- E) мәрт

3. Салдыр мен үннен тұратын дыбыс қайсы?

- A) Ц
- B) П
- C) И
- D) Ы
- E) Н

4. "У" әрпі қай қатарда дауыссыз болып тұрғанын табыңыз.

- A) бауыр, пәтуа
- B) табу, кебу
- C) бура, қурай
- D) ду, су
- E) тігулі, жазушы

5. Қазақтың төл сөздерінде сөздің соңында келмейтін дыбысты табыңыз.

- A) Й

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

Отформатировано: казахский

Отформатировано: казахский

- В) Р
- С) Д
- Д) С
- Е) П

6. Ұяң дауыссыз дыбыстарды табыңыз.

- А) а, о, ы
- В) б, д, з
- С) н, й, р
- Д) ш, к, т
- Е) я, ю, ь

7. Қай дауыссыз дыбыс қазақтың төл сөздерінде жазылмайды?

- А) Ф
- В) Щ
- С) Џ
- Д) Г
- Е) Ғ

8. Дауыссыздары тек ұяң дыбыстан тұрған сөзді табыңыз.

- А) жалбыз
- В) жазғызды
- С) жазғытұрым
- Д) кигізді
- Е) бәдізші

9. Дауыссыз дыбыстың 3 түрі де кездесетін сөзді табыңыз.

- А) сенім
- В) жақсы
- С) жұма
- Д) кемел
- Е) қоғам

БУЫН. БУЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Буын - сөз құрамындағы бір немесе бірнеше дыбыстардың тобы.

Мысалы: қа-ла-мыз-да, бі-ле-тін-де-рі-міз-дің.

Буынға тән негізгі белгілер:

- Буын болу үшін оның құрамында дауысты дыбыс болу керек және оның саны бір буында біреуден артық болмауы тиіс. Сонда сөздің құрамында қанша дауысты болса, сонша буын болады.
- Буында мағына болмайды.

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

- Қазақ тіліндегі байырғы сөздер бірыңғай не *жуан* буынды, немесе *жіңішке* буынды болып келеді. Қазақ тілінде жуан және жіңішке буынды (аралас буынды) орыс және өзге тілдерден енген сөздер кездеседі.
- Қазақ тілінің байырғы сөздері, буындары қос (екі) дауыссыздан басталмайды. Орыс тілінен енген біраз сөздің біздің тілімізде жазылуы соның айғағы: бөрене (бревно), кереует (кровать), үстел (стол), тіпті үш дауыссыздан да бастала береді: стиль, спорт, студент, стратегия т.б.
- Бас (бірінші) буын болмаса, қалған буындар дауыстыдан басталмайды

БУЫН түрлері		
<u>Ашық буын</u> <i>ABA</i> <i>BA</i>	<u>Тұйық буын</u> <i>AB</i>	<u>Бітеу буын</u> <i>BAB, BABB</i>
Дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа аяқталады және тек дауысты дыбыстан тұрады.	Дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталады.	Дауыссыз дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталады.
<i>а-ға, ба-ла, ша-на-ны.</i>	<i>ат, ант, әдеби-ет</i>	<i>бал, тарс, мектеп, грамм</i>

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

Қосымша мәлімет

№	емле	Мысал
1	Буынға бөлінгенде, сөз ішіндегі "у,й, ң" дауыссыз дыбыстары келесі буынның бірінші дыбысы болады	Қа-уын, қа-йық, қо-ңыр
2	Қатар тұрған 3 дауыссыз дыбыс буынға бөлінгенде, алғашқы екеуі бірінші буында қалады, ал үшінші дауыссыз дыбыс келесі буынға кетеді.	Құмырс -қа, жұмырт-қа

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

ФОНЕТИКА. БУЫН. Буын түрлеріне арналған тапсырмалар

ТАПСЫРМА. Шешендік сөздерді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыз.

Әр сөзді буын түрлеріне талдаңыз.

КӨБЕЙ ШЕШЕН СӨЗДЕРІ

Тау белгісі тас болар,

Май белгісі ас болар

Алған жарын жаман болса,

Тазалық жоқ нас болар

Алған жарын жақсы болса,

Қартайғанша жас болар
Зер ұстаған зердің жайын біледі,
Жақсы басшы елдің жайын біледі.
Басынан көп өмірдің өткізген жан,
Қайғы менен шердің жайын белді.

2- ТАПСЫРМА. *1 буынды төрт дыбыстан тұратын 10 сөз жазыңыз, ол сөздермен сөз тіркесін жасап, сөйлем құраңыз.*

3- ТАПСЫРМА. *Мәтіннен жуан дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек, жіңішке дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек жазып, буын түрлерін ажыратыңыздар.*

Ертістің үлкен суына қарай үңілген еңіс, құлай берісте пар ат жеккен трашпенке зырлап келеді. Ұзақ күнгі жүрістен талмаған екі жарау баран ат шоқыта шабады. Бұл жүргіншілер осы бетімен ағындап барып, Ертіс суына түсіп кетердей. Бірақ, жотадан сондай жақын көрінген Ертіс онша тақау емес екен. Жаңағы кезеңнен соң да сәл жайылатын алаң бар боп шықты. Сол алаңда аттардың желігі басылып, жай бүлікке ауысты.

(М. Әуезов)

4-ТАПСЫРМА. *Сөйлемдерді буынға бөліп әрі буын түрлеріне ажыратып жазыңыз.*

Ақшоқыда күзден бері жазу соңында болған. Мағаш Африкада Ніл дария бойындағы бір үлкен істі жыр етіпті. Әйгерім мен Баймағамбетке ол да өзі білетін құпия бір жайын ең алғаш баян етті.

(М. Әуезов)

1. Қазақ тілінде буынның қанша түрі бар екенін белгілеңіз.

- А) 4
- Ә) 5
- Б) 3
- В) 6
- Г) 2

2. Буын түрлерін атаңыз.

- А) ашық, қысаң, бітеу
- Ә) тұйық, ашық, қысаң
- Б) ашық, бітеу, еріндік
- В) ашық, тұйық, бітеу
- Г) тұйық, ашық, езулік

3. Ашық буынды сөзді көрсетіңіз.

- А) жазбаша
- Ә) мәжіліс
- Б) таңырқай
- В) жеткіншек

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

Г) балаша

4. Бірыңғай ашық буынды сөзді көрсетіңіз.

А) ережелері

Ә) сырғалым

Б) қарапайым

В) бүлдірген

Г) бұлыңғыр

5. Бірыңғай ашық буынды сөзі бар тіркесті көрсетіңіз.

А) жадыраңқы көңіл

Ә) оқыған жігіт

Б) ана тілі - азығы

В) адастырмас қазығы

Г) Мақтым Шәбжантай

6. Ашық буынды сөзді көрсетіңіз.

А) ақпараттар ағыны

Ә) таза айна

Б) кешкі самал

В) терең сана

Г) екі жердегі екі-төрт

7. Бітеу буынды көрсетіңіз.

А) от

Ә) ас

Б) ажар

В) қарт

Г) самал

8. Бірыңғай буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды көрсетіңіз.

А) лар, лер, мен, ға

Ә) ға, ге, ты, ны, ні

Б) тан, тен, дың, дің

В) нан, нен, да, де, нда

Г) кеш, хана, паз, гер, күнем

9. Бір буынды тұйық буынды көрсетіңіз.

А) тарс

Ә) бұлт

Б) қайыс

В) жол

Г) от

10. Ашық буынды сөздер қатарын көрсетіңіз.

А) Зылиха, нағашы, апа

Ә) ор, оз, соз

Б) көз, көлшік

В) ық, ұқ, соқ

Г) бүршік, жапырақ

11. Бірыңғай бітеу буынды сөзді көрсетіңіз.

- А) Темірбек
- Ә) Зылиха
- Б) Рахым
- В) Оралкүл
- Г) Нұрсұлтан

12. Бірыңғай ашық буынды сөйлемді табыңыз.

- А) Әлия - бала дәрігері.
- Ә) Дүкенде кітап көп.
- Б) Қуанышым қойныма сыймады.
- В) Аттар жайылып жүр.
- Г) Балапандардың қанаттары қатайды.

13. Бірыңғай бітеу буынды сөзді табыңыз.

- А) Мақсат мектептен кеткен жоқ.
- Ә) Қант қызылшасын өсіреді.
- Б) Аялдамада кісі көп.
- В) Көзілдіріксіз кітап оқу
- Г) Рұқанай құлпынай теріп жүр

14. Бітеу буынды сөзді көрсетіңіз.

- А) ауру, емдеу
- Ә) әрқашан, азсын
- Б) дерт, сау
- В) бұрын, шапшаң
- Г) сырқат, арзан

15. Төртінші буын тұйық буыннан болған сөзді табыңыз.

- А) босағаны
- Ә) өртенуге
- Б) тұңғиықта
- В) әдебиетші
- Г) мәдениет

16. Төрт буыннан тұратын сөзді табыңыз.

- А) алаша
- Ә) қызметкер
- Б) төбешік
- В) егіншілік
- Г) орталық

17. Екінші буыны тұйық буыннан басталған сөзді табыңыз.

- А) киік, тиын
- Ә) шағала, бетеге
- Б) баспана

В) бұлбұл

Г) ант

18. Бітеу буынды сөзді көрсетіңіз.

А) ас

Ә) Ажар

Б) қарт

В) Сабыр

Г) сана

19. Бітеу буынды көрсетіңіз.

А) шыншыл қызметкер

Ә) мейірімді бала

Б) көршіммен әңгіме

В) күміс қасық

Г) тасымалдауға болатын

20. Тұйық буынды сөзді анықтаңыз.

А) қиянат қылма

Ә) ант ет

Б) тіс жармады

В) мырс етті

Г) шоқ гүл

ТАСЫМАЛ

Тасымал жазып келе жатқанда, сөз жолға сыймай қалса, тұтас бір я бірнеше буынды екінші жолға көшіруді тасымал дейді. Сөздің соңғы буындары дефис (-) арқылы төмендегі тәртіп бойынша тасымалданады.

1. Екі я одан көп буынды сөздер буын жігімен тасымалданады. Мысалы: Рес-пуб-ли-ка-мыз-да, құр-мет-ті, әке-лік т. б.

2. Бір ғана дауысты дыбыстан тұратын буынды жол соңына қалдыруға да, жаңа жолға тасымалдауға да болмайды. Мысалы: өзі-міз-ге (ө-зімізге емес), ара (а-ра емес), аю (а-ю емес) т. б

3. Екі дауысты дыбыстың ортасында й, у дауыссыз дыбыстары бар сөздерді буынға бөлгенде, бұл дыбыстар келесі буынның басында келеді және солай тасымалданады. Мысалы: жа-уап, (жау-ап емес), қа-йың (қай-ың емес), са-уын (сау-ын емес), ке-йін (кей-ін емес) т. б.

ЕМЛЕ	1	Бір дауысты дыбыстан тұратын буынды жолда қалдыруға немесе келесі жолға тасымалдауға болмайды.	МЫСАЛ	<i>а-та, әули-е</i>
	2	Бір буынды сөз тасымалданбайды.		<i>қант, штамп</i>
	3	Қысқарған өлшем бірлігін (<i>см</i>) өзі тіркескен саннан (<i>15</i>) бөліп тасымалдауға болмайды.		15см 20кг
	4	Қысқарған сөз тасымалданбайды.		ҚазҰУ, ҚазМҰУ
	5	"М.О. Әуезов" болып қысқартылып жазылған кісі атын (М.О.) оның тегін (Әуезов) бөліп тасымалдауға болмайды.		

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

ФОНЕТИКА. тасымалға арналған тапсырмалар:

1- ТАПСЫРМА. Мәтінді оқып, республикамыздың туындағы символдық мазмұның айтыңыз. Тасымалданбайтын сөздерді теріп жазыңыз.

Зеңгір көк аспанды тәңіріне, нұр шапағын шашқан алтын күнді өмір тіршілігіне, қалықтай ұшқан қыран құсты асқақ арманына байлайтын қазақ халқының тәуелсіз мемлекеттің жаңа жалауы зеңгір көк түстес. Жалау түсінің мағынасы өте терең. Мұнда біздің ашық аспанды, яғни бейбіт күнді айшықтайтын кіршіксіз көңіліміз бар, көкті тәңір тұтқан ата-бабаларымыздың арман-аңсары бар. Алтын күн, аспан аясында баяу қалықтаған қиял бүрікті қазақтың дарқан да ақ көңілін ту бетіне түсіріп, шырқау биікке алып шыққандай.

("Егеменді Қазақстан" газетінен)

1. Буынға дұрыс бөлініп тұрған сөзді табыңыз.

А) Ба-сп-а-сөзд-ен.

В) А-лыс-тан.

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

- С) Ша-ппа-шот.
- Д) Нег-а-т-ив.
- Е) Ал-ыс-тан.

2. Тасымалдауға келмейтін қатарды көрсетіңіз.

- А) жаңа
- В) дәулет
- С) жастық
- Д) ара
- Е) бағала

3. Дұрыс тасымалданған сөзді көрсетіңіз.

- А) О-юлы.
- В) Үміт-сіз.
- С) 25-кг.
- Д) Кітаб-ымыз.
- Е) Қазақс-тан.

4. Тасымалданбайтын сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.

- А) Мұқанның жасы қырық бестерге келген.
- В) Осы адам үш жүз түрлі шөп жинады.
- С) Дүниеде түрлі-түрлі адамдар кездеседі.
- Д) Жасыңа, кәріңе саулық берсін.
- Е) Қалаға барып, ескі достарыңа жолықты.

5. Тасымалданбайтын сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.

- А) Басқа тілді үйрену қажет.
- В) Жапан түзде жалғыз қалғандай сезінді.
- С) Адамның ықылас – ниеті жақсы болсын.

6. Тасымалдауға келмейтін қатар.

- А) Ардақ
- В) Жеңіс
- С) 10 см
- Д) Қарағанды
- Е) Семей.

7. Тасымалданбайтын сөз.

- А) Дала.
- В) Туыс.
- С) Сүрт.
- Д) Бағын.

Е) Сүйкімді.

8. Тасымалдауға болмайтын сөзді табыңыз.

- А) қалың
- Ә) заттай
- Б) оқушы
- В) айыппұл
- Г) ана

9. Тасымалдауға болмайтын сөзді табыңыз.

- А) немере
- Ә) жеті
- Б) құрбы
- В) төрт
- Г) басшы

10. Тасымалдауға келетін сөзді көрсетіңіз.

- А) жұрт
- Ә) қарт
- Б) бұлт
- В) грамм
- Г) сына

11. Тасымалдауға келетін сөзді көрсетіңіз.

- А) әке
- Ә) ҚазҰУ
- Б) 15 см
- В) Қ.Ж.Дуанов
- Г) баяғы

12. Дұрыс тасымалданған сөзді табыңыз.

- А) ба-спа-сөз
- Ә) тр-актор
- Б) құм-ырсақ
- В) тасым-ал
- Г) ақ-па-рат

13. Тасымалдауға келмейтін сөзді табыңыз.

- А) микроб
- Ә) студент
- Б) билет
- В) курс
- Г) факультет

14. Тасымалдауға келмейтін сөзді табыңыз.

- А) ұстаз
- Ә) немере
- Б) балапан

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

- В) ұрпағым
- Г) Р. Р. Әбішева

15. Дұрыс тасымалданған сөз қайсы?

- А) бұ-лт-ты
- Ә) жұм-ыртқа
- Б) дә-птер
- В) жа-лтақ
- Г) қа-уын

16. Дұрыс тасымалданған сөз қайсы?

- А) қай-ық
- Ә) қоң-ыр
- Б) ба-сшы
- В) көш-ет
- Г) өн-дір

17. Тасымалдауға болмайтын сөзді табыңыз.

- А) жиюлы
- Ә) хабар
- Б) Ерболат
- В) бөбек
- Г) Ш. К. Бектұров

18. Тасымалданбайтын сөзі бар сөйлемді табыңыз.

- А) Екі жердегі екі-төрт
- Ә) Жаздық егінді оратын уақыт келді
- Б) Баланың ынтасы керек
- В) Тексіз бала болғанша, текке өткенім артық
- Г) Қыстың ортасында көшіп кетті

19. Тасымалданатын сөзді табыңыз.

- А) М. Қ. Жақыпбеков
- Ә) 25 см
- Б) ТМД
- В) әулие
- Г) қарт

20. Дұрыс тасымалданған сөзді табыңыз.

- А) Ан-ар
- Ә) Сәд-уа-қас
- Б) Да-ст-ан
- В) Лұ-қп-ан
- Г) Рау-шан

ЕКПІН

Екпін -- сөздің айтылған кездегі белгілі бір буынының ерекше көтеріңкі дауыспен айтылуы.

Қазақ тілінде екпін тұрақты, көбіне соңғы буындармен байлаулы болады. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі екпін сөз мағынасын айқындап, саралап, дәлелдеп тұрады. Сөзге қосымша жалғанғанда, екпін қосымшаға, яғни соңғы буынға ауысып отырады. Мысалы: еңбек, еңбекші, еңбекшілер, еңбекшілерді.

Екпін түспейтін сөздер мен қосымшалар:

- ✓ Көмекші сөздерге екпін түспейді: -ғой, -шейін, -соң, - арқылы, - туралы т.б.
- ✓ Жіктік жалғауына екпін түспейді: оқушымын, барамыз т.б.
- ✓ Болымсыз етістіктің жұрнағына: (-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе) екпін түспейді: айтпа, барма, келме т.б.

Екпіннің түрлері

Сөз екпіні	Сөздегі бір буынның көтеріңкі дауыспен айтылуы	Ой екпіні	Сөйлемдегі бір сөздің көтеріңкі айтылуы	Дыбыс екпіні	Сөздегі бір дыбыстың көтеріңкі айтылуы	Тіркес екпіні	Сөйлемдегі күрделі сөздің бір ғана екпінге ие болуы
	Еңбек, Еңбекші, Еңбекшілер (Сөз екпіні үнемі соңғы буынға түседі.)		<i>Мыс.:</i> Бүгін әкем қалаға кетті. Әкем қалаға бүгін кетті. Бүгін қалаға әкем кетті.		Бә-ә-рекелді, жара-ай-сың		қыпша бел тез жазды

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ

Қазақ тілінде сөздердің, сөз бен қосымшаның бір-бірімен дыбысталуы жағынан үндесе қолданылуы тілдегі негізгі заңдылықтарға жатады.

БУЫН ҮНДЕСТІГІ

/сингармонизм/

Буын үндестігі – түбір сөздің соңғы буынының жуан не жіңішке болуына қарай қосымшаның да жуан не жіңішке түрде жалғануы. Мысалы, бала+лар, үйрек+ті, құдірет+ті, кітап+қа, т.б. Буын құрауға негіз болатын дауысты дыбыстар болғандықтан, буын үндестігі дауысты дыбыстар арқылы орындалады. Буын үндестігі сингармонизм деп те аталады. Сингармонизм – грек тілінен енген термин. Суп «бірге» және harmoni «байланысу», «үндесу» деген мағынаны білдіреді.

Ескерту:

1) Кейбір қосымшалардың жуан- жіңішке нұсқасы болмағандықтан сөзге буын үндестігіне бағынбай жалғанады. Қазақ тілінде буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар да кездеседі. Олар:

-мен, -бен, -пен – баламен, жұлдызбен, жолдаспен;

-қор, -паз, -қой – еңбекқор, өнерпаз, әуесқой;

-тал, -дар, -тай – өсімтал, кіріптар, шешетай;

-хана – емхана, дәріхана;

-нікі, -дікі, -тікі – Майранікі, атамдікі,

Мақсаттікі;

-кер, -гер, -кеш – айтыскер, қаламгер, арбакеш;

-кес, -күнем – даукес, пайдакүнем;

-ов(а), -ев(а), -ин(а) – Әуезов(а), Серікбаев(а),

Майлин(а);

бей – бейтарап, бейуақыт, бейтаныс.

Қазақ тілінде буын үндестігіне бағынбай жасалатын күрделі сөздер де бар. Мысалы, қос сөздер: салт-дәстүр, некен-саяқ, азық-түлік, қыз-келіншек, көрші-қолаң, аумалы-төкпелі, аға-іні, т.б.;

біріккен сөздер: Есекқырған, Екібастұз, түйетабан, Алтынемел, көкқутан, итмұрын, егеуқұйрық, ақсүйек, Аягөз, т.б.;

тіркес сөздер: келе жатыр, жақын жер, самал жел, жетпіс тоғыз, алтыншы үй, талдырмаш денелі, т.б.

ДЫБЫС ҮНДЕСТІГІ

/ассимиляция/

Түбір мен қосымшаның, сөз бен сөздің арасындағы дауысты дыбыстардың бір-біріне әсер етуі дыбыс үндестігі деп аталады. Дыбыс үндестігі дауыссыз дыбыстар арасында орындалады. Дыбыс үндестігі ассимиляция деп те аталады. Ассимиляция – латын тілінің assimilato «ұқсату» деген мағынаны білдіретін сөзінен шыққан термин.

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Ілгерінді ықпал

Кейінді ықпал

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Тоғыспалы ықпал.

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Дыбыс үндестігі

Дыбыс үндестігі үшке бөлінеді:

- 1) ілгерінді ықпал;
- 2) кейінді ықпал;
- 3) тоғыспалы ықпал.

Ілгерінді ықпал – қатар тұрған екі дауыссыз дыбыстың алдыңғысының соңғысына ықпал етуі.

Ілгерінді ықпал заңдылықтары:

1. Сөздің соңғы дыбысы **қатаң** болса, оған жалғанатын дауыссыз дыбыстан басталатын қосымша да қатаңнан дауыссыздан басталады. Мысалы, тасты-тасқа, көппен, шашқа, т.б.
2. Сөздің соңғы дыбысы **ұяң** болса, жалғанатын қосымша да ұяңнан басталады. Мысалы, жұлдызға, сөзбен, т.б.
3. Сөздің соңғы дыбысы дауысты не үнді болса, жалғанатын қосымша не ұяңнан, не үндіден басталады. Мысалы, шағалалар, шағаланы; егінмен, егінді, т.б.
4. Сөздің соңғы дыбысы **ш** болып, қосымша **с** дыбысынан басталса, түбірдегі **с** дыбысы **ш** болып айтылады. Мысалы, көшсін – көшшін, ұшса – ұшша, т.б.
5. Сөздің соңы дауысты, үнді, ұяң дыбыстарға бітсе, екінші сөздің басындағы қатаң **к, қ** дыбыстары ұяң **г, ғ** болып айтылады: Меңдікыз – Меңдіғыз, қара қой – қара ғой, Байкөкше – Байғөкше, бозкөде – бозғөде, Тұрарқожа – Тұрарғожа, жай қалмау – жай ғалмау, Байқоңыр – Байғоңыр, т.б.
6. Сөздің алғашқы сыңарындағы қатаң дауыссыздардың ықпалынан екінші сыңардағы ұяң дауыссыздар айтуда қатаң болып айтылады: Тұратбек – Тұратпек, Жолдасбай – Жолдаспай, Сәтбай – Сәтпай, т. б.

Кейінді ықпал заңдылықтары:

1. Қатаң **к, қ, п** дыбыстарына біткен сөздерге дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда, түбірдегі қатаң дауыссыз дыбыс ұяң дауыссыз дыбысқа айналады: Мысалы, тілек+і – тілегі, құлақ+ы – құлағы, соқ+у – соғу, доп+ы – добы, сеп+е+ді – себеді, т. б.
2. **Н** дыбысына біткен сөзге **б** және **п** дыбысынан басталған қосымша жалғанғанда түбірдегі **н** дыбысы **м** болып айтылады. Мысалы, сенбе – сембе, он бес – ом бес, сәрсенбі – сәрсембі, Жанпейіс – Жампейіс, т. б.

3. Түбірдің соңғы н дыбысы к, қ, ғ, г дыбыстарының алдынан келгенде **Кейінді ықпал** – қатар тұрған екі дауыссыз дыбыстың соңғысының алдыңғысына ықпал етуі.

айтуда н болып өзгереді. Мысалы, Дүйсенғали – Дүйсеңғали, Сәрсенкүл – Сәрсенкүл, түнгі – түңгі, сәнқой – сәнқой, т. б.

4. Ш дыбысының алдынан келген с және з дыбыстары айтуда ш болып өзгеріп кетеді. Мысалы, құрылысшы – құрылышшы, сөзшең – сөшшең, таныс шығар – таныш шығар, Бозшағыл – Бошшағыл, Тасшайнар – Ташшайнар, т. б.

5. Түбір сөз соңғы з дыбысы кейінгі с дыбысының ықпалынан с болып айтылады. Мысалы, сөзсіз – сөссіз, сазсырнай – сассырнай, жүз сом – жүс сом, жазса – жасса, т. б.

6. Алғашқы сөз з дыбысына бітіп, кейінгі сөз ж дыбысынан басталса, з дыбысы ж болып айтылады. Мысалы, Оразжан – Оражжан, күз-жартас – күж-жартас, көз жазбау – көж жазбау, күз жақын – күж жақын, т. б.

7. Кейбір сөздерде қатар келген екі дауысты дыбыстың соңғысының ықпалынан алдыңғы дауысты дыбыс айтуда түсіп қалады. Мысалы, Сарыөзек – Сарөзек, алтыатар – алтатар, қара ала – қарала, жеті ешкі – жетешкі, шеткі үй – шеткүй, т.б.

Орфография – дұрыс жазамын деген ұғымды білдіретін грек тілінен енген термин. Тілдегі сөздерді дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы.

Орфоэпия – дұрыс айтамын деген ұғымды білдіретін грек тілінен енген термин. Тілдегі сөздерді дұрыс айту туралы ережелер жиынтығы.

ОРФОГРАФИЯ

Тұратбек
Ала қарға
Шашса
Келе қал
Ақбала
Итбалық
Көзсіз
Боз жусан
Тоқ адам
Сары ала
Қара ешкі
Тұрарқожа
Көк ала

ОРФОЭПИЯ

Тұратпек
Ала ғарға
Шашша
Келеғал
Ақпала
Итпалық
Көссіз
Божжусан
Тоғ адам
Сарала
Қарешкі
Тұрарғожа
Көгала

Тоғыспалы ықпал - көрші дыбыстардың ілгері-кейінді қарсы әсері. Бұл сөзбен сөздің арасында кездеседі.

- | | |
|------------------------------|-------|
| 1. Аман келді- Амаң - гелді. | нк-ңг |
| 2. Қан қызыл- қаң ғызыл | нқ-ңғ |
| 3. Мен келдім-мең гелдім | нк-ңг |
| 4. Дос жаран- дошшаран | сж-шш |

ФОНЕТИКА. Үндестік заңы: Буын және дыбыс үндестігі (ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал) арналған тапсырмалар:

1- ТАПСЫРМА. Төмендегі сөздерге қосымшалар қосып, сөз тіркесін жасаңыз, қосымшаның қалай қосылғанын, жуан және жіңішке дауыстылардың сөздерде неге араласып қолданылғанын түсіндіріңіз.

Айыпкер, ақсүйек, ақирет, ақтікен, ақылгөй, алаөкпе, аткөпір, бәлеқор, беймаза, бесжылдық, беташар, бірынғай, діндар, емхана, есепқой, жартыкөш, жарыссөз, жиһанкез, жолсерік, жұпаргүл, көкбазар, ғанибет.

2- ТАПСЫРМА. Сөйлемдерден буын үндестігіне бағынбай жалғанған қосымшалары бар сөздердің астын сызыңыз, буын түрлеріне анықтаңыз.

Шын бүгін Ақшоқыға өздерінің соңғы өнер, табыстарын асығып әкелген өнерпаздар аз емес. Ол жанағыдай жайларда өте намыскер, басынан сөз асыра алмайды (М. Әуезов).

Ел де, жер де бұлардікі. Қылмыскерлер сосын барып көрінеді. Әбілқайырдың бір байқағаны – Жәнібектің қол астындағы ел шетінен сөзуар. Жоқтап бара жатқан жоқтары жетірудікі, жыртып барар жыртыстары – жетірудікі.

(Ә. Кекілбаев)

3- ТАПСЫРМА. Мына өлеңді мәнерлеп оқып, ондағы сөздерді буын үндестігіне қарай талдап, өлеңді жатқа айтыңыз.

"Мен үшін шілдеhana ойламаған,
Ешқашан туған күнім тойланбаған.
Өмірге адам келеді деп ескеріп,

Куәлік алуды да ойланбаған.
Білмеймін, мұның үшін кім кінәлы,
Белгісіз туған күні жүрмін әлі.
Ұмытып күнім түгіл айымды да:
– Көктемде туып едің, – дейді бәрі.
Несіне кінәлаймын бұл халықты,
Кім әсте болар дейсің тура мықты.
Өмірге келгенімді аян етер,
Өзіме өзім жазам куәлікті".

(М. Мақатаев)

4- ТАПСЫРМА. *Сөйлемдерден жазылуы мен айтылуы үйлеспейтін сөздерді табыңыз. Олардың қандай ықпал заңына жататынын анықтаңыз.*

Бір күні атақты бір бай Жаманқара күйшіні шақырып алады. Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда Абай келіп сәлем береді. ... Ет желініп, қымыз ішілгеннен кейін Абай: – Ата, сізден сұрақ сұрауға бола ма? – депті. – Ата, арзан не, қымбат не, даусыз не? – депті Абай. Жанқұтты: – Шырағым, арзан – өтірік, қымбат – шындық, даусыз - - кәрілік емес пе? Жанарыңның оты бар екен – ақындығын шығар, маңдайың жазы екен – ойлылығың шығар, халқыңның қалаулы азаматы бол, – деп батасын беріпті. Балқожа аулынан шыққан Досбол Есіл бойындағы елді аралап жүреді. Бірде өздеріндей ел аралап келе жатқан жанында серіктері бар бір жас жігітке жолығады. Жас жігіт ізеттілік көрсетіп, аттан түсіп, сәлем береді

("Ел аузынан" кітабынан).

Мәтінмен жұмыс

Әуелі – пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен-дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен... Егер кісі орнын таппай, не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын ит қорлықпен өткізіп алады екен-дағы, күнінде өкінген пайда болмайды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен.

1. Адам өмірге келген соңғы әрекеті

- А) әр нәрсеге қызығушылық таныту
- ә) еш нәрсеге қызықпау
- б) өмірінің мәнін іздеу
- в) жаман әдеттерге бой алдыру

2.Сөйлемді толықтыр. Сол нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең уақыты болып ойында қалады.

- А) жақсы
- ә) жаман
- б) қызықты
- в) қызықсыз

3. Тұрақты сөз тіркесін тап. Егер кісі орнын таппай, не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын ит қорлықпен өткізіп алады екен.

- А) не болса сол
- ә) қызық шақ
- б) өмірінің мәнін іздеу
- в) ит қорлықпен өткізу

4. Көсемше тұлғалы етістікті тап

- А) құмарланып сол
- ә) өкінген
- б) алады
- в) қайрат қылу

5.Тәуелдік жалғаулы сөзді тап

- А) мойны
- ә) әдеттерге
- б) босамастай
- в) ит қорлықпен

6. Мәтінге ат қойыңыз.

ДҰРЫС НҰСҚАНЫ БЕЛГІЛЕҢІЗ

1. Дыбыс үндестігі дегеніміз не?

- А) Сөз аралығында соңғы дыбыстың алғашқы дыбысқа әсері
- Ә) Сөз, сөз қосымшаларындағы дауыстылардың бірыңғай келуі
- Б) Көршілес дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ұқсата әсер етуі

- В) Сөздердің дұрыс жазылу принципі
- Г) Сөздердің екпінмен айтылуы

2. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшаны табыңыз.

- А) атын-етін
- Ә) ғалы-гелі
- Б) ғыш-гіш
- В) қан-кен
- Г) кер-кеш

3. Үндестік заңына бағынбайтын сөзді көрсетіңіз.

- А) қалың алабота
- Ә) қара ала қағаз
- Б) қоғамтану сабағы
- В) Қызылорда қаласы
- Г) сүтқоректілер тобы

4. Үндестік заңына бағынбайтын сөзді көрсетіңіз.

- А) таңбалы тас
- Ә) дуанбасы сайлау
- Б) келісімхат жазу
- В) қылқалам шебері
- Г) Алатау ауданы

5. Үндестік заңына бағынбайтын сөзді көрсетіңіз.

- А) Бақты тауы
- Ә) Таскескен көпірі
- Б) мидай дала
- В) таулы аймақ
- Г) Ақшоқы ауылы

6. Үндестік заңына бағынбайтын сөзді көрсетіңіз.

- А) Ақбозат
- Ә) көкжетел
- Б) жолсерік
- В) сазсырнай
- Г) Майбасар

7. Үндестік заңына бағынбайтын сөзді көрсетіңіз.

- А) Орал
- Ә) итмұрын
- Б) Қаратау
- В) қолжазба
- Г) інішек

8. Үндестік заңына бағынбайтын сөзді көрсетіңіз.

- А) Мұсахан
- Ә) ұлы
- Б) Нұржан
- В) ұрпақ

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

Г) еңбекқор

9. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшаны көрсетіңіз.

А) дар, дер

Ә) нікі, тай

Б) ға, ге

В) таң, тен

Г) лар, лер

10. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшаны көрсетіңіз.

А) дан, ден

Ә) ды, ді, ты, ті

Б) мен, бен, пен

В) ғыз, гіз, қ

Г) шыл, шіл,

11. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшалы сөзді көрсетіңіз.

А) институтта, жатақханада

Ә) оқу залында, үйге

Б) балаға, әкемен

В) пайдакүнем, бейуақ

Г) адамдық кісілік

12. Үндестік заңына бағынбай жазылған сөзді көрсетіңіз.

А) Жанаттың еңбекақысы

Ә) ауыл мектебі

Б) қолжазбаны көшіру

В) әкенің өсиеті

Г) балалық жасау

13. Буын үндестігіне сай жазылған қосымшалы сөзді табыңыз.

А) Мұраттікі

Ә) Жақыпбеков

Б) ақылгөй

В) әкетай

Г) кісілік

14. Ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.

А) тұзсыз

Ә) көлшік

Б) тауша

В) қашса

Г) балығы

15. Сөз аралығындағы кейінді ықпалды анықтаңыз.

А) ақ сұр

Ә) қол ара

Б) терең білім

В) салт атты

Г) жүз жыл

16. Кейінді ықпал бар сөзді анықтаңыз.

А) сауыншы

Ә) пәлеқор

Б) екеуміз

В) ерлік

Г) жұлдызша

17. Сөз ішіндегі ілгерінді ықпалды табыңыз.

А) жанбады

Ә) көзсіз

Б) дәріхана

В) көзілдірік

Г) қаракүйе

18. Сөз ішіндегі ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.

А) басшы

Ә) қазақша

Б) саудагер

В) сәнқой

Г) ішсін

19. Біріккен сөздердегі ілгерінді ықпалды табыңыз.

А) көзқарас

Ә) Жанпейіс

Б) белбеу

В) Сарыарқа

Г) Амангелді

20. Күрделі сөздер аралығындағы ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.

А) құрбы-құрдас

Ә) Сарыөзек

Б) қара ешкі

В) тас жол

Г) келе алмайды

1. Сөз аралығындағы кейінді ықпалды көрсетіңіз.

А) сөз шебері

Ә) судың жағасы

Б) жаз ортасы

В) ауыл кеші

Г) сұрап ал

2. Біріккен сөздегі кейінді ықпалды табыңыз.

А) Ақтөбе

Ә) Қаптесер

Б) Ақтөс

В) Бозторғай

Г) Итмұрын

3. Тоғыспалы ықпал түрін көрсетіңіз.

А) Жыланқарағы

Ә) тарағым

Б) Қамыстысай

В) Рабиянікі

Г) тұзсыз тамақ

4. Тоғыспалы ықпал түрін ажыратыңыз.

А) сөзшең бала

Ә) сары ала

Б) Мұратбек

В) Раушангүл

Г) Досжан

5. Мына сөйлемнен тоғыспалы ықпал түрін ажыратыңыз.

Рұқияның добы тас жолға домалап кетті.

А) Рұқияның

Ә) добы

Б) тас жолға

В) домалап

Г) кетті

6. Сөз тіркестеріндегі кейінді ықпалды көрсетіңіз.

А) қыздар тобы

Ә) егін орағы

Б) түнгі дауыс

В) көзсіз қараңғы

Г) күн батты

7. Сөз тіркестеріндегі кейінді ықпалды көрсетіңіз.

А) жүз шақырым

Ә) жүзге келді

Б) қатал басшы

В) сәнқой бала

Г) Бозжан күйші

8. Біріккен сөздегі кейінді ықпалды көрсетіңіз.

А) Ақтөбе

Ә) шаштараз

Б) тасбақа

В) Алтынкүл

Г) Досбол

9. Біріккен сөздегі кейінді ықпалды көрсетіңіз.

А) Жанпейіс

Ә) тоқбала

Б) сәнқой

- В) Нұржан
- Г) белбеу

10. Түбір мен қосымша аралығындағы ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) Ананың көңілі балада
- Ә) еңбегіне қарай дөңбегі
- Б) жақсылықтың нұрын сеп
- В) болашағынан үміттен
- Г) сәнқойдың сылтауы көп

11. Түбір мен қосымша аралығындағы кейінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) бәлеқор адам
- Ә) беташар болды
- Б) қарды тазала
- В) қосшы жігіт
- Г) дала сарыны

12. Біріккен сөз аралығындағы ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) Ақтоғай
- Ә) ақауыз
- Б) Қарақұл
- В) күреңбел
- Г) сарыала

13. Біріккен сөз аралығындағы ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) өнеркәсіп
- Ә) қаратөбе
- Б) бұлбұл
- В) Есжан
- Г) отбасы

14. Сөз тіркестері аралығындағы ілгерінді ықпал бар сөзді көрсетіңіз.

- А) он бес күн
- Ә) шолақ жең көйлек
- Б) жас шөп екен
- В) таң қалды
- Г) төге бастады

15. Сөз тіркестері аралығындағы ілгерінді ықпал бар сөзді көрсетіңіз.

- А) сөз қызды
- Ә) жаға берді
- Б) сенгім келеді
- В) сүрінбес тұяқ
- Г) кірпіш үй

16. Кейінді ықпал түрі бар сөзді анықтаңыз.

- А) тілшімен кеңес
- Ә) тас шамды жақ

- Б) хатты ала кел
- В) малды ауыл
- Г) шындықты айт

17. Кейінді ықпал түрі бар сөзді анықтаңыз.

- А) анаңа бара кел
- Ә) қымыз ішсін
- Б) торы ала ат
- В) қырға күз келді
- Г) сырға алып берді

18. Кейінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) қарағай
- Ә) ашсын
- Б) жүзгіш
- В) жаңғырық
- Г) тұзсыз

19. Мына сөйлемде кейінді ықпал түрі бар сөзді анықтаңыз.

Рабия ала добын көтеріп жүр.

- А) Рабия
- Ә) ала
- Б) добын
- В) көтеріп
- Г) жүр

20. Біріккен сөз ішіндегі ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) Нұрсұлтан
- Ә) Қаракөз
- Б) дәріхана
- В) Сарыарқа
- Г) Қазанқап

9 – нұсқа

1. Орфография бойынша дұрыс жазылған сөзді көрсетіңіз.

- А) жаяу
- Ә) жәй
- Б) ыриза
- В) қыйын
- Г) айаз

2. Орфография заңына бағынбай жазылған сөзді табыңыз.

- А) келе алмады
- Ә) дәме етпеді
- Б) сары ала
- В) қала алмады
- Г) алаяққа алданба

3. Орфография заңына бағынбай жазылған сөзді табыңыз.

- А) көзілдірік
- Ә) бүрсігүні
- Б) өлөңшөп
- В) жазғытұрым
- Г) кеменгер

4. Орфоэпия бойынша жазылған сөзді табыңыз.

- А) көлбеңдейді
- Ә) үскірік
- Б) жиналыс
- В) жымияды
- Г) шалқайады

5. Естілуі бойынша жазылған сөзді көрсетіңіз.

- А) қыйалдау
- Ә) жүргінші
- Б) жаяулап
- В) өмілдірік
- Г) жайбарақат

6. Қай сөз айтылуы бойынша жазылған.

- А) Рұқия
- Ә) Мұратбек
- Б) қиылыс
- В) жұлдызша
- Г) Күмішшан

7. Орфография нормасына сәйкес жазылған сөзді табыңыз.

- А) Рабия
- Ә) Ыраушан
- Б) Жәзирә
- В) Әлиа
- Г) жәйау

8. Орфография бойынша дұрыс жазылған сөзді табыңыз.

- А) жұмұшшы
- Ә) байаулау
- Б) Баянауыл
- В) қыйалмау
- Г) қианқы

9. Орфоэпия нормасына сай сөз қайсы?

- А) шоқысыу
- Ә) жиналыс
- Б) құрылысшы
- В) шомылдыру
- Г) бұлыңғыр

10. Орфография нормасына сай емес сөзді көрсетіңіз.

- А) кара ғазан

- Ә) құсша ұшу
- Б) қол қою
- В) ащы бұлақ
- Г) жаз сайын

11. Естілуі бойынша жазылған сөздерді көрсетіңіз.

- А) сәмбеді, қарала, құшша
- Ә) ала қап, сөзсіз, боз бала
- Б) тұз жалау, қара нан, мал қора
- В) басшы, құздың, өлең
- Г) көтерем, көкпеңбек, бөлдіргіз

12. Орфография бойынша дұрыс жазылған сөзді табыңыз.

- А) жиқангез
- Ә) педагок
- Б) тұшшы
- В) сөшшен
- Г) ащы

13. Орфоэпия бойынша дұрыс жазылған сөзді табыңыз.

- А) көк майса
- Ә) көтерем мал
- Б) ашық жариялау
- В) мәңгі-бақы
- Г) көзбе-көз

14. Орфографиялық нормаға сай жазылмаған сөзді табыңыз.

- А) мұрындық
- Ә) митингіге
- Б) лезде
- В) жаздыкүні
- Г) таяқша

15. Айтылуы бойынша жазылған сөзді көрсетіңіз.

- А) өмүр
- Ә) жиналыс
- Б) қиылыс
- В) Бозжан
- Г) құдық

16. Дәстүрлі принципке сай жазылған сөз қайсы?

- А) көзбе-көз
- Ә) арсаң-арсаң
- Б) жұлдызша
- В) кейуана
- Г) бояушы

17. Орфография бойынша жазылған сөздер қатарын көрсетіңіз.

- А) күздүгүні, алаң
- Ә) сарыала, алалмады
- Б) ұйалады, кітап
- В) тасуу, оқиды
- Г) құттықтау, аялау

18. Орфография бойынша жазылған сөзді көрсетіңіз.

- А) сыйады
- Ә) сияды
- Б) сыяды
- В) сияды
- Г) сыйяды

19. Орфография бойынша дұрыс жазылған сөзді көрсетіңіз.

- А) силық
- Ә) сийлық
- Б) сыйлық
- В) сиылық
- Г) сыйлық

20. Жазылу нормасына сәйкес жазылған сөзді көрсетіңіз.

- А) ыләйық
- Ә) ылайқ
- Б) ылайық
- В) лайқ
- Г) лайық

Орыс тілінен кірген сөздермен қосымшаның жазылуы.

Орыс тілінен кірген сөздерге қосымша негізінде сөздің соңғы буынының әуеніне қарай, буын үндестігі бойынша жалғанады: *олимпияда+лық, президент+ке, режиссёр+лік.*

Сонымен бірге қазақ тілінің заңдылығына сай келе бермейтін жағдайларда өте көп, олар: жіңішкелік белгіге, сөздің бірнеше дауыссыз дыбыстардың тіркесіне аяқталуына, қазақ тілінде сөздің соңында қолданбайтын дыбыстарға сөздің аяқталуына байланысты т.б. Орыс тілінің ерекшеліктерінен туатын жағдайлармен байланысты сөзге қосымшаның өзіндік ерекшеліктері бар.

Отформатировано: не выделение цветом

ЖІҢІШКЕ (Ь) БЕЛГІГЕ АЯҚТАЛҒАН СӨЗГЕ ҚОСЫМШАНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

1. Сөз жіңішкелік (ь) белгіге аяқталып, оған дауыссыздан басталатын қосымша жалғанса, жіңішкелік белгі сөзде жазылады: гастроль-ға, секреторь-ды, монастырь-дан, лагерь-де т.б.

2. Сөз жіңішкелік белгіге аяқталып, оған дауыстыдан басталатын қосымша жалғанса, жіңішкелік (ь) белгі сөзде жазылмайды: модель+і -- моделі, секретарь+ы -- секретары.

3. **ль** әріптеріне аяқталған бір буынды сөздерге қосымша бірыңғай жіңішке жалғанады: руль+ді, руль+ден, роль+ге, роль+де т.б.

4. **ль** әріптеріне аяқталған сөздің соңғы буынында қазақ тілінде жіңішке дауысты саналатын дыбыстың әрпі болса, сөзге қосымша жіңішке түрде жалғанады: модель+ге, модел+ді.

5. **ль** әріптеріне аяқталған сөздерде бұл әріптердің алдында **а, о** әріптері -аль, -оль тіркесі түрінде келгенде, ондай сөздерге дауыссыздан басталатын қосымша жуан түрде, дауыстыдан басталатын қосымша жіңішке түрде жазылады: гастроль-ға, гастроль-і.

6. Орыс тілінен кірген жіңішкелік белгіге аяқталғанымен, сөздің соңғы буынында жуан дауысты болса, оған қосымша бірыңғай жуан түрде жазылады: монастырь-ға, монастырь-ы, гармонь-ның, гармон-ы.

7. -рь әріптеріне аяқталған сөздің соңғы буынында жіңішке дауысты болса, оған қосымша бірыңғай жіңішке түрде жалғанады: лагерь-де, лагерь-і, дуэль-ге, дуэль-і.

8. бль, брь, кль, юль әріптерінің тіркесіне аяқталған сөзге қосымша үнемі жіңішке түрде жазылады: ансамбль-дің, ансамбл-і.

9. Сөз ог, уг, рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, лк, льт, нкт, ркс, мск дыбыстарының тіркесіне аяқталса, оларға қосымша әрқашан жіңішке түрде жалғанады: педагог-тер, хирург-тың, банк-те, бокс-тен, Томск-іде.

10. Сөздердің соңғы буынында **е, э, ю** әріптері бар сөздерде және **ий** әріптеріне аяқталған сөздерге қосымша жіңішке түрде жалғанады: актер-лер, дуэт-ті.

11. Сөздің соңғы буынында **я** әрпі болса, қосымша жуан түрде жалғанады: снаряд-қа, разряд-тан.

12. Сөз нк, кт, ск, мск, нд, мп, мб, фт, рв, дж, мт, пт, рзь әріптеріне аяқталғанда, оларға қосымша **ы, і** дәнкері арқылы жазылады: ромб-ы-ның, поч-там-ы-нда.

ШЫЛАУ СӨЗДЕРДІҢ ЕМЛЕСІ ++++++ көмекші сөзге қосамыз

1. Шылау сөздер өзі тіркесетін сөзінен соң келіп тіркесіп, олардан бөлек жазылады: сен үшін, бұдан соң, Асан да, Сәуле мен Сайран, Дәулет пен Самал, үйге дейін, күзге таман, жүз шақты, мың қаралы, үшке шейін т.б.

Отформатировано: не выделение цветом

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

Отформатировано: не выделение цветом

Отформатировано: не выделение цветом

Отформатировано: не выделение цветом

Отформатировано: не выделение цветом

Отформатировано: не выделение цветом

2. Бір топ шылаулар дефис (-) арқылы жазылады: -ақ, -ау, -ай, -мыс, -міс, -ды, -ді, -сынды: жақсы-ақ, қалқам-ау, айналайын-ау, айтыпты-мыс, білген-ді, айтқан-ды, Аманкелді-сынды батыр.

3. Кейбір шылаулар тұлғасын өзгертіп, түбірмен бірге жазылатын кездері де бар, олар түбір мен қосымшаның ортасына түскенде, кейде түбірден соңында, түбірмен бірге жазылады. Мұндай шылауларға сұрау шылауы ма/ме және соң шылауы жатады: келесің бе?, келемісің?, барасың ба?, барамысың?, білесің бе? (білемісің?, барғасын) (барған соң, келгесін) келген соң.

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

БАС ӘРІПТІҢ ЕМЛЕСІ +++++ жалқы есімге кетеді

1. Сөйлемнің бірінші сөзі, өлеңнің әр бір жолы бас әріптен басталып жазылады.

2. Кісі аттары, жер, су (географиялық атаулар) аттары бас әріппен жазылады: Мұхтар Омарханұлы Әуезов, "Еңбекшіқазақ" ауданы, Балқаш өзені, Үлкен Қараой, Каспий теңізі, Арал теңізі, Орта Азия, Нигерия, Африка т.б.

3. Ірі уақиғалар, мекемелер, мекемелер аттары бас әріппен жазылады: Отан соғысы, Қазақстан Республикасы, Әлеуметтік қорғау министрлігі, Біріккен Ұлттар ұйымының Қауіпсіздік кеңесі, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, "Спутник" сауда үйі.

4. Еліміздегі ең жоғарғы мемлекеттік мекемелер мен қызмет және құрмет атауларының әр сөзі бас әріппен жазылады. *Қазақстан Республикасы, Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Халық суретшісі, Қазақстан Республикасының шетел инвестициялары жөніндегі Ұлттық агенттігі.*

5. Кітап, журнал, газет, түрлі шығармалар аттарының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: "Қазақ әдебиеті" газеті, "Егеменді Қазақстан" газеті, "Зерде" журналы, "Балдырған" журналы, "Ана тіл" газеті, "Аққан жұлдыз" романы, "Абай" операсы, "Дала" симфониясы, "Балбырауын" күйі.

6. Сөздің бірінші әрпінен қысқарған сөздер бас әріппен жазылады: АҚШ БҰҰ, ТМД, ҚХР.

Отформатировано: Цвет шрифта:
Авто, не выделение цветом

Отформатировано: Цвет шрифта:
Авто

Лексика 2 тарау

Сөз және оның мағынасы

ОМОНИМДЕР

Сырт тұлғасы бірдей болып, бірақ мағынасы бір-біріне мүлдем басқа-басқа сөздер омоним деп аталады.

СИНОНИМ

Мағыналары мәнделес түрлі сөздер, яғни айтылуы әртүрлі, бірақ мағыналары ұқсас сөздерді синоним деп аталады.

АНТОНИМ

Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер антонимдер деп аталады.

Ой бұлдыр болса, сөз де бұлдыр

- *«Бұлдыр» сөзінің мағынасын түсіндіріңіз.*
- *Мәтінді түсініп оқып, оған ат қойыңыз.*
-

Ертеде есерлеу бір патша өмір сүріпті. Оның кем-кетігін уәзірі жұртқа білдірмей, жуып-шайып отырады екен. Бір күні патша жат елдік қонақтарды қабылдапты. Ары ойланып, бері ойланып тілдесуге сөз таппай отырған патша көшедегі ит пен мысықты көзі шалып қалыпты да, қонақтарына:

– Елдеріңізде ит пен мысық тоқ па? – деп сұрапты. Патшадан мұндай қисынсыз сұрақты күтпеген елшілер бір-біріне қарасып, таңырқасып қалса керек. Сол кезде уәзір:

– Уа, құрметті қонақтар, патшамыз астарлы сөзбен жұрт жағдайын білгісі келіп отыр. Ит пен мысық тоқ болса, ел іші молшылық болады дегенді аңғартқан еді, – дейді. Патшаның мұндай «ақылды» сұрағына риза болған елшілер бас шұлғысып қалған екен. Қонақтар аттанған соң патша уәзіріне мақтанып:

– Көрдің бе менің бірауыз сөзіме жат елдіктер қалай тәнті болғанын, сендер ғана менің қадіріме жете білмейсіңдер, – депті. Сонда уәзір:

– Уа, ұлы мәртебелім, мәселе сөздің айтылуында емес, түсіндірілуінде ғой, – деген екен.

Тапсырма

1. Мәтіннен көнерген сөздерді табыңыз.
2. Ауыспалы мағынаға ие болып тұрған сөздердің астын сызыңыз.
3. Бірыңғай жуан буынды сөздерді теріп жазыңыз.

Ту

- *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы туралы не білесіз?*
- *Біздің Туымыз неге көгілдір?*
- *Сәулесін шашқан алтын күн, қалықтаған дала бүркіті нені меңзейді?*

Әр тудың өз тағдыры бар. Тудың түсінің де, жолағының да, оларда бейнеленген түрлі пішіндердің де бәрінің өзіндік мәні бар.

Біздің Туымыз – көгілдір түсті тік **төрт**бұрышты мата. Ол бірлік пен ашық аспанды, тыныштық пен аман-есендікті көрсетеді. Оның тап ортасындағы сәулесін шашқан алтын күн – тыныштық пен байлықтың белгісі, астындағы қалықтаған бүркіт дарқандық пен қырағылықты, ой-арманның шарықтауын меңзейді. Тудың сабын бойлай ұлттық ою-өрнек салынған тік жолақ кетеді.

Күн, күн сәулесі, бүркіт және ою-өрнек алтын түстес бояумен боялған.

Көгілдір түсті адам баласы түсініп, қабылдап қолданып жүрген бояулардың ең реңділерінің қатарына жатқызылады. Ол табиғаттың өзі жасайтын ғаламат гүл шоғы – кемпірқосақ болмысындағы жеті бояудың бірі.

Көгілдір аспан аясында мәңгілік сапар шеккен ұлы күн бейнесі – көшпелі халық үшін нағыз өмір символы болып танылады. Тудағы бүркіт бейнесі тәуелсіздік алып, қанатын қомдаған қазақ елінің әлемдегі өркениетке жетуін тілеген ізгі ниеттен туған.

Тапсырма

1. «Өркениет» сөзінің мағынасын түсіндіріңіз.
2. Мәтіннен **и** әрпінің қолданысына назар аударып, айырмашылығын түсіндіріңіз.

Түсінсем бұйырмасын

- *Туісті әріптерді қойып, мәтінді көшіріп жазыңыз.*

– Б...р ау...лға келген ғал...м:

– Ау...лдағ... ең б...лг...р адам к..м? – деп сұрайд....

– Әпенд...ден озар ешк...м жоқ, – депт... ауыл адамдар....

– Ендеше, шақ...рып кел...ндер, – дейді. Әпенді келеді. Ғал...м шақ...рған себеб...н айтад....

– Мен саған қ...рық сұрақ берем...н. Соған ек... ау...з сөзбен жауап бер.

– Қ...п болады, – дейді әпенді. Ғал...м сұрағ...н шұб...рта жөнеледі. Айт...п болған соң:

– Ал, қане? – дейді ғалым. Сонда әпенді:

– Түс...нсем бұй...рмасын, – деп жауап бер...пті.

Қожанасыр қоржынынан

Тапсырма

Көп нүктенің орнына мақалдың мазмұнын ашып, мағынасын толықтыратындай сөздерді тауып қойыңыз.

1. ... жақсы болса,
Жетерсің мұратқа.
... жаман болса,
Қаларсың ұятқа.
2. Дос ... мақтар,
Дұшпан ... мақтар.
3. Өз басыңды ... берсең де,
Жолдасыңды ... берме.
4. Көп жасағаннан ...,
Көп көргеннен

1. ТАПСЫРМА: Берілген сөздердің көп мағыналы мәндерін көрсетіп жазыңыз және олармен сөйлем құраңыз.

Түп, көз, іші, басы, арық, ақ, көз.

2. ТАПСЫРМА: Төмендегі омоним сөздердің мағынасына қарай көркем шығармадан мысал жазыңыз.

Жаз, түс, ер, қой, аяқ, бұл, жар, жас-кәрі, қорық, айт, ана, жай.

3. ТАПСЫРМА: Мына сөздердің қос сөздерден жасалған синонимдерін табыңыз.

Некен-саяқ, тамыр-таныс, телегей-теңіз, құрал-сайман.

Тұрақты тіркес (Фразеология)

Тұрақты тіркес-тіркескен сөздердің бір түрі. Басты белгілері: сөздердің орны тұрақты, яғни орындарын өзгертуге келмейді; басқа сөзбен ауыстыруға болмайды; барлығы бір мағынаны білдіреді.

<i>Тұрақты тіркес</i>	Мағынасы
Ит өлген жер.	Алыс.
Тайға таңба басқандай.	Анық.
Тіл үйіреді.	Тәтті.

Көз шырымын алу.	Ұйықтау.
------------------	----------

Тұрақты тіркестердің ерекшеліктері

Ереже	Мысалы
Тұрақты тіркес сөйлемде бір сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесі болады.	Оқу инемен құдық қазғандай. ("Инемен құдық қазғандай" тіркесі қандай? деген сұраққа жауап беріп, баяндауыш болып тұр.
Тұрақты тіркес синоним бола алады.	Азар да безер болды- ат-тонын ала қашты; Көз ілмеді -көрер таңды көзімен атырды, түн ұйқысын төрт бөлді.
Тұрақты тіркес антоним бола алады.	Ит терісін басына қаптады - басын сипады.

ИДИОМА

ИДИОМА(лық тіркес) дегеніміз:

1. Бөліп-жаруға келмейтін және оның тұтас мағынасы құрамындағы сөздердің әрқайсысының лексикалық мағынасына байланысты тұтаған сөздер;
2. Құрамындағы сөздердің мағынасында метафоралық (грек *metaphora* - ауыстыру) - троптың яғни құбылтудың бір түрі. Мысалы: Абай өлеңдеріндегі "жастықтың оты", "жүректің көзі", "дүние есігі") пародиялық ерекшеліктер болатын мәтелге және тұрақты тіркеске бейім келетін тіркестер.
3. Өзге тілге тура аударуға келмейді.

<i>Идиома</i>	<i>Мағынасы</i>
Ұзын құлақ.	Көпшілік
Қырық пышақ.	Ұрыс-керіс
Өгіз аяқ.	Жай
Ақ саусақ.	Жалқау
Аузын қу шөппен сүрту	Сараң

0

Мақал мен мәтел

Мақал - өмірлік тәжірибеден туындаған түйінді пікір, тұжырымды сөз өрнегі немесе тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні.

Мәтел - белгілі бір ойға, ұғымға ишара жасайтын, астарлап, жұмбақтап айту мәні басымдау болатын халық мұрасы.

	<i>Мақал</i>	<i>Мәтел</i>
1	Мақал көбіне құрмалас сөйлем түрінде келеді. Мысалы: Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.	Мәтел көбіне бір бөлімді болып, жай сөйлем түрінде қолданылады немесе сөйлем аяқталмай толымсыз болып келеді. Мысалы: Кемедегінің жаны бар.
2	Мақалда себебі мен салдары қатар айтылады. Мысалы: "Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле." мақалында себебі мен салдары, яғни шарты мен нәтижесі қатар берілген.	Мәтелде істің салдары айтылады да, себебі айтылмайды. Мысалы: "Дарияның жанына құдық қазба." деген мәтелде салдар ғана берілген.
3	Мақалда ой нақты айтылады. Жері байдың елі бай.	Мәтел ишарамен, тұспалдап жеткізеді. Әлін білмеген әлек.
4	Мақал ақыл-кеңес, өнеге түрінде айтылады. Ата-ананың қадірін бала болғанда білерсің.	Мәтелде эмоциялық мағына басым болады. Айдағаны- бес ешкі, ысқырығы жер жарар.

Тапсырма: берілген сөйлемнің ішінен мақал мен мәтелді ажыратыңыз

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗДІК ҚҰРАМЫ СӨЗДІК ҚОР

Сөздік құрам-халықтың тұрмыс-тіршілігі, кәсібі, мәдениеті, таным-түйсігін танытатын барлық сөздердің жиыны. Сөздік құрамдағы сөздер қолданылу мақсатына қарай **жсиі** қолданылатын сөздер (жалпы қолданыстағы сөздер) және **сирек** қолданылатын сөздер (қолдану аясы шектеулі сөздер) болып екіге бөлінеді.

ЖАЛПЫ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СӨЗДЕР (жалпылама лексика)

Сөздік қор

Сөздік қор- ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан қазақтың байырғы төл сөздері. Сөздік қордағы сөздер жалпы халыққа түсінікті

болады және олар әдеби тілге жатады. Оған зат, сын-сапа, сан, қимыл, мезгіл атаулары т.с.с.жатады.

Тапсырма: Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінен негізгі сөздік өорға кіретін сөздерді теріп жазып, олардың мағына жағынан сөздердің қандай тобына жататынын анықтаңыздар (әр тыңдаушы 20 сөз талдауға тиіс)

Тапсырма: Мәтіннен негізгі сөздік қорға жататын сөздерді бір бөлек, сөздік құрамға жататын сөзді бір бөлек айырып жазып, оларға түсінік беріңіздер.

Бірақ үлкен темір кіреуетте арыстай болып зорға сыйып жатқан жас жігіт әлі толық оянбаған қалпында, көзін ашпаған күйі қымтана түсіп жата берді. Балға қонған шыбындай кірпіктері ауырлап, санасы сазға батқандай бірте-бірте бұлыңғыр тартып, тәтті ұйқының құшағынан қайтадан ене берген. Осы сәтте келіншегі қайта оралып, күйеуінің табанын қытықтады. Оған да болмаған соң танауын қысып, еркелеп ойнауға кірісті. Тек осыдан кейін ғана, жігіт амалсыз көзін ашып алған. Қолымен қармап Бибіні ұстап алмақ еді, ол сықылықтай күліп, ұзап кетіпті. Үй іші самалдай жарық. Күн едәуір көтеріліп қалса керек, терезе жақтауынан төр жаққа қиғаш сәуле түсіп тұр.

(Қ. Жұмаділов)

ҚОЛДАНУ АЯСЫ ШЕКТЕУЛІ СӨЗДЕР

(қолдау өрісі тар лексика)

	<i>Түрі</i>	<i>Ереже</i>	<i>Мысал</i>
	Көнерген сөз	Қазіргі уақытта қолданыстан шығып қалған, мағынасы көмескіленген сөз. Оның екі түрі бар: архаизм және тарихи сөз.	
	Архаизм	Тұрмыс-тіршілікте әр дәуірде өзгеріп, әртүрлі сөздермен ауысып отыратын, ескірген сөз.	Мата: торқа, дүрия, патсайы. Дәстүр: әмеңгер, барымта. Тұрмыста: жаппа, сәукеле.
	Тарихи сөз (историзм)	Белгілі бір дәуірде қолданылғанмен, қазір қолданудан шығып қалған сөздер.	Ханзада, нөкер, батырақ, карауыл, керуен, би, болыс, жүз басы.
	Жаңа сөз (неологизм)	Ғылым мен техниканың дамуына байланысты қолданысқа енген тілдегі жаңа сөздер.	Жаңа сөз Бұрынғы атауы Кеден таможня Ұшақ самолет Ғарыш космос

			Үнтаспа кассета Құжат документ Ғаламтор интернет
	Кәсіби сөз	Кәсіп, шаруашылық, өнер түрлеріне қатысты сөздер	Қоза, сота, әңгелек, мұрап.
	Диалект сөз	Белгілі бір аймақта тек ауызекі тілде ғана қолданылатын сөз. Диалект сөздер уақыт өте келе әдеби тілге еніп, жалпыхалықтық тілге айналады.	Диалект сөз Әдеби сөз Азанда таңертең Сым шалбар Бәдірен қияр Жар қабырға
	Кіріме сөз	Қазақ тіліне шет тілінен енген сөз. Кіріме сөз тілдің сөздік құрамын байытады. Кіріме сөзге көбіне буын үндестігі сақталмайды. (кітап, театр). Кіріме сөздер қазақ тіліне орыс, араб, парсы, моңғол тілдерінен енген	Арасан суы, зейнет, жейде, зайырлы, ұжым, кеден, үшем т.б. Пияз Қалам, ғұлама, мұғалім (араб тілінен енген) ұлыс, нөкер, жасақ. (монғол), кино, парта, үтік, шәйнек, сіріңке, кереует, цирк, жәшік, вокзал, тәрелке, сөмке, кәмпит, компьютер(орыс), дос, тақта, нан, апта, пайғамбар, наурыз, бақ. (парсы)
	Термин сөз	Ғылым, техника, спорт, мәдениет, саясат т.б. салаларға жататын сөз. Термин сөздердің басты белгісі- тура мағыналы сөз болуы. Термин сөз бір ғана мағынаны білдіреді және ол мағына тұрақты болады.	Тіл білімі: дыбыс, әріп, фонетика, лексика т.б. Физика: оптика, энергия, қуат, күш, тартылыс заңы, атом т.б.

--	--	--	--

ТАБУ СӨЗ. Эвфемизм және дисфемизм

Табу сөз	Халықтың нанымы бойынша, атын тура атауға тыйым салынған сөздер.	Табу сөз:	баламасы
Эвфемизм және дисфемизм	<p><i>Эвфемизм</i>- мағынасы тұрпайы (дәрекі) сөздің орнына сол ұғымды жұмсартып қолданылатын <u>сыпайы сөз</u>.</p> <p><i>Дисфемизм</i>- эвфемизмге қарама-қарсы мағынадағы сөздер, яғни мағынасы сыпайылықты білдіретін сөздің орнына қолданылатын <u>тұрпайы (дәрекі) сөз</u>. (кемісту, қорлау, мазақтау) дисфемизм көбіне диалектілерде жиі кездеседі.</p>	<p>Қорасан Ұлыма Жасыл түсті</p> <p>Эвфемизм</p> <p>Қоспай айт</p> <p>Бақиға аттанды</p> <p>Ақ саусақ</p> <p>Қолының сұғанағы бар</p> <p>Сөзуарлау</p> <p>Аузы жеңіл</p> <p>Ауыз бастырық</p> <p>Жас</p>	<p>Шешек ауру Қасқыр Жай түсті</p> <p>Дисфемизм</p> <p>Өтірік айтпа</p> <p>Өлді</p> <p>Жалқау</p> <p>Ұрлықшы</p> <p>Мылжың</p> <p>Өсекші</p> <p>Пара</p> <p>Боқмұрын</p>

СӨЗЖАСАМ

Сөзжасам саласы қазақ тіліндегі сөз тұлғасын және жаңа сөздердің жасалу жолдарын зерттейді. Сөздер мынадай жолдармен жасалады:

- 1) Сөздер **жұрнақ** жалғану арқылы жасалады (біл+ім, ұш+қыш, жақсы+лық т.б.);
- 2) Сөздер **лексикалық жолмен** жасалады (сөз жеке тұрып-ақ жаңа мағынаға ие болады. Мысалы: "ақ" сөзі әу баста түсті білдірсе, уақыт өте келе "сүттен жасалатын тағамдар" мағынасына ие болған);
- 3) сөзге **бірігу** (көкөніс, кәсіпорын), **қосарлану** (ата-ана, ыдыс-аяқ), **тіркесу** (он бес, қара торы) арқылы жасалады.

СӨЗ ТҰЛҒАСЫ

ТҮБІР		ҚОСЫМША	
<i>1. ДАРА СӨЗ</i>	<i>2. КҮРДЕЛІ СӨЗ</i>	<i>ЖАЛҒАУ</i>	<i>ЖҰРНАҚ</i>
<i>Түбір сөз</i>	<i>Қос сөз</i>	<i>Көптік жалғау</i>	<i>Сөз тудырушы</i>
<i>Туынды сөз</i>	<i>Біріккен сөз</i>	<i>Септік жалғау</i>	<i>Сөз түрлендіруші</i>
	<i>Тіркескен сөз</i>	<i>Жіктік жалғау</i>	
	<i>Қысқарған сөз</i>	<i>Тәуелдік жалғау</i>	

СӨЗ ЖӘНЕ ҚОСЫМША

Сөз -- қарым-қатынас құралы. Сөз арқылы адамдар бір-бірімен сөйлеседі. Сөйлескенде сөздер дайын күйінде қолданылады немесе оларға қосымша жалғанады.

Қосымша екі түрлі болады. Біреуі сөздің мағынасын өзгертеді, екіншісі сөзді басқа сөздермен байланыстырады. Сөздің мағынасын өзгертін қосымшаны *жұрнақ* дейді, ал сөздерді байланыстыратын қосымша *жалғау* деп аталады.

Мысалы: Сыныптың терезесі ашық. Бұл сөйлемде үш сөз (сынып, терезе, аш) бар. Үшеуіне де қосымша (-тың, -сі, -ық) жалғанған. Мұндағы "-тың, -сі" қосымшалары -жалғау, ал "-ық" қосымшасы - жұрнақ.

СӨЗ ҚҰРАМЫ

Сөздер құрамына қарай 2-ге бөлінеді.

<i>Дара сөз</i>	<i>Күрделі сөз</i>
Бір ғана түбірден тұратын негізгі және туынды түбір сөздер.	Екі не одан көп түбірден құралған сөздер.
Негізгі түбір сөздер: ой, бас, сан; Туынды түбір сөздер: ойла, баста, сана;	Біріккен күрделі сөз: Ақтау, аққу; Қосарланған күрделі сөз: ата-ана, у-шу; Тіркескен күрделі сөз: он бір, ақ ала; Қысқарған күрделі сөз: БҰҰ, ҚазМҰУ;

ДАРА СӨЗ

<i>Түбір сөз</i>	Сөздің мағынасы бар ең бастапқы бөлшегі.	Ән, бөл, жақсы, қала
<i>Туынды сөз</i>	Сөзге <i>жұрнақ жалғану</i> арқылы жасалған жаңа сөздер.	Әнші (ән+ші)

ТҮБІР СӨЗДІҢ ЖАЗЫЛУ ЕМЛЕСІ

1. Сөздер жазылуда айтылуы ескерілмей, түбірін сақтап жазылады: ақ лақ (ағ лақ емес), ала ат (алат емес), келе алмайды (келеалмайды емес), қашса (қашша емес), ұшсаң (ұшшаң емес), көк ешкі (көгешкі емес), ашсын (ашшын емес), айтып бол (айтып пол емес).

2. Орыс тілінен кірген сөздердің тілде қалыптасқан қалпында жазылатындары бар: самауыр, бәтеңке, газет, сот т.б.

3. Араб, парсы тілдерінен кірген сөздер тілде өзгеріп қалыптасқан қалпында жазылады: Фатима, Бәтима, Патима, Ғали, Әли, Қали, Әлі т.б.

а) Туынды сөздің жасалу жолдары төмендегідей:

* Сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалады. **Мысалы:** *әниі, достық, бөлім, білгір, таулы, жақсылық, қалашық.*

* Лексикалық жолмен жасалады. **Мысалы:** түсті білдіретін "**ақ**" сөзінің негізгі лексикалық мағынасы кеңейіп, "**сүт тағамдары**" деген ұғым пайда болған.

* Бірігу арқылы жасалады. **Мысалы:** *көзқарас, тасбақа.*

* Тіркесу арқылы жасалады. **Мысалы:** *он бес, қара торы.*

* Қосарлану арқылы жасалады. **Мысалы:** *ата-ана, у-шу.*

ә)Түбір сөз бен оған жұрнақ жалғану арқылы жасалған туынды сөз арасында мағыналық байланыс болады. Мысалы: **балшы, балгер** сөздері **бал** сөзіне жұрнақ жалғану арқылы жасалған. Ал **бала, балық** сөздері **бал** сөзінен жасалмаған, өйткені олардың арасында мағыналық байланыс жоқ.

КҮРДЕЛІ СӨЗ

Күрделі сөз - кемінде екі түбірден жасалып, бір мағынаны білдіретін сөз. Оның түрі бар, олар: біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз, тіркескен сөз.

1) Біріккен сөз.

Біріккен сөз -- екі немесе одан көп сөз бірігіп, бір ұғымды білдіретін және бір сұраққа жауап беретін сөз. *Мысалы: Тасбақа* (тас-бақа), **Екібастұз** (Екі+бас+тұз).

Біріккен сөздің емлесі

	Ереже	Мысал
1	Екі түбірден құралып, терминдік мәнге ие болған атаулар бастапқы тұлғаларын сақтап, бірігіп жазылады.	Баспасөз, келіссөз, еңбеккүн, оттегі, үшбұрыш, тозаңқап, сүтқоректі, сөзжасам.
2	Жан -жануарлар мен өсімдік атаулары бірігіп жазылады.	Қосаяқ, қарақұйрық, ақбөкен, бірқазан, есекмия.
3	Терминге айналған техника, мәдениет, өнер, спорт, дін, саясат т.б. Салаларға қатысты зат, ұғым атаулары және күрделі жалқы есімдер бірігіп жазылады.	Зат атауы: шаңсорғыш, бесатар. Географиялық атау: Сарысу, Іле. Кісі аттары: Орынбасар, Жандос. Дене мүшесі: ұлтабар, тоқішек. Ауру атауы: алаөкпе, көкжөтел. Ойын: ақсүйек, балтаптап. Ән-күй, өлең: "Аққу", "Жезкиік"
4	Екінші сыңары арқылы, ішілік, тану, таным, жай, хат, қағаз, сымақ деген сөздер және бірінші сыңары әсіре, көп сөздерімен келген тіркестер бірге жазылады.	Халықаралық, жаратылыстану, тілтаным, жартас, саяжай, қолхат, мектепшілік, рұқсатқағаз, шешенсымақ, әсіресолшыл, көпбабалы.
5.	Бірінші сыңары фото, электр, радио, авто, авиа, аэро, гидро, агро, транс, инфра, ультра, изо, гипер , ал екінші сыңары қазақ	Фотосурет, электрұстара, радиоқабылдағыш, автокалам, аэрошана, киноқондырғы,

сөздері болып келген тіркестер бірге жазылады.	инфрақызыл, ультракүлгін, изосызық, гипержазық.
--	---

Қосымша мәлімет: сөздер біріккенде, бір немесе бірнеше дыбыс өзгертін болса, оны **кіріккен сөз** дейді:

Мысалы: Кіріккен сөз

*биыл
бүгін
әкел
Апар
ендігәрі
Жаздыгүні
білезік
қарлығаш*

Негізгі

*бұл жыл
бұл күн
алып кел
алып бар
ендігіден әрі
жаздың күні
білек жүзік
қара ала құс*

2) Қос сөз.

Қос сөз -- екі сөздің қосарланып немесе қайталанып айтылуынан жасалған сөз. Қос сөздің екі сыңары **дефис** арқылы жазылады.

Қос сөздің екі түрі бар: **қайталама** қос сөз және **қосарлама** қос сөз.

а) Қайталама қос сөз

Қайталама қос сөз - сыңарлары бір түбірден, яғни бір түбірдің қайталануынан жасалатын қос сөз. **Мысалы:** *көре-көре, көзбе-көз, өз-өзінен, тау-тау.*

Қайталама қос сөздің жасалу жолдары

	Ереже	Мысал
1	Бір түбірдің қосымшасыз түрде қайталануынан жасалады.	Үлкен-үлкен, су-су, тікен-тікен
2	Бір түбірі қосымшалы, бір түбірі қосымшасыз түрде қайталануынан жасалады.	Көзбе-көз, өз-өзінен, бір-біріне, ауыл-ауылды
3	Бір түбірдің әртүрлі қосымшамен қайталануынан жасалады.	Келер-келмесін, орынды-орынсыз, қолды-қолына.
4	Түбірдің бір сыңары дыбыстық өзгеріске ұшырап жасалады.	Қалт-құлт, жалт-жұлт, сатыр-сұтыр
5	Түбір сөздің алдынан күшейткіш буын қосарлану арқылы жасалады.	Теп-тегіс, ап-ащы.
6	2-сыңары 1-сыңарына еліктеу мәнінде келіп, дауыссыз	Кісі-місі, қағаз-мағаз,

дыбыстан басталатын сөздің бірінші дауыссыз дыбысының орнына және дауысты дыбыстан басталатын сөздің алдына м, н, с дыбыстары қосылып жазылады.	шай-пай, нан-пан, тіс-міс.
--	----------------------------

ә) Қосарлама қос сөз

Қосарлама қос сөз - әртүрлі сөздердің қосарлануынан жасалатын қос сөз: *үлкен-кіші, алыс-жақын, қысы-жазы.*

Қосарлама қос сөздің жасалу жолдары.

	Ереже	Мысал
1	Сыңарлары синонимдес болып келеді.	Синонимдер: зәре-құт, ашу-ыза, тәлім-тәрбие, ыдыс-аяқ, төсек-орын, ес-түс.
2	Сыңарлары антонимдес болып келеді.	Антонимдер: оңды-солды, әрі-бері, ірілі-ұсақты, үлкенді-кішілі, ілгері-кейін.
3	Бір сыңары мағыналы, бір сыңары мағынасыз болып келеді.	Арық-тұрық, бала-шаға, емін-еркін, көйлек -көншек, көрші-қолаң.
4	Екі сыңары да мағынасыз болып келеді.	Анда-санда, ығы-жығы, қым-қуыт, тутақай, оқта-текте, бірен-саран.
5	Сыңарлары әртүрлі сөздер болады.	Ғылыми-көпшілік, саяси-әлеуметтік.

3) Қысқарған сөз

Қысқарған сөз- күрделі атаулардың және шартты белгілердің қысқартылып жазылған түрі. Мысалы: ТМД (Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы), ҚазҰМУ (Қазақ Ұлттық Медицина университеті), ұжымшар (ұжымдық шаруашылық), кг (килограмм).

Қысқарған сөздің жасалу жолдары.

	Ереже	Мысал
1	Күрделі атаудың құрамындағы әрбір сөздің тек бірінші дыбыстары қысқарады.	ТМД, БҰҰ, АҚШ
2	Күрделі атаудың құрамындағы бірінші сөздің бірінші буыны не басқа бөлігі мен қалған сөздердің бірінші дыбыстарынан қысқарып бірігеді.	ҚазҰПУ, ҚазМУУ
3	Күрделі атаудың құрамындағы әрбір сөздің бірінші буындарынан немесе басқа	кеңшар (кеңестік шаруашылық), ұжымшар (ұжымдық шаруашылық)

	бөліктерінен қысқарады.	
4	Күрделі атаудың құрамындағы алғашқы сөздің бірінші буыны немесе басқы бөлігі мен келесі сөздің түбір күйінде қысқаруы.	пединститут, медколледж, метпункт.
5	Күрделі атаудың құрамындағы алғашқы сөздің бірінші буыны немесе басқы бөлігі мен қалған сөздердің түбір күйінде қысқаруы	Қазмұнайгаз, Қазатомөндіріс.
6	Өлшем бірліктерінің қысқаруы	см (сантиметр), кг
7	Техника атаулары (ұшақ, машина, трактор т.б.) қысқарған сөзге жатады.	ГАЗ-51, ИЛ-86, АН-24

ЕСКЕРТУ: 1,2,6,7,-пунктілердегі қысқарған сөздерге қосымшалар дефиз арқылы жалғанады. **Мысалы:** *ТМД-ға, АҚШ-қа, см-ге. ҚазҰУ-дың студентті*

4) ТІРКЕСКЕН (тіркесті) сөз.

Тіркескен сөз - екі немесе одан көп сөздер тіркесіп келіп, бір ұғымды білдіретін күрделі сөздің түрі. Мысалы:

Күрделі зат есім	Алматы қаласы, мәдениет сарайы
Күрделі сын есім	қара кер, бидай өңді, ұзын бойлы
Күрделі сан есім	он бес, екі жүз сексен
Күрделі етістік	келіп отыр, ала сал
Күрделі үстеу	күні бойы, ала жаздай

Тіркескен сөздің түрлері

1) Еркін тіркес	2) Тұрақты тіркес
Еркін тіркестің құрамындағы сөздердің орнын ауыстыруға немесе басқа сөзбен алмастыруға болмайды.	Тұрақты тіркестің құрамындағы сөздердің орнын ауыстыруға, басқа сөзбен алмастыруға келмейді. Оның құрамындағы сөздер бірігіп, бір ғана мағына береді.
Мысалы: оқып отыр/ оқып жүр Ұзын бойлы/ бойы ұзын	Мысалы: "қас пен көздің арасында" деген тіркесті "кірпік пен көздің арасында" десек, "тез" мағынаны бермейді.

Тіркескен сөздің емлесі

	Ереже	Мысал
1	Күрделі атаулардың (мемлекет, облыс, ұйым) әрбір сөзі бөлек жазылады.	Қазақстан Республикасы Ұлттық

		Ғылым Академиясы
2	Екі зат есім қатар айтылып, бір ғана затты, құбылысты, ұғымды атап, алдыңғысы соңғысының тегін, неге, кімге арналғанын, немен жұмыс істейтінін және өзге заттардан ажыратылатын белгілерін білдірсе, олар бір-бірінен бөлек жазылады. Ескерту: анықтауыш -анықталушы қатынастан ажырап, бір заттың атауы болып кеткен сөздер бірге жазылады. Мысалы: беторамал, шайқасық, иіссабын, ішкіім, кіреберіс, қолара т.б.	ат қора, ағаш күрек, қол ет, ұл бала, ала бұлт
3	Күрделі сан есімдер мен сын есімдердің және күрделі етістіктердің, сондай-ақ есім, еліктеу сөз және етістіктердің құралған күрделі сөздердің әрбір сөзі бөлек жазылады. Ескерту: бірінші сыңары зат есім, кейде етістік, ал екінші -ты, (-ті, -ды, -ді) қосымшалы өткен шақтағы етістік немесе -па(-пе, -ба, -бе) қосымшалы сөз болса, мұндай бейнелі тіркестер қосылып жазылады. Мысалы: алыпқашпа (сөз), жүрекжарды, қағазбасты, баукеспе.	Он бір, көк ала, ақ сұр, құла қасқа, жаза бер, жығылып, қала жаздап бақырып қалды, қызмет ет, тап бер, баж ету.
4	Еш, әр, кей, бір, қай, әлде сөздерді зат есімдермен тіркескенде, бөлек жазылады	еш адам, әр бала, кей кезде, қай үй, бір күні.
5	Сын есімдер аң-құс, өсімдіктердің түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады.	ақ аю, қара бұрыш, сұр жылан, шұбар бақа.

III-ТАРАУ

МОРФОЛОГИЯ

Грамматика ғылымы тілдің грамматикалық құрылысын зерттегенде өзінің тексеретін объектісінің негізі етіп *сөзді және сөйлемді* алады. Тексеру объектілерінің осындай ерекшеліктеріне қарай грамматика ғылымы **морфология** және **синтаксис** деп аталатын екі салаға бөлінеді.

Морфология – сөз және оның формалары туралы ілім. Морфология сөздің жасалу, түрлену, өзгеру жүйелерін, сөздің бөлшектенуі мен олардың әрқайсысының грамматикалық мағыналары мен қызметтерін зерттейді.

Сөздің лексикалық я грамматикалық мағыналарын білдіретін бөлшектер **морфемалар** деп аталады.

Түбір морфема – сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең түпкі негізі.

Қосымша морфема түбірге қосылып, оған қосымша мағыналар үстейді.


Сөз табы деп жалпы лексика-грамматикалық сипаттары мен белгілері бәріне бірдей ортақ болып келетін сөздердің тобын айтамыз. Қазақ тілінде 9 сөз табы, сонымен қатар модаль сөздер бар.

Морфология **сөз таптарын** зерттейді. Сөйлем ішіндегі сөздердің (сөз таптарының) атқаратын қызметі, сұрағы, мағынасы, түрленуі секілді мәселелерді қарастырады.

Сөз түрлері

Атауыш сөз	Көмекші сөз	Одағай сөз

Белгілі бір ұғымның атауы болатын мағыналы сөздер.	Лексикалық мағынасы жоқ, басқа сөздің жетегінде жүретін сөздер.	Адамның түрлі көңіл-күйін білдіретін және жануарларды шақыруда қолданылатын сөздер.
Адам (кім?) Тау (не?) Жасыл (қандай?) Он үш (қанша?) Барады (не істейді?)	1) Көмекші есім: алд, арт, үст, жан, маң т.б.; 2) Шылау: үшін, соң т.б.; 3) Көмекші етістік: ет, жазда, е, де	Па, Шірікн! Әттең. Ойпырым-ай. Шөре-шөре.



СӨЗ ТАПТАРЫ

Сөздердің мағынасына, сұрағына, түрленуіне, сөйлемдегі қызметіне қарай топталуын **сөз таптары** дейді. Қазақ тілінде 9 сөз табы бар. Олар: **зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу сөз, шылау және одағай.** Сөз таптары *тұлғасына, құрамына және мағынасына қарай жіктелуі*

	Сөз табы	Тұлғасына қарай	Құрамына қарай	Мағынасына қарай
1	Зат есім	<i>Негізгі зат есім</i> <i>Туынды зат есім</i>	<i>Дара зат есім</i> <i>Күрделі зат есім</i>	<i>Деректі зат есім</i> <i>Дерексіз зат есім</i>
2	Сын есім	<i>Негізгі сын есім</i>	<i>Дара сын есім</i>	<i>Сапалық сын есім</i>

		<i>Туынды сын есім</i>	<i>Күрделі сын есім</i>	<i>Қатыстық сын есім</i>
3	Сан есім	<i>Негізгі сан есім</i> <i>Туынды сан есім</i>	<i>Дара сан есім</i> <i>Күрделі сан есім</i>	<i>Есептік сан есім</i> <i>Реттік сан есім</i> <i>Топтық сан есім</i> <i>Жинақтық сан есім</i> <i>Болжалдық сан есім</i> <i>Бөлшектік сан есім</i>
4	Есімдік		<i>Дара есімдік</i> <i>Күрделі есімдік</i>	<i>Жіктеу есімдігі</i> <i>Сілтеу есімдігі</i> <i>Сұрау есімдігі</i> <i>Өздік есімдігі</i> <i>Белгісіздік есімдігі</i> <i>Болымсыздық есімдігі</i> <i>Жалпылау есімдігі</i>
5	Етістік	<i>Негізгі етістік</i> <i>Туынды етістік</i>	<i>Дара етістік</i> <i>Күрделі етістік</i>	<i>Сабақты етістік</i> <i>Салт етістік</i>
6	Үстеу	<i>Негізгі үстеу</i> <i>Туынды үстеу</i>	<i>Дара үстеу</i> <i>Күрделі үстеу</i>	<i>Мекен үстеу</i> <i>Мезгіл үстеу</i> <i>Сын-қимыл үстеу</i> <i>Себеп үстеу</i> <i>Мақсат үстеу</i> <i>Мөлшер үстеу</i> <i>Күшейткіш үстеу</i>
7	Еліктеу сөз	<i>Негізгі еліктеу сөз</i> <i>Туынды еліктеу сөз</i>	<i>Дара еліктеу сөз</i> <i>Күрделі еліктеу сөз</i>	<i>Еліктеуіш</i> <i>Бейнелеуіш</i>
8	Шылау			<i>Септеулік шылау</i> <i>Жалғаулық шылау</i> <i>Күшейткіш шылау</i>
9	Одағай			<i>Көңіл-күй одағайы</i> <i>Шақыру одағайы</i> <i>Жекіру одағайы</i>

ЗАТ ЕСІМ

Заттың (*тас, кітап*), **ұғымның** (*қуаныш, ақыл*), **құбылыстың** (*найзағай, жел*) және **жалқы есімдердің** (*Үсен, Алматы*) атын білдіретін сөз табы.

Сұрақтары: *Кім? Не? Кімдер? Нелер?*

ЗАТ ЕСІМ

↓
тұлғасына қарай




Негізгі зат есім	Туынды зат есім
Бөлшектенбейтін түбір зат есім	Жұрнақпен жасалған зат есім
<i>у, ат, ант, бата, құдық</i>	<i>білім, достық, боран</i>

↓
құрамына қарай



Дара зат есім	Күрделі зат есім
бір ғана түбірден тұрады	кемінде екі сөзден тұрады
<i>от, ара, қант, оқушы, тарақ</i>	<i>кемпірқосақ, ата-ана, ҚазМҰУ</i>

↓
мағынасына қарай



Деректі зат есім	Дерексіз зат есім
көзбен көрінетін заттың атауы	оймен білінетін ұғым мен құбылыс атауы
<i>ағаш, қалам, су, домбыра, есік, сия</i>	<i>қайғы, арман, қуаныш, ақыл, сезім</i>

↓
атауына қарай



Жалқы есім	Жалпы есім
біртектес заттардың жеке атауы	біртектес заттардың жалпы атауы
<i>Асан, Ертіс, Алатау, Күн, Құлагер</i>	<i>кісі, өзен, тау, жануар, кітап</i>

Жалқы есім болатын атаулар

- 1. Кісі аты, тегі, лақап аты:** *Асқар, Оразов, Дикий Арман.*
- 2. Жер-су (ел, облыс, аудан, қала, көше) атауы. Мысалы:** *Ақтау, Оңтүстік Қазақстан*
- 3. Астрономиялық (ғаламшар, жұлдыз т.б.) атауы:** *Күн, Марс, Ай, Шолпан*
- 4. Аң-құстың жеке атауы. Мысалы:** *Ақтөс, Құлагер*
- 5. Мекеме (ұйым, зауыт, фабрика, бірлестік, серіктестік, оқу орындары) атауы. Мысалы:** *Шың-кітап, Сайран автотұрағы.*
- 6. Шығарма (кітап, роман, әңгіме, ән, би, күй) атауы. Мысалы:** *"Абай жолы", "Жезкиік"*

Зат есім жасайтын жұрнақта:*1) Зат есімнің рең мәнін тудыратын жұрнақтар:*

	Жұрнақ	Мысал
1	-еке, -ке, -қа, -а, -е	атеке, Исеке (Иса), Жәке (Жанат), Нүке (Нұрым), Мұқа (Мұхтар)
2	-й	атай, әкей, шешей, жездей
3	-тай	ағатай, әкетай, шешетай, апатай,
4	-жан	ағажан, атажан, апажан, Абайжан, Әкежан
5	-шақ, -шек	құлыншақ, інішек
6	-шық, -шік	қапшық, төбешік
7	-ша, -ше	сандықша, күрекше.
8	-ш, -ыш, -іш	қалқаш, Нұрыш (Нұртай)
9	-сымақ	қорасымақ, таусымақ
10	-қан, -кен, -қай, -кей, -ан, -ң	балақан, шешекей, Дәкен (Дәрікұл)

2) Есімдерден зат есім жасайтын жұрнақтар:

	Жұрнақ	Мысал
1	-шы, -ші	қойшы, күйші
2	-шылық, -шілік	адамшылық, кеңшілік
3	-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік	балалық, адалдық, жолдастық
4	-кер, -гер	айлакер, саудагер
5	-кеш, -стан, -паз, -қой, -қор, -хана	шайхана, арызқой, арбакеш, жемқор

3) Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар:

	Жұрнақ	Мысал
1	-м, -ым, -ім	байлам, күзем, қысым
2	-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе	ұрым, көркем, сүзбе, кеспе
3	-қы, -кі, -ғы, -гі	шалғы, тепкі, бұрғы
4	-с, -ыс, -іс	талас, айтыс, жүріс
5	-қ, -к, -ық, -ік, -ақ, -ек	тарақ, күрек, қызық
6	-ыш, -іш	қуаныш, таяныш, өкініш
7	-н, -ын, -ін	боран, жуын, түйін
8	-у	сабау, жамау, көсеу
9	-ынды, інді	шайынды, үйінді үгінді
10	-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш	сүзгіш, сыпырғыш
11	-ушы, -уші	өлшеуші, бастауыш
12	-ыр, -ір, -р, -ар, -ер	үңгір, шұқыр

--	--	--

Зат есімнің сөйлемдегі қызметі

- 1) Зат есім сөйлемде атау септігінде тұрып, **бастауыш** болады. Кейде "кім? не?" сұрақтары тәуелденіп қойыла береді. **Мысалы: Жел** күшейе түсті. **Әкем** үйге келді.
- 2) зат есім ілік септігінде тұрып және өзінен кейінгі сөзді айқындап, **анықтауыш** болады. **Мысалы:** Қырда **ауылдың** малдары жүр. **Алтын** сағат берді.
- 3) зат есім атау мен ілік септіктерінен басқа септіктерде тұрып, **толықтауыш** болады. **Мысалы: Ертегімен ұрпағыңды естелікке** үйрет.
- 4) Зат есім барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде келіп немесе көмекші есіммен, септеулік шылаумен тіркесіп, **пысықтауыш** болады. **Мысалы:** Көлеңкеде атам отыр. **Отан үшін** аянба?
- 5) Зат есімдер сөйлем соңында жіктеліп келіп немесе атау септігінде тұрып, сөйлемде **баяндауыш** болады. Мысалы: Бала- артта қалған **із**. Мен **оқушымын**.

1 – тапсырма. Тексті оқып, мазмұнын есте сақтаңыздар. Зат есімдері тауып, оларға талдау жасаңыз.

АХМЕТ ЖҰБАНОВ

Амет Қуанұлы қазақтың кәсіби (профессинол) музыкасының қара шаңырағын көтеруші. Ол туған халқының музыка мәдениетін өркендету үшін аянбай еңбек етті. Құрманғазы мен Дәулеткерейдің, Тәттімбет пен Ықыластың, Бріжан мен Ақан серінің, Абай мен Мұхиттың, Балуан шалақ пен Майраның, Жачу Мұса мен үкілі Ыбрайдың, Естай мен Жарылғапбердінің ән-күй шығармашылықтарын наихаттап, бүгінгі ұрпаққа таныстырып кетті.

Қазақ музыканттарының ішіннен шыққан тұңғыш академик Ахмет Қуанұлы Жұбановтың қаламынан туған «Қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы», «Ғасырлар пернесі», «Замана бұлбұлдары», «Құрманғазы», «Ән-күй сапарлары» сияқты зерттеулері бар. олар халық музыкасының тарихын, дәстүрін зерттеу мәселеріне арналған. Бүгінгі таңда Алматы қаласында А.Жұманов атындағы дарынды балаларға арналған РҚМММИ мектеп бар.

2 – тапсырма. *Берілген мәтін үзіндісінен жалқы есімдерді табу. Оларға жалғанған септік жалғауларын ерекшелеу.*

Адам да көп жасар еді...Кедергі көп. Кеше ғана Асаннан қара қағаз келді. Қағазға қап-қара қайғы орап жіберіпті. Ал сол Асан оқ тимесе, ең кемі жүз жасайтын қара нардың өзі еді... оқтан өткір ажал жоқ.

Ағаш та адам тақілеттес. Тамырына балта, өзегіне өрт тимесе, жұлынын құрт кемірмесе, жасын түсіп жайрамаса - ағаш көп жасайды. Алатаудың Ташкентке жетер- жетпес құйрығында жатқан жер жаннаты Бостандық жерінде бір шынар тұр. Өзбектер тақта қағып, жазу жазып қойыпты. Сөйтсе сол шынарды Ақсақ Темір көрген екен. Ақсақ Темірден бері қай заман! Ақсақтың сүйегі баяғыда-ақ қурап қалды. Ал шынар әлі тұр. Кесір-кесапаттан аман болса әлі талай жасамақ.

Дәл сондай Байшынар біздің Мың- Бұлақтың Шоқыбас сайының өңірінде де бар. Мың- Бұлақ Бостандық емес, әрине. Табиғаты да қаталдау. Шынар жарықтық сонда да өскен (Шерхан Мұртаза).

3 – тапсырма. *Берілген мәтін үзіндісіндегі көптік жалғаулы зат есімдерді оқшаулап, оларды деректі және дерексіз зат есімдер түріне ажырату.*

...Айы-күні жеткенде бармақтай-бармақтай балақайлар құм жөргекті тесіп шығып, ата-бабадан хатсыз қалып келе жатқан ақыл бойынша, яғни өмір заңы бойынша тырбаңдап, тіке теңізге қарай асығар. Өне, бәленің бәрі осы құм мен теңіз арасында. Әлі сауыты қатпаған балғын тасбақаның етіне жерік жалмауыздар жан-жақтан андыздап берер. Қаракұс қаптап, жыландар сумаңдайды. Құм жөргектен жаңа шыққан қызылшақа тасбақаларды қырып береді. Ал суға аман-есен жеткендері жыртқыш балықтардан аман қалса, теңіз тасбақасы екі жүз, үш жүз жыл жайбарақат жасай береді.

СЫН ЕСІМ

Заттың түр-түсін, сын-сипатын, сапасын, салмағын, көлемін, дәмін білдіретін сөз табы.

Сұрақтары: Қандай? Қай?

СЫН ЕСІМ

тұлғасына қарай

құрамына қарай

Негізгі сын есім	Туынды сын есім	Дара сын есім	Күрделі сын есім
Бөлшектенбейтін түбір сын есім	Жұрнақпен жасалады	бір ғана түбірден тұрады	кемінде екі сөзден тұрады
<i>сары, таза, тәтті, терең</i>	<i>көшпелі, сөзшең, оқымысты</i>	<i>ақ, бойшаң, жасыл, баласыз</i>	<i>ақ киім, қара торы, тап-таза</i>

мағынасына қарай

Сапалық сын есім	Қатыстық сын есім
сындық белгіні анықтайтын төл сын есім	Басқа сөз таптарынан жасалған туынды сын есім
<i>сұр, қызылдау, үлкен</i>	<i>бойшаң, өнерлі, ауыспалы</i>

Есім сөзден туынды сын есім жасайтын жұрнақтар

	Жұрнақ	Мысал
1	-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті	далалы, орманды
2	-сыз, -сіз	Баласыз, есіксіз
3	-ғы, -гі, -қы, -гі	жазғы, ішкі, күзгі
4	-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік	балалық, жаздық
5	-шыл, -шіл	кекшіл, ымырашыл
6	-шаң, -шең	бойшаң, сөзшең
7	-дай, -дей, -тай, -тей	тастай, судай
8	-қой, -қор, -паз, -кер, -гер	сәнқой, өнерпаз, пәлеқор
9	-и, -ы, -і	тарихи, қазақы

Сын есімнің шырайлары: екі заттың сын-сипатының бір-бірінен артық немесе кем екенін көрсету үшін, шырай жұрнақтары қолданылады.

***Салыстырмалы шырай:** бір заттың сандық белгісін екінші затпен салыстырып, кем не артық екенін білдіреді.

1. **-ырық, -ірек, -рақ, -рек.** Мысалы: *кішірек.*

2. **-лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу.** Мысалы: *ақтау, биіктеу, аласалау, жиілеу.*

3. **- қыл, -ғыл, -қылт, -ғылт, -ғылтым, -аң, -шыл, -шіл, -қай, -ғыш, -қай, - шілтім, -ілдір, -ша, -ше.** Мысалы: *ақиыл, бозаң, ұзынша, қызғылт, қышқылтым, қоңырқай, көгілдір, сарғыш.*

***Күшейтпелі шырай:** белгілі бір сындық белгінің екіншісінен өте артық не өте кем екенін білдіреді.

1. Сын есімнің күшейткіш үстеумен (*тым, өте, ең, аса, нақ, әбден т.б.*) тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *тым ауыр, ең әдемі, аса қадірлі, өте жиі.*

2. Сын есімнің алдынан күшейткіш буынның қосарлануы арқылы жасалады: мысалы, *сап-сары, қып-қызыл.*

Ескерту: "Ақ, көк" сөздерінің күшейтпелі шырай түрі төмендегідей болады: *аппақ, көкпеңбек.*

Ескерту: Сын есімнің 4 шырай түрі бар. Олар: жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай, және асырмалы шырай. Алайда жаңа буын оқулығында шырайдың 2 түрі бар деп берілген: салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай. Асырмалы шырай күшейтпелі шырайға қосылып көрсетілген. Ал жай шырай сөздердің шырайлық қосымшалары болмағандықтан, оларды шырай түріне жатқызбаған.

Сын есімнің сөйлемдегі қызметі

	Ереже	Мысал
1	Сын есім сөйлемде негізінен анықтауыш болады.	Қызыл-сары гүлдер өсті.
2	Заттанған сын есім атау септігінде тұрып, бастауыш болады.	Сыпайы сырын сақтап, әдепті арын сақтап
3	Сын есім заттанып келіп, толықтауыш болады.	Жақсыдан үйрен.
4	Сын есім етістіктің алдынан келіп, іс-әрекеттің амал-тәсілін білдіріп, пысықтауыш болады.	Ол әнді жақсы айтады. Ол бүгін көңілді жүр.
5	Сын есім сөйлем соңында жіктеліп немесе заттанып келіп, баяндауыш болады.	Сен үйдің үлкенісің.

Қосымша мәлімет: Сын есім өзінің мағынасын сақтап, оның үстіне заттық мағынаға да ие бола алады да, сөйлемде зат есім қызметін

атқарады. Оны сын есімнің заттануы (субстантивтенуі) дейді. Мысалы: Білімді (кім?) мыңды жығады.

1-тапсырма. *Мәтінді оқып, одан сын есімдерді теріп, мағасына қарай топтап жазыңыз*

Сыр бойындағы жыр дүлдерінің бірі Ешнияздың жас кезінде шектес ауылда Тыныс деген қыздың сөз тапқырлығы, даналағы һәм оынң әдептілігі, тал жібектей биязылығы, тазалығы ел ішінде аңызға айналған екен.

Ешнияз Тыныстың үйіне келіп, сырттай қарағанда, аяғын сылытп басатын, қара қызға көңілі толмай:

– Тыныс, Тыныс! Мүсін-Мүсін! – дегенге үріп ауызға салғандай, жүзіктің көзінен өткендей, мөлдіреген жүзімдей, алқызыл нарт алмадай, көлдің көркі аққудай, ай нұрлы, албыраған ару-керім екен десем, қап-қара көрім екен ғой! Қатпыш қарны оза даыбра-бақпырт еткен елде де көз қалмаған екен-ау! – дейді нығырта.

Сонда Тыныс қыз:

– О, тәуір құрбым! Қардан аппақ ешнәрсе жоқ, ұстазсаң, қолыңды тондырады. Қазаннан қара нәрсе жоқ, ішіндегісін ішсең, мейіріңді қандырады. Қара бөрік хан басында ақ киіз аяқ астында емес пе? Қыран құс – қырымға, құзғын құс – рымыға деген. Менің шімінің саралығына қарамай, түсімнің қаралығына қараған сіздің көзіңіз де көз емес – ағарып кеткен боз екен! Көзі соқырдың көңілі соқыр – ғаріп, есуастан есірік – ғаріп! Сол есірік пен көңілі соқырдың иә бірі, иә «пірі» болмасаң нетті – депті («Ел аузынан»).

2-тапсырма. *Көркем шығармандан сапа және қатыстық сынға –ден мысал теріп жазыңыз.*

3-тапсырма. *Төмендегі мақал-мәтелдерден негізгі және туынды түбір сын есімді тауып, мақал-мәтелдерді жаттаңыз.*

Жақсыдан жаман туса,
Емі болмас.
Жаманнан жақсы туса,
Теңі болма.

Алдыңғы арба қайда жүрсе,
Соңғы арба сонан жүреді.

Талаптан, талапты ерге нұр жауар.

Сегіз қырылы, бір сырлы.

Алғырды мақта,
Өткірді сақта.

4-тапсырма. Төмендегі жұрнақтар арқылы жасалған туынды түбір сын есімдерді тауып, олармен сөйлемдер құрастырыңыздар.
-шыл,/ -шіл,/ -паз, -ық/ -ік, -лас/-лес, - шаң/-шең.

Мәтінмен жұмыс

Құмырсқалар өркениеті

Құмырсқа тіршілігі адам ақыл-ойын таңғалдырар қызықтарға толы. Ол жай ғана жәндік емес, одан бөлектеу дүние.

Біріншіден, құмырсқа - жер бетінде ең көп кездесетін жәндік.

Екіншіден, құмырсқа - жәндіктердің қоғамдық үрдісте өмір сүретін сирек түрі.

Үшіншіден, олар алып жер бетіндегі ең көне жәндік түрі. Пайда болған уақыты 25 миллион жыл деп есептелінеді. Яғни адамзаттың арғы атасы бұтақтан-бұтаққа секіріп жүрген кездері-ақ бұлар қоғамдасып өмір сүріп жатқан-ды.

Осы жағынан алғанда, құмырсқа тіршілік - ғылыми маңызы бар, ерекше құбылыс. Адамзат пен құмырсқаның қоғамдық өміріне әр қырынан қарап, қызықты салғастырулар жүргізуге болады. Ең алдымен, құмырсқалардың көп-көрім қоғамдық қауымдастықтарға бірігіп, кішігірім мемлекеттер болып тіршілік жасайтындығына назар аударған жөн.

Адамзат қоғамындағыдай оларда да өзара еңбек бөлінісі бар. Бірі - күзетші, бірі - қорғаушы, тағы бірі - малшы, енді бірі жауынгер болып, өз иелерінің игілігі үшін қызмет етеді. Сеніңіз, сенбеңіз, әр илеудің өз құмырсқа -актерлері де болатын көрінеді. Оларға өз өнерін тамашалайтын көрермен керек. Бұл үшін олар бос орынды таңдап алады. Әрине, ол өзге құмырсқалардың көзі түсетін жер болуға тиіс. Сонан соң олай-бұлай бұлғақтап ойнай жөнеледі. Бейне бір цирк алаңында жүргендей. Ғажайып емес пе!?

Құмырсқалар тіршілігіне салиқалы ойлау, қимылдау жүйесін тән деп қабылдаған дұрыс. Тағы бір қызығы - құмырсқалар да дама секілді саяхат жасайды. Бір жерден екінші жерге көшіп қонады. Әр илеудің нақтыланған өз жер аумағы бар. Және сол жер аумағының амандығын олар көзінің қарашығындай қадағалайды. Шекара бұздыңыз ба, жауап беріңіз. Бұл

үшін күрделі дабыл қағу жүйесі жұмыс істейді. Шекарашылар тобы келесі сәтте-ақ сіздің желкеңізді қиып үлгеруі мүмкін.

Соғыс жүргізу тактикасына келсек, жорыққа шыққан құмырсқалар қарсы жақтың илеуіне шабуыл жасағанда, үлкен-кішісі демей, түгел қырып салады. Яғни қарсы жақтан тұтқынға алу - құмырсқалардың соғыс жүргізу қағидасына жоқ дүние. Жеңілген илеуден өздерімен бірге болашақта ішінен құмырсқалар өсіп-өніп шығатын қуыршақшаларды ғана тасып алып кетеді. Осы қуыршақшалардан шыққан жас құмырсқалар д.инеге келген сәтінде-ақ "құлақкесте құлға" айналмақ. Олар илеу ішінде ғана жұмыс істеді. Ұрпақ өрбітпейді. Можантопай күн кешпек.

Құр құмырсқаның өсу сатысы да қызық. Алдымен бала күтуші болады. Кейінірек аналық құмырсқаның жәрдемшісі қызметін атқарады. Осы сындардан сүрінбей өтсе, құрылысшы, сақшы не барлаушы болуға қақысы бар.

Күз аяғы болып, қысқа қамдану жұмыстары уақтылы бітіп жатса, маусым соңын той-томалақпен атап өтуге құмырсқалар да қарсы емес. Мұндай кездері бір илеуден екінші илеуге қонаққа кетіп бара жатқан құмырсқалар көшін жиі байқауға болады. Олар бір-біріне сыйлық ретінде мамандығы әр түрлі жұмысшылар алып барады. Кейде қонақ күткен илеуде меймандардың үштен біріндейі кері қайтпай, қалып қоятын кездері бар.

Мұндай өзара алмасулар екі аралық бейбіт қарым-қатынастың жандана түсуіне әсер етеді. Асылы, жер аумағы, олжа үшін болатын қанды қырғындардың түбі жақсылыққа апармайтынын құмырсқалар да сезетін секілді. Қолдарынан келгенше жүз беріп қалған қақтығысты түсіністікпен шешуге тырысады.

Құмырсқалар қоғамына тән осындай ерекшеліктерді байқағанда, еріксіз адамзат баласы туралы ойға шомасың.

(П. Мариковский)

1.Сөйлемді есімше тұлғалы есімдікпен толықтыр. Құмырсқа тіршілігі адам ойын қызықтарға толы

- А)таңғалдыр
- ә)таңғалдырар
- б)таңғалдырып
- в) таңғалдырғалы

2)Қазақстанда құмырсқаның қанша түрі бар?

- А)200
- ә)500
- б)100
- в) 1000

3.Құмырсқалардың өмір сүру формасы

- А) жеке
- ә) қоғамдасып
- б) дара
- в) оңаша

4.Құмырсқалар әлемінің адамзат қоғамымен ұқсас тұсы

- А) өмір сүруі
- ә) еңбек бөлінісінің болуы
- б) тамақтану үрдісі
- в) мәдениеті

5.Актер құмырсқаның қызметі

- А) бос алаңда өнер көрсету
- ә) тыныштық сақтау
- б) азық тасу
- в) тазалық сақтау

6.Құмырсқалар көз қарашығындай сақтайтын нәрсе

- А) азығы
- ә) су
- б) шекара
- в) тыныштық

7.Құмырсқалар шайқасы қалай аяқталады?

- А) бітімгершілікпен
- ә) татуласу
- б) қуыршақшаларды алумен
- в) жеңілген жақтан тұтқынға алады

8.Құл құмырсқа деген қандай құмырсқа?

- А) тұтқынға алынған
- ә) қуыршақшадан өнген
- б) шайқаста жеңген
- в) жұмысшы

9.Құл құмырсқаның өсу сатысын сәйкестендір

- 1) бала күтуші
 - 2) сақшы
 - 3) құрылысшы
 - 4) ана құмырсқаның жәрдемшісі
- А) А, Ә, Б, В

- ә) А,В,Б,Ә
- б) В,А,Ә,Б
- в) А,Ә,В,Б

10.Күз соңын құмырсқалар қалай өткізеді?

- А) қонақ күтеді
- ә) қонақ күтеді
- б) жер үшін күреседі
- в) өзара бітімге келеді

II Мәтіндегі –у жұрнақты тұйық етістік пен зат есімді тауып, тұлғасына талдау жасандар.

III Мәтін мазмұнын негізге ала отырып, құмырсқаға сипаттама беріңдер.

IV Құмырсқа сипатындағы антоним сөздермен «Жалқаулықтың зардабы» тақырыбында ой толға. Зардаптарды нақты мысалдармен дәлелде.

1.Негізгі сын есімді көрсет

А) ана,мына в) ақ, көк с) ақылды, арлы д) жазған, оқыр е) белсенді, еңбекқор

2.Сын есімнен болып тұрған толықтауышты тап

А) Елу беске бөлінеді. в) Ол көршісімен әңгімелесті.с) Өнерлі жетер мұратқа. д) Мен сізбен ақылдасам. е) Жаманға сөз айтпа.

3.-шілтім,-ғыл арқылы жасалатын шырай

А) жай шырай в) салыстырмалы шырай с) күшейтпелі шырай д) асырмалы шырай е) рай

4. «Жасырын» сөзімен антонимдес салыстырмалы шырай қатарын тап

А) ашық в) жоқ с) өте ашық д) құпия е) ашықтау

5.Туынды сын еімнен жасалған қосарлама қос сөзді тап

А) құрт құмырсқа в) апыл ғұпыл с) ұрмай соқпай д) жігіт желең е) үлкенді кішілі

6.Күшейтпелі шырайлы сын есімді тап

А) пысықтау бала в) ақшыл көйлек с) көкшіл көз д) аппақ қар е) белсенді шаруа

7 .Дара сын есімді тап

А) сары ала в) қара күрең с) түп-тұнық д) биік е) жақсы-жаман

8.Қатыстық сын есімді сөйлемді көрсет

Отформатировано: интервал
После: 0 пт, Междустр.интервал:
одинарный

А) Жатқан тастың астына су бармайды. в) Орманшы отынға жарымайды
с) Дәніккеннен құныққан жаман. д) биік ғимарат мұнартады. е)

Көңілсіздеу жұмыс өнбейді.

9. туынды сын есімді тап

А) абырой в) аспалы с) аласа д) нашар е) ақ

10. Сын есімнің сөйлемдегі қызметін анықта: Күзде суық жел соғып тұр.

А) бастауыш в) баяндауыш с) анықтауыш д) толықтауыш е)

пысықтауыш

11. Сын есім мағынасы жағынан неше топқа бөлінеді?

А) 5 в) 2 с) 3 д) 4 е) 1

12. сапалық сын есімді тап

А) сүтті сиыр в) түнгі ауыл с) малды ауыл д) еріншек бала е) үлкен үй

13. Негізгі сын есімді тап

А) көк в) балалы с) арлы д) жазған е) таудай

14. Сын есімнің сөйлемдегі қызметін анықта: Оның айтқанының бәрі

орынды

А) бастауыш в) баяндауыш с) анықтауыш д) толықтауыш е)

пысықтауыш

15. Туынды сын есімді тап.

А) зерек в) өнерлі с) ащы д) көк е) үлкен

16. Қатыстық сын есімды тап

А) тәтті в) жарық с) қымбат д) ақшыл е) аттылы

17. Күрделі сын есімді тап

А) сұлу в) көнетоз с) биігірек д) толықтау е) пысығырақ

18. Күрделі сын есімдердің жасалу жолы

А) септік қосымшаларынан в) шырай арқылы түрлене алмайтын сын

есімнен с) зат есімдер қосарланып келген жағдайда д) күрделі сан

есімдерден е) бір сөздің қайталануы немес қосарлануы арқылы

19. Сын есімнің сөйлемдегі қызметін анықта: Ескіге жаңа өлшеуіш.

А) бастауыш в) баяндауыш с) анықтауыш д) толықтауыш е)

пысықтауыш

20. Күрделі сын есімді тап

А) қонымды в) балалы с) шырайлы д) көкпеңбек е) ақшыл

21. Дара сын есімді тап

А) балалы үй в) қып-қызыл с) аппақ д) өткір көзді е) көкпеңбек

22. Қатыстық сын есімді көрсет

А) жасылдау в) сабырлы с) ешкім д) нашар е) биік

23. Төменгі үй. Сын есімнің түрін белгіле

А) негізгі в) қатыстық с) күрделі д) салыстырмалы е) сапалық

24. Зат есімнен сын есім жасап тұрған жұрнақты тап

А) қорқақ в) үстеме с) болғандықтан д) өлкелік е) әдеп

25. Заттанған сын есім сөйлемнің қандай мүшесі? Ақылды орнымен сөйлер
де, жауабын күтер.

| А) бастауыш в) баяндауыш с) анықтауыш д) толықтауыш е) пысықтауыш

САН ЕСІМ

Сан есім заттың санын, ретін және қимылдық мөлшерін білдіреді.
Сұрақтары: *қанша? неше? нешінші? нешеу? нешеден?*

Құрамына қарай



<i>Дара сан есім</i>
Бір (негізгі, туынды) түбірден тұрады.
Негізгі сан есім: <i>бес, жүз, екі, мың</i> ; Туынды сан есім: <i>ондаған, жетеу</i>

<i>Күрделі сан есім</i>
Кемінде екі (тіркескен, қосарланған) сөзден тұрады.
Тіркескен сан есім: <i>он бес, отыз бір</i> ; Қосарланған сан есім: <i>бес-он, он-оннан</i>

Сан есімнің мағыналық түрлері

	Түрі	Ереже	Жасалу жолы	Мысал
1	Есептік сан есім	нақты санды білдіреді		<i>бес, он</i>
2	Реттік сан есім	заттың реттік қатарын білдіреді	Сан + (-ыншы, -інші, -ншы, -нші)	<i>екінші оныншы</i>
3	Жинақтық Сан есім	жинақталған санды білдіреді	Сан + (-ау, -еу) ("1, 2, 3, 4, 5, 6, 7" сандарына жалғанады)	<i>біреу екеу</i>
4	Топтау сан есім	заттың санның топтап көрсетеді	Сан + шығыс септігі жалғауы	<i>үштен, он-оннан</i>
5	Болжалдық сан есім	заттың санын болжап көрсетеді.	1) Сан+(-даған, - деген, -таған, -теген, -дай, -дей, -тай, -тей). Мысалы: <i>жүздеген, қырықтай.</i> 2) Сан+ көптік жалғауы+септік жалғауы. Мысалы: <i>отыздарда, елулерге</i> 3) Сан мен жуық, шақты, тарта, т.с.с шылаудың тіркесуі. Мысалы: <i>он шақты,</i>	

			<i>онға жуық</i> 4) Екі түрі санның қосарлануы. Мысалы: <i>екі-үш, 10-15</i>
6	Бөлшектік сан есім	заттың бөлшектік санын білдіреді	1/2 (<i>екіден бір, екінің бірі, екіден бірі</i>), 2,5 (<i>екі жарым</i>), 1,2 (<i>бір бүтін оннан екі</i>).

САН ЕСІМНІҢ ЕЛМЕСІ

- 1) Күрделі сан есімнің әр сыңары бөлек жазылады. **Мысалы: он бес, жүз жиырма үш.**
- 2) Реттік сан араб цифрымен берілсе "- ыншы, -інші, -ншы, -нші" жұрнағының орнына дефис қойылады. **Мысалы: 8-сынып, 25-пәтер.**
- 3) "Жыл, ғасыр" сөздерімен және ай аттарымен тіркескен реттік сан есімнен кейін дефис қойылмайды. **Мысалы: 2010 жылы, 1 мамыр.**
- 4) Реттік сан есім рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды. **Мысалы: I том, XXI ғасыр.**
- 5) "Екі, алты, жеті" сандарына "-*ау, -еу*" жұрнағы жалғанғанда, түбірдің соңындағы "ы, і" дыбыстары түсіп қалады. **Мысалы: *екі+еу=екеу, алты+ау=алтау.***
- 6) Болжалдық сан есім цифрмен берілгенде, қосымша дефис арқылы жазылады. Мысалы: 10-даған, 5-терде.
- 7) Сан есім қосарланып келгенде, дефис арқылы жазылады. **Мысалы: Он-он бес, қырық-елу, 40-50 қой.**
- 8) Болжалдық сан есім жасайтын *шамалы, шақты* т.б. шылаулары өздері тіркескен сандардан бөлек жазылады. **Мысалы: он шақты, жүз шамалы, мыңға жуық, елуге тарта.**
- 9) Цифрмен сан есімдерге жалғанатын жалғаулар дефис арқылы жазылады. **Мысалы: 15-тен, 20-дан, 25-ке.**

Сан есімнің сөйлемдегі қызметі

	Ереже	Мысал
1	Сан есім сөйлемде негізінен анықтауыш болады.	Үйдегі бес-алты малымыз жоғалып кетті.
2	Заттанған сан есім атау септігінде тұрып, бастауыш болады.	Алтау алау болса, ауыздағы кетеді.
3	Сан есім заттанып келіп, толықтауыш болады.	Екеуінен үйренгенің саған жетеді.
4	Сан есім етістікпен тіркесіп келіп, іс-әрекеттің мөлшерін білдіріп, пысықтауыш болады.	Ат баспаймын деген жерін үш басады.
5	Сан есім сөйлем соңында жіктеліп немесе заттанып	Сен үйдің бесіншісің.

келіп, баяндауыш болады.	
--------------------------	--

1-тапсырма. *Мәтінді көшіріп, сөйлемдегі сан есімдердің астын сызып, құрамына, мағынасына, сөйлемдегі қызметіне қарай талдаңыз, көптік жалғаулы сөзді табыңыз.*

Әміре Қаушаубаев бүкіл жүйнежүзілік жарыста қазақтың халық әндерін айтып, 1925 жылы Парижде екінші бәйге алған, теңдесі жоқ әнші, талантты әртіс болған.

Амангелдіге оқ тию эпизодын әртіс Әмірзақов жиырма екі рет қайтлап, шауып келе жатқан аттан жиырма екі рет шын құлап, тек жиырма үшіншісі дубльде ғана киноға түскенін жазды газеттер – соған сүйсіндік (М.Әлімбаев)

2-тапсырма. *Көркем шығармандан сан есімнің қолданылуына 20 сөйлем тауып жазып, оған талдау жасаңыз.*

3-тапсырма. *Жинақтық, болжалдық, топтық сан есімдерді қолданып 15 сөйлем құрап жазыңыз.*

4-тапсырма. *Мәтінді оқып ондағы зат есім, сын есім, сан есімдерге жан-жақты талдау жасаңыз.*

Біздің ортамызға әнші Жәнібек Кәрменов ініміз келді! Сол өнерпаздың әнін тыңдайық дегенде, жұрттың бәрі жапа-тармағай сахна алдына лап қойып, құлақ түріседі. Біржанның «Адасқағынан» бастап, әнші 21 әнді бірінің соңынан бірі төпейді. Халық дән ырза болады. Сол сапардағы үш күн ішінде Жәнібек 178 әннің басын қайырыпты. Ешбір дайындықсыз, бап талғамай, қиналмай, шырқаған. Халыққа жас өнерпаздың аты жаппай таралғанына сапарлас

Жәнібек Кәрменов – бірталайдан бері халық әндерін өз мәнерімен айыз қандыра шырқап келе жатқан жігіт. Оның репертуарындағы 40-50 ән әлі эфирден беріліп, нотаға түспеген туындылар (М.Әлімбаев).

1-тапсырма. *Мәтінді көшіріп, сөйлемдегі сан есімдердің астын сызып, құрамына, мағынасына, сөйлемдегі қызметіне қарай талдаңыз, көптік жалғаулы сөзді табыңыз.*

Әміре Қаушаубаев бүкіл жүниежүзілік жарыста қазақтың халық әндерін айтып, 1925 жылы Парижде екінші бәйге алған, теңдесі жоқ әнші, талантты әртіс болған.

Амангелдіге оқ тию эпизодын әртіс Әмірзақов жиырма екі рет қайтлап, шауып келе жатқан аттан жиырма екі рет шын құлап, тек жиырма үшіншісі дубльде ғана киноға түскенін жазды газеттер – соған сүйсіндік (М.Әлімбаев)

2-тапсырма. *Көркем шығармандан сан есімнің қолданылуына 20 сөйлем тауып жазып, оған талдау жасаңыз.*

3-тапсырма. *Жинақтық, болжалдық, топтық сан есімдерді қолданып 15 сөйлем құрап жазыңыз.*

4-тапсырма. *Мәтінді оқып ондағы зат есім, сын есім, сан есімдерге жан-жақты талдау жасаңыз.*

Біздің ортамызға әнші Жәнібек Кәрменов ініміз келді! Сол өнерпаздың әнін тыңдайық дегенде, жұрттың бәрі жапа-тармағай сахна алдына лап қойып, құлақ түріседі. Біржанның «Адасқағынан» бастап, әнші 21 әнді бірінің соңынан бірі төпейді. Халық дән ырза болады. Сол сапардағы үш күн ішінде Жәнібек 178 әннің басын қайырыпты. Ешбір дайындықсыз, бап талғамай, қиналмай, шырқаған. Халыққа жас өнерпаздың аты жаппай таралғанына сапарлас

Жәнібек Кәрменов – бірталайдан бері халық әндерін өз мәнерімен айыз қандыра шырқап келе жатқан жігіт. Оның репертуарындағы 40-50 ән әлі эфирден беріліп, нотаға түспеген туындылар (М.Әлімбаев).

Мәтінмен жұмыс Қозы Көрпеш–Баян сұлу

Қазақ даласындағы ғасырлар бойы айтылып келе жатқан ең ескі аңыз-жырлардың бірі – Қозы Көрпеш–Баян сұлу. Олардың күмбезі Семей облысындағы Аягөз өзенінің оң жағасында, Таңсық ауылында орналасқан. Бұл VI–VII ғасырлардағы көне түркі заманынан қалған ескерткіш. Мазар шошақ күмбезді қалақ тастан төрт қырлы етіп салынған. Биіктігі – 12 метр. Ертеде оның жанында қолдарына қасиетті құты (ыдыс) ұстаған 3 әйел адамның (Баян сұлу, апалары: Ай мен Таңсық) және бір ер адамның (Қозы Көрпеш) тас мүсіндері бар болған деседі.

Отформатировано: казахский

Жырда Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың махаббаты, бір-біріне деген шын сүйіспеншілігі, аз уақыт қызық көріп, дүниеден ерте кеткендігі жайында және ғашықтардың бақытты өмірлеріне кедергі болған опасыз Қодар туралы жырланады. Аңыз бойынша мазардың ішіне екі гүл өсіп, ортасына тікенек шығады екен. Екі гүл – ғашықтар: Қозы мен Баян, тікенек – Қодар.

Тапсырма

1. Мәтіннен сан есімдерді тауып, емлесін түсіндіріңіз.
2. Берілген сан есімдерді мағыналық топтарға түрлендіріңіз:

ЕСІМДІК

Есімдік -- зат есім, сын есім, сан есімнің орнына қолданылатын сөз табы. "Орынбасар" сөз табы деп те аталады.

Есімдік құрамына қарай: *дара есімдік* және *күрделі есімдік* болып екіге бөлінеді.

Дара есімдік - бір ғана түбірден тұрады. Мысалы: мен , олар, біреу, барлық.

Күрделі есімдік - кемінде екі сөзден тұрады.

Қосарланған есімдік: кімде-кім, өз-өзіне.

Біріккен есімдік: әлдеқашан, ешбір.

Есімдіктің мағыналық түрлері

	Түрі	Ереже	Мысал
1	Жіктеу есімдігі	белгілі бір жақ түрінде қолданылады.	жекеше: мен, сен, сіз, ол көпше: біз, сендер, сіздер, олар
2	Сілтеу есімдігі	нұсқау және көрсету мағыналарын білдіреді.	ол, сол, бұл, мына, мынау, анау, аналар, міне, осы, осылар.
3	Сұрау есімдігі	жауап алу мақсатында қойылған сұрақтар	Кім? не? неше? қай? қайда? қалай? қанша? неге? т.б.
4	Өздік есімдігі	Өздік есімдігіне әртүрлі	өз, өзім, өзіміздің, өз-

		тұлғадағы "өз" деген бір ғана сөз жатады. "Өз" есімдігі көбіне жіктеу есімдігі мен зат есімнің орнына қолданылады.	өзіне. Мен келдім./ Өзім келдім
5	Жалпылау есімдігі	жалпылау, жинақтау мағынасын білдіреді.	барлық, бәрі, бар, барша, бүкіл, күллі, түгел, тегіс
6	Белгісіздік есімдігі	затты, сындық белгіні, сан - мөлшерді жорамалдап көрсетеді	кейбіреу, қайсыбір, әркім, әрбір, әлдекім, бірнеше, әлдеқашан т.б.
7	Болымсыздық есімдігі	Болымсыздық мағынаны білдіреді	еш+(кім, бір, қайда, қайда, қашан т.б.), дәнене, ештеңе

Ескерту: *еш, кей, әлде, әр, қайсы, бір* есімдіктері зат есіммен және сын есіммен тіркескенде, бөлек жазылады: **еш** уақытым жоқ, **кей** кезде, **әр** адам, **бір** түрлі т.б.

Есімдіктің септелуі

Септік	Не	Мен	Ол	Осы	Мына	Өзім	Өзі
А.	не	мен	ол	осы	мына	өзім	өзі
І	ненің	менің	оның	осының	мынаның	өзімнің	өзінің
Б.	неге	маған	оған	осыған	мынаған	өзіме	өзіне
Т.	нені	мені	оны	осыны	мынаны	өзімді	өзін
Ж.	неде	менде	онда	осында	мынада	өзімде	өзінде
Ш.	неден	менен	одан	осыдан	мынадан	өзімнен	өзінен
К.	немен	менімен	онымен	осымен	мынамен	өзіммен	өзімен

Жіктеу есімдігінің жіктелуі

Жақ	Мен, біз	Сен, сендер	Сіз, сіздер	Ол, олар
I жақ	Мен менімен Біз бізбіз			
II жақ		Сен сенсің Сендер сендерсіңдер	Сіз сізсіз Сіздер сіздерсіздер	
III жақ				Ол ол Олар олар

Есімдіктің тәуелденуі

Тәуелдену	Жақ	Есімдік	БҰЛ	ӨЗ	МЫНАУ
Оңаша	I жақ	Менің	бұным	өзім	мынауым

тәуелдену	II жақ	Сенің Сіздің	бұның бұныңыз	өзің өзіңіз	мынауың мынауыңыз
	III жақ	Оның	бұнысы	өзі	мынауы
Ортақ тәуелдену	I жақ	Біздің	бұнымыз	өзіміз	мынауымыз
	II жақ	Сендердің Сіздердің	бұларың бұларыңыз	өздерің өздеріңіз	мынауларың мынауларыңыз
	III жақ	Олардың	бұнысы	өзі	мынауы

1-тапсырма. *Үзінділерден есімдіктердің сөйлемнің қандай мүшесі болып тұрғанын анықтаңыздар.*

I

Бөже маған қақпан құрғанын қойсын! Біреудің сыртын бетке ұстап жүріп, маған арнап оқ атқанын қойсын! Енді осыдан қоймайтын болса, атқан оғын аямасын, тегіс атсын! Бірақ қашан аттың демесін! Ендігі керді тап өзі көреді. Өз басы көреді! Ара ағайын сен емессің. Саған сынататын сөзім емес. Бар, айт осымды! (М.Әуезов)

II

Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, еш нәрсеге көңіліменен қарамадық, көзбен қарамадық, көңіл айтып тұрса сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз.

Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Өз білгенің – өзіңе, өз білгенім – өзіме», «кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол» деген дейміз,. Артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.

Көкректі сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ,. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз.енді осы күнде, хайуаннан да жаманбығз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз (Абай).

2-тапсырма.

Мәтінді жазып, жіктелу есімдіктерін астын сызып, олардың қай септікте тұрғанын көрсетіп, оның жақ арқылы қай қосымшамен байланысқанын айтыңыз.

Шежіреміздің біздің тарихымыздағы орнын жақсы білсекші. Осы нақылдың дұрысы, меніңше «Жердің нәрі – өмірдің әрі болу керек».

- Сіз қалай деп ойлайсыз.
- Мүмкін
- Менің талай ақын достарым бар. Олардың көбінің маған ақындық жақындығынан гөрі, азаматтық ағайындығы бағалырақ.
Сырбай төргі бөлмеге бас сұға:
- Әй, мен саған өлеңмен жауап беремін, – деді.
- Айтып жібер!
- Біздің де жазымыз бар, күзіміз бар.
Біздің де жарқыраған жүзіміз бар.
Қарағым жаңа бір жол таба қалсаң,
Онда да басып кеткен ізіміз бар (М.Әлімбаев)

3-тапсырма. *Өлеңді оқып, ондағы есімдікті тауып талдаңыз, өлеңді жаттаңыз.*

Қазақ осы:

Дала дейтін,

Күн дейтін.

Қазақ осы:

«Өнер алды – тіл» дейтін

Қазақ осы:

Қарасың ба,

Ақсың ба,

Жатырқауды білмейтін

Қазақ осы:

Ашық, жарқын қабағы

Қонақ келсе,

Шабылып бір қалады.

Байқа да тұр

Саған да ол кетерде

Ат мінзігіп,

Жібек шапан жабады.

(Қ.Мырзалиев)

4-тапсырма. *Мәтінді оқып, ондағы сұрау, өздік есімдіктерін тауып, талдаңыз.*

- Ассалаумағалейкум!
- !лейкум салам, балам.
- Өткен-кеткен замандардан білетін қандай өлеңдеріңіз бар?
- Е, шырағым, мал соңында күндіз-түні салпақтап жүрген адамнан не өлең сұрайсыз?

- Ата-бабалардан естіген қандай аңыз-ертегілеріңіз бар?
- О, тәңірі, менің ертегілерімде не мән бар дейсің№
- ОНДА ҚАНДАЙ МАҚАЛ-МӘТЕЛ БІЛЕСІН№
- Ондайларды бала күніміздегі ермегіміз еді, бәрі ұмытылды ғой.
- Жасыңыз нешеде?
- Жетпістен асып барамыз да! (М.Әлімбаев)

1-тапсырма. *Үзінділерден есімдіктердің сөйлемнің қандай мүшесі болып тұрғанын анықтаңыздар.*

I

Бөже маған қақпан құрғанын қойсын! Біреудің сыртын бетке ұстап жүріп, маған арнап оқ атқанын қойсын! Енді осыдан қоймайтын болса, атқан оғын аямасын, тегіс атсын! Бірақ қашан аттың демесін! Ендігі керді тап өзі көреді. Өз басы көреді! Ара ағайын сен емессің. Саған сынататын сөзім емес. Бар, айт осымды! (М.Әуезов)

II

Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, еш нәрсеге көңіліменен қарамадық, көзбен қарамадық, көңіл айтып тұрса сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз.

Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Өз білгенің – өзіңе, өз білгенім – өзіме», «кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол» деген дейміз,. Артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.

Көкректі сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ,. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз.енді осы күнде, хайуаннан да жаманбыфз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз (Абай).

2-тапсырма.

Мәтінді жазып, жіктелу есімдіктерін астын сызып, олардың қай септікте тұрғанын көрсетіп, оның жақ арқылы қай қосымшамен байланысқанын айтыңыз.

Шежіреміздің біздің тарихымыздағы орнын жақсы білсекші. Осы нақылдың дұрысы, меніңше «Жердің нәрі – өмірдің әрі болу керек».

- Сіз қалай деп ойлайсыз.
- Мүмкін
- Менің талай ақын достарым бар. Олардың көбінің маған ақындық жақындығынан гөрі, азаматтық ағайындығы бағалырақ.
Сырбай төргі бөлмеге бас сұға:
- Әй, мен саған өлеңмен жауап беремін, – деді.
- Айтып жібер!
- Біздің де жазымыз бар, күзіміз бар.
Біздің де жарқыраған жүзіміз бар.
Қарағым жаңа бір жол таба қалсаң,
Онда да басып кеткен ізіміз бар (М.Әлімбаев)

3-тапсырма. *Өлеңді оқып, ондағы есімдікті тауып талдаңыз, өлеңді жаттаңыз.*

Қазақ осы:

Дала дейтін,

Күн дейтін.

Қазақ осы:

«Өнер алды – тіл» дейтін

Қазақ осы:

Қарасың ба,

Ақсың ба,

Жатырқауды білмейтін

Қазақ осы:

Ашық, жарқын қабағы

Қонақ келсе,

Шабылып бір қалады.

Байқа да тұр

Саған да ол кетерде

Ат мінзігіп,

Жібек шапан жабады.

(Қ.Мырзалиев)

4-тапсырма. *Мәтінді оқып, ондағы сұрау, өздік есімдіктерін тауып, талдаңыз.*

- Ассалаумағалейкум!
- Уәлейкум салам, балам.
- Өткен-кеткен замандардан білетін қандай өлеңдеріңіз бар?
- Е, шырағым, мал соңында күндіз-түні салпақтап жүрген адамнан не өлең сұрайсыз?
- Ата-бабалардан естіген қандай аңыз-ертегілеріңіз бар?
- О, тәңірі, менің ертегілерімде не мән бар дейсің?
- ОНДА ҚАНДАЙ МАҚАЛ-МӘТЕЛ БІЛЕСІ?

- Ондайларды бала күніміздегі ермегіміз еді, бәрі ұмытылды ғой.
- Жасыңыз нешеде?
- Жетпістен асып барамыз да!

(М.Әлімбаев)

ЕТІСТІК

Етісті - заттың іс-әрекетін, қимылын білдіреді. Сұрақтары: *не істеді? не қылды? қайтті?*

Етісті *тұлғасына қарай, құрамына қарай, мағынасына қарай, болу-болмауына қарай* деп төртке бөлінеді.

Тұлғасына қарай: *негізгі түбір етістік және туынды түбір етістік* ал **құрамына қарай:** *дара етістік және күрделі етістік*.
Мағынасына қарай: *салт етістік және сабақты етістік* ал **болу-болмауына қарай:** *болымды етістік және болымсыз етістік* деп бөлінеді.

ЕТІСТІК

тұлғасына қарай

құрамына қарай

Негізгі түбір етістік	Туынды түбір етістік
қимылды білдіретін төл етістік	жұрнақпен жасалған етістік
<i>кел, кет, көрген, айтпады</i>	<i>Ой-ла, ақыл-дас, сан-а, көг-ер, бай-ы</i>

Дара етістік	Күрделі етістік
бір ғана түбірден тұрады	кемінде екі сөзден тұрады
<i>баста, кес, тасы, тара, аяқта</i>	<i>ала кел (ала-негізгі, кел көмекиі етістік)</i>

мағынасына қарай

болу-болмауына

Салт етістік	Сабақты етістік
Табыс септігінен басқа септіктегі	Табыс септігіндегі сөзбен тіркесетін

Болымды етістік	Болымсыз етістік
Істің жүзеге асуын білдіреді	Істің жүзеге аспауын білдіреді

сөзбен тіркеседі.	етістік.
<i>алады, жазар, өшірді</i>	<i>хатты оқы, ақшаны сана, есепті шеш</i>

<i>айт, айтпа, айтқан</i>	<i>кетпе, барған жоқ, келген емес</i>

ҚОСЫМША:

- Болымсыз етістіктің жасалу жолдары:

1) Етістікке *-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. **Мысалы:** *өшпе, өшірмеген, өшпей.*

2) Етістіктің есімше тұлғасымен **"жоқ, емес"** сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады. **Мысалы:** *өшірген жоқ, өшірген емес.*

- Сөйлемде бір етістік бірде негізгі етістік болып, бірде көмекші етістік

болып ауысып келе береді. Мысалы: **"Ол орындықта отыр екен. Ол орындықта кітап оқып отыр"**. деген екі сөйлемдегі **"отыр"** етістігі бірінші сөйлемде негізгі етістік қызметінде болса, екінші сөйлемде көмекші етістік қызметінде жұмсалып тұр.

Ескерту: **"отыр, тұр, жатыр, жүр"** қалып етістіктері жалаң нақ осы шақ жасағанда, негізгі етістік болады: **Мен тұрмын. Сен жүрсің** т.б. Ал күрделі нақ осы шақ жасағанда, көмекші етістік болады: **Мен айтып тұрмын.**

- Күрделі етістіктің негізгі сыңары есім сөзден болса, ол етістік құрандық

етістік деп аталады: **жәрдем ет, үлгі қыл, дем ал, жақсы көр, қабыл ал.**

- Есім сөздер мен еліктеу сөзден туынды етістік жасайтын жұрнақтар:

	Жұрнақ	Мысал
1	-ла, -ле, -да, -де, -та	аяқта, ретте, өкпеле
2	-лан, -лен, -тан, -тен	ойлан, үйрен, әдеттен
3	-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес	көмектес, пікірлес, сырлас
4	-лат, -лет, -дат, -дет	әндет, түнделеп
5	-а, -е	ата, деме, сына
6	-ай, -ей, -й	күшей, мұнай
7	-қар, -кер, -ғар, -гер	басқар, ескер
8	-ар, -ер, -р	жаңар, ескір
9	-ал, -ел, -ыл, -іл, -л	жоғал, теңел, тарыл
10	-ық, -ік	бірік, дәнік, тынық
11	-сы, -сі, -ымсы, -імсі	үлкенсі, пысықсы
12	-сын, -сін	жатсын, көпсін

13	-сыра, -сіре	әлсіре, қансыра, жетімсіре
14	-ырай, -ірей	кішірей, бақырай
15	-ыра, -іре	бұқыра, күркіре, жарқыра

Етістіктің сөйлемдегі қызметі

	Ереже	Мысал
1	Етістіктер жіктеліп келіп, баяндауыш болады.	Мен биыл бітіремін .
2	Есімше мен тұйық етістік атау септігінде тұрып, бастауыш болады.	Оқу - білім бұлағы. Оқыған озады.
3	Есімше және тұйық етістік атау және ілік септіктерінен басқа септіктерде тұрып, толықтауыш болады.	Білгенге маржан, білмеске арзан.
4	Көсемше қимылдық әртүрлі қасиетін білдіріп, пысықтауыш болады.	Ол күлімсіреп қарады.
5	Есімше және ілік септігіндегі тұйық етістік анықтауыш болады.	Оқудың шегі жоқ. Ізденген адам мұратына жетеді.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, етістікті тауып, оған талдау жасаңыз.

МӘДИ БӘПИҰЛЫ (1880-1921)

Байлықтың зорлығы мен кедейліктің тарлығын көріп, ширығып өске Мәди бұғанасы қатып жігіт атанған кезден-ақ тізе батырған жуандардан кек ала бастады. Сол үшін оны сан рет түрмеге де жаптырады.

Жасынан домбыра тару, ән айтуға бейім болған Мәди ақындық, «Қарқаралы», «Шіркін-ай», «Қаракесек», «Үшқара», «Сәулем-ай», «Туған ел» атты әндері ел арасына кеңінен тарады. Халықтың сүйікті әншісі болды.

Мәди он саусағынан бал тамған өнерлі адам болды: домбыра, қобыз шауып, зерлеп ер-тұман жасады, кісен соқыт, ою ойып, қыз-жігіттің киім үлгілерін пішті, жездеп биік өкше етік тікті. Мәдидің асқақ әндері бүгінгі ұрпаққа мұра боп қалды («Қазақ әдебиеті»)

2-тапсырма. Төмендегі күрделі етістіктермен сөйлем құрастырыңыз.

Келіп кет, алып кет, көріп кет, шығып кет, беріп кет, қайтып кет, алып кел, барып кел, қайтып кел, айтып кел, біліп кел, сұрап кел, беріп кел, жүріп кел, озып кел.

3-тапсырма. *Етістік түбірге үстемелеген әрбір көмекші морфемаға сипаттама беріңіздер.*

Күн кешкіріп суытып келе жатқан. Көлденең қасқыр кездесті. Иттер қуа жөнелді. Биыл бұл жақта қар беріне жұқа мұздақ тұрып қалған едн, иттердің жіліншігін қырқып үшеуі де ақсай басатын. Қасында Кенжетай мен Шондығұл, Еселей де қасқырдың соңына түсті. Еселей қасқырға жақындай берді. Иттері аяншақтап тұрып қалғанын білген жоқ. Аты асқан жүйрік, «Байшұбар» атанған жүректі жылқы еді, бес шақырым жібермей қуып жетті. Енді-енді сойыл сілтер жер қалғанда қасықыр көлденең кездесе кеткен көлге жалт беріп еді, Байшұбар да бірге жат бұрылды. Қасқыр кідірмей тарта берді. Еселей ат-матымен жағадағы жылмаға күмп етіп құлады. Жауырын ортадан әлдене найзадай қадалғандай болып Еселей қозғала алмай қалды. Кенжетай мен Шондығұл келіп жеткенде, шұбар ат олай бұлқынып, бұлай бұлқынып, ойылып кеткен жұққа мұзды кеңітіп алыпты. Еселейдің кеудеден жоғары жағы ғана көрінеді.

(Ғ.Мүсірепов)

4-тапсырма. *Салт етістіктен сабақты, сабақты етістіктен салт етістікке ауысқан етістіктерді жеке-жеке теріп көріп, оларға талдау жасаңыздар.*

Алғаш келгенімде бәрі де шетінен білімді, ақылды көрінген балалардың біразынан озып та кеттім. Күз өтіп, қыс болды. Қаңтардың қақаған қарлы бораны да келіп жетті.

Осы кезле біз қысқы демалысқа шықтық та, ауылға тағы оралдым. Адам алыста көп жүре берген соң ба,... ауылды көп ойлай бермейді екен

(Д.Исабеов)

5-тапсырма. *Төмендегі жұрнақтар ақлы туынды етістік жасаңыздар.*

ай, - ей, -ық, -ік, -кер, -гер, -қар, -ар, -ер, -р, -т, -ей. –ми, -дас, -сен, -жи туынды етістіктің жұрнақтары н түбірден сызықшамен бөліп жазып, омоним қосымшалардың қатарын мысалмен келтіріңіздер.

Болжа, жүрексін, бусан, аса, жалбыр, көлік, көшір, жалғызсыра, бекі, байы, жаныш, күмпи, бүріс.

ТҰЙЫҚ ЕТІСТІК

Тұйық етістік - шақпен, жақпен байланысы болмай, қимылдың атауын ғана білдіретін етістіктің түрі.

➤ **Тұйық етістік - у** жұрнағы арқылы жасалады:

Негізгі етістік		қарау-у
Туынды етістік		ойнау -у
Болымсыз етістік	-у	алма - у
Етіс		оқыт-у

➤ Тұйық етістік есімдерше түрленеді:

1) **Көптеледі:** жүгірулер, жарысулар, тексерулер;

2) **Тәуелденеді:**

Менің айтуым	Біздің айтуымыз
Сенің айтуың	Сендердің айтуларың
Оның айтуы	Олардың айтуы

3) **Септеледі:**

Ілік:	білудің
Барыс:	білуге
Табыс:	білуді
Жатыс:	білуде
Шығыс:	білуден
Көмектес:	білумен

➤ Тұйық етістік жіктелмейді.

Тұйық етістіктің емлесі

Соңғы дыбыс «и, й, к, қ, п, ы, і» болатын етістіктерге тұйық етістіктің жұрнағы жалғанғанда, мынадай өзгерістер болады:

Емле	Мысал
й+у=ю	жай+у=жаю
и+у=ю	жи+у=жию
к+у=гу	төк+у=төгу
қ+у=ғу	жақ+у=жағу
ы+у=у	оқы+у=оқу
і+у=у	жекi+у= жеку
йы+у=ю	байы+у=баю
йі+у=ю	кейі+у=кею
п+у=бу	жап+у=жабу

1-тапсырма: *Тұйық етістік жасайтын –у жұрнағы мен омоним қосымшаны табыңыз, көркем әдебиеттен екеуіне 10 сөйлем жазыңыз*

2-тапсырма: *Мәтіндегі тұйық етістік бола алмайтын сөздерді тауып, ерекшеліктерін түсіндіріңіз.*

Аңсау

- ***Мәтінді түсініп оқып, негізгі ойды айтыңыз.***

Алыс жерден білім іздеп, армандап келген шәкірт бірнеше жыл медресе ауласынан табан аудармады. Баратын жері де жоқ еді. Ұстаздары үйреткен өнегелі білім мен айтқан өсиеттерін тыңдайды да, бірге оқитын жолдастарымен ғана сырласады.

Алайда жыл өткен сайын көкейінде әлденендей бір сарылма ой буырқанып, тасқындай тулай бастады. Тынышсыздықтың нышаны өңінен байқалып жүрді. Адамды қас-қабағынан танитын Әбу Насыр әлгі шәкірттің көңіліне ден қойды.

– Хасан, сен неге мұнайып жүрсің, бір жерің ауыра ма? – деп сұрады бір күні.

– Денім сау, ұстаз... Бірақ соңғы кездері туған ауылым есіме түсіп, аңсау беремін. Тынышым кетіп жүргені сол.

– Ауылың алыста ма?

– Өте алыста. Ніл өзенінің басталатын көмейіндегі қыратта. Оған барып қайту – бір қиямет. Мен үш жыл жол жүріп осында зорға жеткем.

– Қиялға онша салына бермей, сабыр сақтағаның жөн шығар, – деп күрсініп қалды Әбу Насыр.

– Ұстаз, аңсау дегеніміз не? Соны түсіндіріңізші!.. – деп, шәкірттер сөз бағытын бұрып әкетті. Мұңнан қалт сейілген Әбу Насыр шәкірттер талабын қанағаттандырудан бас тартпады.

– Аңсау – аса қатерлі сезім. Оған қол жеткізу үшін барлық ынта-жігеріңді салып ұмтылатын талпыныс керек. Мына Хасан елін, туған жерін аңсап, іштей мұңға батып жүр. Ол – сағыныштың жалыны. Осы жалынның талпындырғыш қуаты бар. Сол қуат арқылы өзің көкसेген мақсатына жету үшін ынтығу – аңсаудың белгісі.

– Сол бұлдыр сезімнен адамның жаны жасып қалмай ма?

– Жасымайды, қайта, аңсау сезімінің қозуы талпыныстың қуатын асырады.

– Талпынған адам мұратына жетеді.

Шәкірттер ғұламаның көкей сарайындағы көзі жаңа ашылған ой қайнарынан сусындағандай көңілдері шайдай ашылды.

3-тапсырма: *Тұйық етістітерді табыңыз, түрлену жолын анықтаңыз, қандай сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалғанын айтыңыз.*

– Әңгіме оның жығылу, жығуында емес. Оншалық әңгімелесуге әзір тілі жетпейді. Палуандар тас көтеру, темір бұрау, кеудеге қойып тас сындыру, тісімен тістеп арба тару, шалқысынан жатып үстінен ат арба жүргізу сияқтыларды үйренеді. Тілеген уақытында нұсқау беріп күрес өнерін үйретуді жетекші палуандарға тапсырды.

(К.Әбдіқадыров)

– Менің Қарамолға жауапқа баруым мен Оспанның жылын беруімізді Тәкежан әдейі байланыстырды ғой Әбішті қойып болысымен Мағаштар Абайдың шақыруымен, асықтыруымен Семейге тығыз-ақ жүріп еді.

(М. Әуезов)

4-тапсырма: *Тұйық етістік құрамында айтылатын 10 мақал-мәтел жазыңыз.*

ЕСІМШЕ

Есімше - есім сөздің де, етістіктің де қызметін атқаратын етістіктің ерекше түрі. Есімше септеліп, тәуелденіп, көптеліп **есім сөздің** қызметін атқарады және жіктеліп **етістіктің** қызметін атқарады.

Есімшенің жұрнақтары:

1) **-ған, -ген, -қан, -кен.** Мысалы: *алған, келген, кеткен.*

2) **-ар, -ер, -р, -с.** Мысалы: *барар, жүрер, оқыр, оқымас.*

3) **-атын, -етін, -йтын, -йтін.** Мысалы: *алатын, өретін, санайтын.*

4) **-мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек.** Мысалы: *бармақ, келмек, жазбақ, жүзбек, айтпақ, кетпек.*

Есімшенің болымсыз түрі

Есімшенің болымды түрі	Есімшенің болымсыз түрі
алған	алған жоқ, келген жоқ

келген	алған емес, келген емес
барар	Бармас
алатын	Алмайтын
бармақ	бармақ емес

Есімшенің жіктелуі

түр	жақ	-ған	-атын	-ар	-мақ
Жекеше түрі	I	барғанмын	Баратынмын	барармын	бармақпын
	II	барғансың	баратынсың	барарсың	бармақсың
		барғансыз	баратынсыз	барарсыз	бармақсыз
III	барған	Баратын	барар	бармақ	
Көпше түрі	I	барғанбыз	Баратынбыз	барармыз	бармақпыз
	II	барғансыңдар	баратынсыңдар	барарсыңдар	бармақсыңдар
		барғансыздар	баратынсыздар	барарсыздар	бармақсыздар
III	барған	Баратын	барар	бармақ	

Қосымша мәлімет: есімшенің "-с" жұрнағы жалғанған болымсыз етістік 1-жақта жекеше түрде жіктелгенде, кейде (көбіне поэзиялық шығармаларда) "-с" жұрнағы мен "-нын, -нін" жіктік жалғауы - екеуі қысқарып, орнына "-н" қосымшасы жазылады. **Мысалы:** отырмаспын-отырман, жүрмеспін-жүрмен т.б.

Есімшенің тәуелденуі

түр	жақ	есімдік	-ған	-атын	-ар
Жекеше түрі	I	Менің	Барғаным	баратыным	айтарым
	II	Сенің	барғаның	баратының	айтарың
		Сіздің	барғаныңыз	баратыныңыз	айтарыңыз
III	Оның	Барғаны	баратыны	айтары	
Көпше түрі	I	Біздің	Барғанымыз	баратынымыз	айтарымыз
	II	Сендердің	барғандарың	баратындарың	айтарларың
		Сіздердің	барғандарыңыз	баратындарыңыз	айтарларыңыз
III	Олардың	Барғаны	баратыны	айтары	

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Отформатировано: Цвет шрифта: Авто

Есімшенің септелуі

Септік	-ған	-атын	-ар	-с
А.	барған	Баратын	барар	бармас
І	барғанның	Баратынның	барардың	бармастың
Б.	барғанға	Баратынға	барарға	бармасқа
Т.	барғанды	Баратынды	барарды	бармасты
Ж.	барғанда	Баратында	барарда	бармаста
Ш.	барғаннан	Баратыннан	барардан	бармастан
К.	барғанмен	Баратынмен	септелмейді	септелмейді

Есімшенің сөйлемдегі қызметі

	Ереже	Мысал
1	Есімше зат есіммен тіркесіп немесе ілік септігінде тұрып, анықтауыш болады.	Оқыған адам озады.
2	Есімше сөйлемде атау септігінде тұрып, бастауыш болады.	Көрмес - түйені де көрмес.
3	Есімше атау мен іліктен басқа септіктерде заттанып қолданылса, толықтауыш болады.	Естігенді ұмытпайды.
4	Есімше барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде келіп немесе көмекші есіммен, септеулік шылаулармен тіркесіп, пысықтауыш болады.	Ол сұрақтың жауабын білегіндей жауап берді.
5	Есімше жіктеліп келіп, сөйлемде баяндауыш болады.	Адал кісі арымас . Сыпайы сырын сақтар .

1-тапсырма. Сөйлемдерден есімшелеріді табыңыз, жұрнақтарының астын сызыңыз, жіктелуіне көңіл бөліңіз.

Елшіден орыс жағдайына өзі қанығып, оын қазақ ордасындағы жағдайдан хабардар етпек. ... бодандықтың арқауы босап, арты қожырап кетпегенін түсіндірмек(Ә.Кекілбаев)

Күз болса Ертіс бойында, әсіресе, Семейде, жел қатайып, дауылға айнала бастайтын. ... Өмір бойғы үйреншікті дағдысы бойынша іркілместен соңына ерді. Оразбай осы хабарды ести сала атқа мінген. Менің ол өсиетті ұғынар жайым жоқ (Ғ.Мүсіреов)

- Бүгін осында маза бермеген соң, әжең екеуіміз қуып шыққамыз, – деп әжесін нұсқады. Құанбай да, Зере, Ұлжан да осы сәскеге дейін хабаршы келмегенін түсіне алмай, аса дағдарған еді (М.Әуезов)

2-тапсырма. *Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыз. Есімишелерді тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңіз.*

Қарғадан қарға туар қарқылдаған,
Жақсыдан жақсы туар жарқылдаған.
Дегендер: «Мен жақсымын» толып жатыр,
Пайдасын өз басынан артылмаған...
Таұылдап, пысықсынып сөйлейтін көп
Екпіндеп ұшқыр аттай қарқындаған
Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп
Ұмытылып талап ойлап талпынбаған,
Бос, босаң, жасық туған бозбала көп
Киіздей шала басып қарпылмаған...

(Базар жырау)

3-тапсырма. *Есімишелердің болымды, болымсыз мағыналары ажыратыңыз, олардың берілу жолдарын анықтаңыз.*

Таппасын білген соң, соңғы кезде оны ойламайтын да. Ысқақ та Әбіш сөзіне бөгелуді ойлаған жоқ. Тәкежан Әбіштің сөзіне таңданған жоқ.
(М. Әуезов)

Топты бастап келе жатқан Ақылбай мен Көкбай бұл ауылдардан қиыс өтетін емес. Жол ұзақ, жүретін уақыт қысқа болғандықтан бұлар енді аттанысымен қатты жүрмекке уәделесті. – Көшу емес, босауға да түсер.
(М. Әуезов)

КӨСЕМШЕ

Көсемше – пысықтауыш пен баяндауыштың қызметін атқаратын етістіктің ерекше түрі. Көсемше іс-әрекеттің жай-күйін білдіріп, пысықтауыш болады және жіктеліп немесе көмекші етістікпен тіркесіп, баяндауыш болады.

Көсемшенің жұрнақтары

	Жұрнақ	Мысал
1	-а, -е, -й	барады, келеді, санайды
2	-ып, -іп, -п	шығып, езіп, санап
3	-ғалы, -гелі, -қалы, -келі	алғалы, бергелі, басқалы

Көсемшенің болымсыз түрі

Көсемшенің болымды түрі	Көшсемшенің болымсыз түрі
барады келеді	бармайды келмейді
барып келіп	бармай келмей
алғалы келгелі	алмағалы келмегелі

Көсемшенің жіктелуі

түр	Жақ	- а	-е	-й
Жекеше түрі	I	барамын	келемін	санаймын
	II	барасың барасыз	келесің келесіз	санайсың санайсыз
	III	барады	келеді	санайды
Көпше түрі	I	барамыз	келеміз	санаймыз
	II	барасындар барасыздар	келесіндер келесіздер	санайсындар санайсыздар
	III	барады	келеді	санайды

Қосымша мәлімет: Көсемшенің «-ғалы, -гелі, -қалы, - келі» қосымшасы жалғанған етістік жіктелмейді.

Көсемшенің сөйлемдегі қызметі

	Ереже	Мысал
1	Көсемше іс-әрекеттің түрлі күйін білдіріп, пысықтауыш болады.	Мен сөйлескелі (не үшін?) келдім. Ол жымып (қалай?) күлді. Көре – көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың.
2	Көсемше жіктеліп немесе күрделі етістіктің құрамында келіп, баяндауыш болады.	Алып та халықтан үйренеді . Ол үйіне барып келді . Ол өз ойына айтып салды .

1-ТАПСЫРМА. *Мәтіннен көсемше жұрнақтарының астын сызыңыз.*

Махмұд Қашқари

Білім қалар артында, ғұмыр сырғып жоғалар.
Махмұд Қашқари

Махмұд Қашқари (XI ғ.) – аса көрнекті ғалым, филолог. Қараханид мемлекетін билеуші әулетінен шыққан. Қашқар қаласында алған білімін Бұхар мен Нишапурада жалғастырған. Махмұд жас кезінен-ақ түркі тайпаларының тіліне, халық әдебиетіне және этнографиясына аса көңіл бөліп, қызыға зерттейді. Орта Азия жерін қоныстанған түркі елдерін түгелдей аралап, олардың өмірі, салт-дәстүрі туралы баға жетпес деректер жинайды. Осы лингвистикалық, тарихи, мәдени және фольклорлық деректердің негізінде ортағасырлық түріктер өмірінің энциклопедиясы болып саналатын үш томдық «Диуан лұғат ат-түрік» («Түркі сөздердің жинағы») атты еңбегін жазады. Бұл шығармада Қазақстан аймағы және түркі тайпалары туралы баға жетпес құнды деректер бар.

Махмұд Қашқари – алғашқы түріктік әлем картасының авторы. Дөңгелек әлем картасы мұсылман картографиясының жүйесінде елеулі орын алады.

2-ТАПСЫРМА. *Көшемше қандай сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып тұрғанын айтыңыздар.*

Жүргіншілердің бұл кезде келіп тірелген жері – Машан тауының желке тұсы екен. Алда Абылғазы бастап жортып келеді. Оның қасында, қатарына ілесіп, әңгімелесіп келе жатқан – Ербол. Әлі күнге тың, ширақ басып келе жатқан құла жирен атын Абай алдыңғы екеуінің артына тақау бастырып, ілгестіріп, қатты бір мең-зеңде келеді. Өзінің ауру сауын да айыра алмайды. Өне бойы соққы жеген кісідей мылжа-мылжа. Кейде Абай жүріп келе жатқан сияқты емес. Жолдың екі жағы тау сияқты да, сол таулар, жартастар бұған қарай өздері сырығып, жылжып, қиыс өтіп келе жатқан сияқты.

(М.Әуезов)

3-ТАПСЫРМА. *Үзіндіні оқып шығып, жанама қимылды білдіретін көсемшелерді табыңыз.*


Ұлпан өртеніп жатқан қыстауына жеткенде үлкен үйі түгел жанып жатыр екен. Кепкен қарағай біресе ысқырынып, біресе үнсіз балқып жанады. Барлық ауылдың пішеншілері келіп қоршап тұр.

Әсіреп ық беттің шөбін өртетіп, өрт алдынан қарғаша жасап қуалай сөндіріп жүр. жиырма шақты жігіт балғын жас қайыңдарды қырып әкеліп, қаттап жиналған қарағай бөренелердің үстіне лақтырады.

Салынып жатқан үлкен үй түс ауа жанып болды. Лапылдап жанып мағайына жолатпаған бөрене қабырғалар құалды да, жаныа бітті.

(Ғ.Мүсірепов)

Етістіктің шақтары



келер шақ

келер шақ

келер шақ

Осы шақ

Етістіктің осы шағы сөйлеп тұрған уақытта болып жатқан іс-қимылды білдіреді. Оның 2 түрі бар: **ауыспалы** осы шақ және **нақ** осы шақ. Олардың ережесі, жасалу жолдары төмендегідей:

Шақ түрі	Ереже	Жасалу жолы	Мысал
1. Ауыспалы осы шақ	Күнделікті болып жатқан іс-қимылды білдіреді.	Етістік+ (-а, -е, -й)+ жіктік жалғау	Күнде барамын Күнде келемін Күнде ойнаймын
2. Нақ осы шақ	Дәл сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді.	Қалып етістігі (жүр, отыр, тұр, жатыр)+ жіктік жалғау	Мен жүр мін Мен отыр мын Мен тұр мын Мен жатыр мын

Нақ осы шақтың түрлері мен олардың жасалу жолдары:

Шақ түрі	Жасалу жолы	Мысал
1. Жалаң нақ осы шақ	Қалып етістігі + жіктік жалғау	Мен жүрмін Мен отырмын Мен тұрмын мен жатырмын
2. Күрделі нақ осы шақ	Көсемше/ қалып етістігі + жіктік жалғау	Мен келіп жүрмін Мен келіп отырмын Мен келіп тұрмын Мен келіп жатырмын

Өткен шақ

Етістіктің өткен шағы сөйлеп тұрған уақыттан бұрын болған іс-қимылды білдіреді. Оның 3 түрі бар: **жедел** өткен шақ, **бұрынғы** өткен

шақ және **ауыспалы** өткен шақ. Олардың ережесі, жасалу жолы төмендегідей:

Шақ түрі	Ереже	Жасалу жолы	Мысал
1. Жедел өткен шақ	Іс-қимылдың жуық арада болғанын білдіреді.	етістік+ (-ды, -ді, -ты, -ті)+ жіктік жалғау	Мен бардым. Сен келдің. Біз айттық.
2. Бұрынғы өткен шақ	Негізінен болғанына көп уақыт өткен іс-қимылды білдіреді.	етістік+ (-ған, -ген, -қан, -кен, -ып, -іп, -п)+ жіктік жалғау	Мен барғанмын. Мен барыппын.
3. Ауыспалы өткен шақ	Сөйлеп тұрған уақыта дейін дағдалы болып тұрған іс-қимылды білдіреді.	етістік+ (-атын, -етін, -йтын, -йтін) + жіктік жалғау	Мен баратынмын. Сен жүретінсің. Сіз ойнайтынсыз.

КЕЛЕР ШАҚ

Етістіктің келер шағы сөйлеп тұрған уақыттан кейін болған іс-қимылды білдіреді. Оның 3 түрі бар: **болжалды** келер шақ, **мақсатты** келер шақ және **ауыспалы** келер шақ. Олардың ережесі, жасалу жолы төмендегідей:

Шақ түрі	Ереже	Жасалу жолы	Мысал
1. Болжалды келер шақ	Іс-қимылдың келешекте болғанын болжап көрсетеді.	етістік+ (-ар, -ер, -р,-с)+ жіктік жалғау	Мен барармын. Сен жүрерсің. Біз төлермін.
2. Мақсатты келер шақ	Іс-қимылдың келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді.	етістік+ (-мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек)+ жіктік жалғау	Мен бармақпын. Сен жүзбексің. Ол айтпақ.
3. Ауыспалы келер шақ	Сөйлеп тұрған уақыта дейін дағдалы болып тұрған іс-қимылды білдіреді.	етістік+ (-а, -е, -й) + жіктік жалғау	Мен ертең барамын.

1-тапсырма:

1. - *ған*, - *ген*, - *қан*, - *кен* формалы бұрынғы өткен шақ етістіктерін табыңыз.
2. «Күзек» сөзінің мағынасын түсіндіріңіз.
3. «Күңгірт» сөзіне фонетикалық талдау жасаңыз.

Күз

Күз келді. Ел жайлаудан қайтып, күзекке беттеп келе жатқан. Шыңғыстың Қыдыр, Қызылшоқы, Бөрлі сияқты тауларының адыр-қатпарлары ауыл-ауылға толған. Жұрт үлкен үйлерді қоймаларға тастап, енді қоңырқай кішілеу үйлер көтеріскен. Жаз жайлайтын аттардың да бұл кездерде еттері ояздап болған. Енді қыс суығына шейін қоң жиып алсын деп, оларды біржола жіберген.

Құлыншақ ауылы – он шақты үй. Бүгін осында Құнанбай жағынан келетін бір келісті ерекше аңдып күткендей. Ауыл желкесіндегі тақыр қызыл кезеңге төрт атты қатты желіп шыққанда, Құлыншақ төбе басында «бес қасқа» деген балаларының ортасында отырған.

Бүгінде күз аспаны күңгірт, айнымалы ала бұлт болатын. Абай мен Әйгерімнің бұл кезде тіккен үйлері «қоңыр үй» деп аталады. Күз кезінде тігілетін күзектік жай. Қазір сол үлкен «қоңыр үйдің» ішінде Абай мен Әйгерімнен басқа Зылиқа бар. Ол үй ортасына сары қидың отын жағып, үлкен қазан көтеріп, жаңадан сойылған тайдың етін түстікке асып жатыр.

(М. Әуезов)

2-тапсырма: *Көркем шығармандан ауыспалы осы шақ және ауыспалы келер шақ тұлғалы етістіктерге 10 сөйлем теріп жазыңыз.*

3-тапсырма: *Болжалды келер формасында қолданылған етістерді табыңыз, жасалуын, мағынасын түсіндіріңіз*

Ашу деген ағын су, Алдын ашсаң, арқырар. Ақылы деген дария, Алдын тоссаң, арқырар. Көп шаңды құлан көтерер, Боранды тұман көтерер. Екі оқты бұлан көтерер. Арғымақтың белгісі, арығынан білдірмес, Асыл заттың белгісі. Қайғырса да бүгілмес.

(«Ел аузынан» кітабынан)

4-тапсырма: *Берілген нақыл сөздер тағылымын өз сөзіңізбен түсіндіріңіз және етістіктердің қай шақта, қай жақта қолданылғанын анықтаңыз.*

Жердің соны шөбін киік білер, жайылым жердің көкорай шалғынын құлан білер; Айырым-айырым жол сүрлеуін түйе білер, жеті бұлақтың көш исін түлкі білер; Ердің батқанын ат білер; Ауыр жүктің тауқыметін тұлпар білер; қай жерде сулы саз барын бөкен білер.

(Қорқыт ата сөздерінен)

5-тапсырма

1. Мәтіннен ауыспалы осы шақ етістіктерін табыңыз.
2. «Хан», «уәзір» сөздерінің мағынасын түсіндіріңіз.
3. Үнді дауыссызынан басталып, үндіге аяқталған сөздерді теріп жазыңыз.

Жүсіп Баласағұн

Көп ойлан, жақсы сөйле – нұсқа болсын.

Сұраса – жауабың да қысқа болсын.

Жүсіп Баласағұн

Жүсіп Баласағұн (XI ғ.) – аса көрнекті ақын, философ, адам жанын терең түсіне білген данышпан. Ол Қараханид мемлекетінің саяси және мәдени орталығы – Баласағұн қаласында дүниеге келген. Жан-жақты мұсылманша білім алған. Араб, парсы поэзияларының және түрік фольклорының қыры мен сырын жетік білген.

Жүсіп XI ғасырда өсіп келе жатқан түркінің өзіндік санасының және мұсылман идеологиясының негізінде тамаша тарихи-көркем шығарма – «Құтадғу білік» («Құтты білік») атты классикалық поэмасын жазады. Бұл дастанда көне дәуір ақыны адамгершілікті, адалдықты тебірене жырлайды.

Оқу-білімге, инабаттылыққа шақырады. Хан мен уәзірден бастап, атшы мен емшіге дейін қоғам алдындағы міндеттерін адал орындауға меңзейді. Парасатты өмір сүру мен дұрыс заңдылықты үйлестіре білу бақытты мемлекеттің негізгі принциптері болған. Жүсіп – ғасырларға ұласатын поэтикалық және эпикалық дәстүрде қалыптасқан түрік сөздігінің шебері. «Құтадғу білік» барлық түркі халықтарының тарихи әрі мәдени мұрасы, рухани өзегі болып табылады.

6-тапсырма: *Мақсатты келер шақ тұлғасындағы етістіктердің астын сызып, жасалу тәсілін түсіндіріңіз.*

Енді мына жұлдызынан көз жазбақ емес, айырылмақ емес. Оразбай өзі тірілей жерге көмкізген Сейіттің өлі-тірісін білмек емес. Дәкежан жоқшылық, мұқтаждық күйін де жасырмақ емес.

(М.Әуезов)

7-тапсырма: *Мақсатты келер шақта қолданылған 10 мақал теріп жазыңыз.*

8-тапсырма: *Жедел өткен шақта қолданылған етістікті тауып, жасалуын түсіндіріңіз.*

Жұрттың бәрі соған қарай дүрлікті, біреу қолын бұлғады, біреулері оның атын атап айқайлады. Күн ұзаққа мүлгіп, тілсізденіп тұрған ауыл бірден жанданып кеткен сияқты болды, шелегін алып әйелдер шықты.

(Б.Майлин)

9-тапсырма: *Бұрынғы өткен шақтың болымды, болымсыз түрлерінің жасалуын түсіндіріңіз.*

Көшіріп алыпсың да, өзіңнен ештеңе қсопапсың. Шеген де үндеген жоқ. Өңменіннен өтердей тесіп бара жатқан көзқарасты мен өмірімде ұната алған емеспін. Екі пулемет анда-санда бір үн беріп, марғаулана бастапты.

(Ғ. Мүсірепов)

Етістіктің райлары

Орындаушының іс-қимылға байланысты ой-пікірін, қатынасын білдіреді. Оның 4 түрі бар: **ашқы рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай.** Олардың ережесі, жасалу жолы төмендегідей:

Шақ түрі	Ереже	Жасалу жолы	Мысал
1. Ашық рай	Іс-қимылдың қай шақта орындалғанын білдіреді.	Үш шақтың жасалу жолдары арқылы жасалады.	Мен келдім. Мен келемін. Ол жейтін.
2. Бұйрық рай	Іс-қимылдың бұйыру, талап ету, өтіну ретінде	Етістіктің бұйрықты түрде жіктелуі арқылы	Мен келейін. Сен бар.

		айтылу мағынасын білдіреді.	жасалады.	Сіз алыңыз. Ол айтсын.
3.	Шартты рай	Іс-қимылдың орындалу-орындалмау шартын білдіреді.	етістік + (-са, -се) + жіктік жалғау	Мен сабақ оқысам, бес аламын.
4.	Қалау рай	Іс-қимылдың орындаушының қалауын, тілегін, ниетін білдіреді.	а) етістік + (-ғы, -гі, -қы, -кі) + тәуелдік жалғау/ «кел» етістігі	Біздің сабақ оқығымыз келеді (келген, келді).
			ә) етістік + (-ғай, -гей, -қай, -кей) + жіктік жалғау	оқығайсыз келгейсің
			б) етістік + (-са, -се) + жіктік жалғау/ игі еді	Ол барса игі еді. Сен келсен игі еді. Біз айтсақ игі еді.

Қосымша: -са, -се жұрнағының мағыналары:

1. бұйыру: айтсай, келсей. _____
2. өтіну: Бұны маған айтсаңыз
3. мезгіл: Ол келсе, жиналыс аяқталыпты.
4. налу, өкіну: Қап, бұны бұрын білсемші!
5. армандау: Шіркін, мұздай су болса ғой!
6. қарсылықты: Қар жауса да, күн жылы.
7. жай мағына: Ал ол болса, үндемей отыр.

Рай тұлғасындағы етістіктердің жіктелуі

түр	Жақ	ашық рай	бұйрық рай	шартты рай	қалау рай
Жекеше түрі	I	бардым	Барайын	барсам	барғаймын
	II	бардың бардыңыз	бар барыңыз	барсаң барсаңыз	барғайсың барғайсыз
	III	барды	Барсын	барса	барғай
Көпше түрі	I	бардық	Барайық	барсақ	барғаймыз
	II	бардыңдар бардыңыздар	барындар барыңыздар	барсаңдар барсаңыздар	барғайсындар барғайсыздар
	III	барады	Барсын	барса	барғай

Қалау райдың жасалу үлгісі

түр	Жак	есімдік	«бар» етістігі	«көр» етістігі
Жекеше түрі	I	Менің	барғым келеді	көргім келеді
	II	Сенің Сіздің	барғың келеді барғыңыз келеді	көрің келеді көргіңіз келеді
	III	Оның	барғысы келеді	көргісі келеді
Көпше түрі	I	Біздің	барғымыз келеді	көргіміз келеді
	II	Сендердің Сіздердің	барғыларың келеді барғыларыңыз келеді	көргілерің келеді көргілеріңіз келеді
	III	Олардың	барғысы келеді	көргісі келеді

1-тапсырма: Сөйлемдерден рай формасында қолданылған етістіктерді табыңыз және қай түріне жататынын анықтаңыз.

Маужырап атқан мамыр айының шапағы ал қызы тудай шайқала қалған екен. Қызыл шапақ астынан күн төбесі көріне бастады. Мөлдір айдын бетінде құбылып, күрең сәуле ойнайды. Көз ұшында шағаладай шаңқан ақ желкендер көрінеді. Аршын мойындарын құрықтай иіріп, жұп-жұбымен аққулар жүр. Кейбіреулері арқасына қайыра салыпты. Теңіз толқыны оларды ақырын ғана тербеп қояды. Көгілдір кеңістікте шоршып сары сазандар ойнайды. – Қой, тентек болма. Бұдан қалса, түс ауа дауылданатын шығар. Алдында тұрса да, түсесің, не батасың, не шығасың. «Жеңіп шық, серме қанатыңды» дегім келеді. Осы бір таза ауаны кеуденді толтыра жұта бергін келеді.

(Ә. Сәрсенбаев)

2-тапсырма: Бұйрық райда қолданылған етістіктердің астын сызып, жіктік жалғауларын бөліп көрсетіңіз.

- Кәне – баланың жолын бір сынайық. Аты Дауыл екен..
- Уа, Дауыл, болма, болма, шал, аяқтан, тарт жанбасқа!
- Келіндер, жеткіншектер, дайындала беріндер.
- Мырзулар, шуламай, тәртіппен айтындар, не керек сендерге?
- Нан бер, нан! – Ажарды босат түрмеден! – Баланияз жазаға тартылыс! – Асқарды емдестін!
- Кәне, мен көмектесейік – дейді ол, өз алдындағы ойындыларды отқа салып келді де.
- Кел ауыстырайық

(М.Әуезов)

3-тапсырма: Мәтінді мәнерлеп оқып, етістіктердің қай рай тұлғасында қолданылғанын беретін мағынасын анықтаңыз.

... Тәкежан, Өзімбайлар жылы киініп алып, дамыл таппай айғайлап, бұйрық етіп тыста жүр.

- Күн жаман боп барады! Сақ бол! Малға сақ бол, шығып кетпесін!
- Ықтырманы баға көріндер! Малшылар, қатындар, тегіс тыста бол, шық тысқа тегіс, көз айырма малдан.
- Ықтырма құламасын! Малға ие бола алмай қаламыз, – десіп әбігер-елекке түскен малжанды байлар ақыра айғайлап жүр.

(М.Әуезов)

4-тапсырма: Өлеңді мәнерлеп оқыңыз, шартты рай етістіктерді тауып, қызметін, мағынасын анықтаңыз.

Азғын артар қаз бен қу,
Суалса айдын көлдері.
Өзінің ойы құлазыр,
Жайлаған кесте елдері.
Тиянақ кетер дариядан,
Бұзылса шалқып сеңдері.
Дарияға кеме жүзе алмас,
Құрсаулы кесте шеңбері
Айдынды туған ер жігіт,
Кемшілік табар майданда
Семсері кесте белдегі...

(«Бес ғасыр жырлайды» кітабынан)

5-тапсырма: Мәтіннен етістіктерді тауып, тұлғасын ажыратып, рай жұрнақтарымен түрлендіріңіз.

Ахмет Иүгінеки

Бақыт жолы біліммен табылады.

А. Иүгінеки

Ахмет Иүгінеки (Ахмед Махмұдұлы Жүйнеки) XII ғасырдың орта кезі – XI ғасырдың бас кезінде өмір сүрген аса көрнекті ақын, есімі кезінде бүкіл ұлан-ғайыр Қарахан мемлекетінің түркілеріне мәшһүр ғұлама-ғалым болған. Ол туралы:

Ақындардың ақыны, даналардың көш басы,

Гауһардан сөз теретін, одан ешкім озбады, – деген өлең жолдары сақталған. Ол өз шығармаларын сол кезде кең тараған түркі тілінде

жазған. Болашақ ақын Сыр бойындағы белгілі қалалардың бірі Жүйнекте (қазіргі Шымкент облысының Түркістан ауданы) туып-өскен. Ахмет Иүгінекидің біздің заманымызға дейін сақталып жеткен жалғыз шығармасы бар. Ол –«Ақиқат сыйы» немесе «Шындық сыйы» деп аталатын дастан. Бұл дастан орта ғасырдағы түркітөктес тайпалардың көбіне түсінікті болған Қараханид түркілерінің тілінде жазылған. Ақын дастанда барша әлемнің сырын ашатын кілт – көкірек көзі ашық, оқыған, білімді адамдардың қолында деген пікір айтады.

Отформатировано: не выделение цветом

6-тапсырма: *Ерікті қалау рай формасын қолданып, «Мен таңдаған мамандық» атты тақырыпта шағы эссе жазыңыз.*

7-тапсырма: *Үзіндіден ашық райдағы етістікті тауып, ерекшелігін талдаңыздар. Одан кейін қандай жіктік жалғауы тұрғанын көрсетіңіздер.*

Сіз орынсыз жәбірлейсіз. Біз болсақ, ауыр еңбегімізді қорғаймыз. Қалай етсеңіз, солай етіңіз, мұныңызға көне алмаймыз. Егер бізді жұмыстан босатып, орнымызға арзанқол жаңа жұмыскер алғыңыз келсе, оныңыздан біз де қорықпаймыз. Босанамыз да кетеміз. Сондықтан, жалақымызды кеміту болмайды деген бұрығыңызды алғанша, ертеңнен бастап жұмысқа да шықпаймыз.

(Ғ. Мүсірепов)

ЕТІС

Іс-қимыл мен оны орындаушының арасындағы қатынасты білдіреді.

Шақ түрі	Ереже	Жасалу жолы	Мысал
1. Өздік етіс	Істі орындаушының өзі істегенін білдіреді.	етістік + (-ын, -ін, -н)	жуын, киін
2. Ырықсыз етіс	Істің орындаушысы көрсетілмей, өздігінен жасалғандай көрінеді.	етістік + (-ыл, -іл, -л) (түбірде «л» әрпі болса, -ын -ін, -н)	айтылды алынды
3. Ортақ етіс	Істің бірлесіп, ортақтасып істелгенін білдіреді.	етістік + (-ыс, -іс, -с)	жазысты бөліскен оқыспақ
4. Өзгелік етіс	Істің үшінші біреу арқылы орындалғанын білдіреді.	- дыр, -дір, -тыр, - тір, - ыр, -ір	жаздыр
		- ғыз, -гіз, -қыз, -кіз	айтқыз, көргіз
		- т	оқыт

		-сет	көрсет
--	--	-------------	---------------

Қосымша:

- **-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес** жұрнағы арқылы жасалынған туынды етістіктер де ортақ етіс мағынасын береді (ақылдас, қоштас, тілдес, пікірлес, сырлас т.б.).
- **-лын, -лін, -ныл, -ніл** жұрнақтары ырықсыз етіс мағынасын береді (алма желінді, жоқ ізделінді).
- **-лын, -лін, -дан, -ден, -тан, -тен** жұрнағымен жасалынған туынды етістіктер де өздік етіс мағынасында жұмсала береді (әурелен, қатулан, шаттан, қаһарлан, мейірлен, әлден т.б.). Сондай-ақ **-ырық, -іркен, -сын, -сін** жұрнақтары арқылы жасалған туынды етістіктер де өздік етіс мәнін береді. (шым-іркен, тұш-ырқан, аз-сын, көп-сін, жер-сін, бәл-сін т.б.)

ҮСТЕУ

Үстеу – қимылдың түрлі белгісін (мезгілін, мекенін, себебін, мақсатын, мөлшерін, амалын) білдіретін сөз табы.



тұлғасына қарай

құрамына қарай



Негізгі үстеу	Туынды үстеу	Дара үстеу	Күрделі үстеу
бөлектеуге келмейтін төл үстеу	жұрнақпен жасалған үстеу	бір ғана түбірден тұрады	кемінде екі сөзден тұрады
ең, ертең, бұрын	бірге, зорға, балаша	ілгері, былтыр	бүгін, қыс бойы

Туынды үстеудің жасалу жолдары:

1. Жұрнақтар арқылы жаслады:

- ✓ *ша, ше* **мысалы:** бұлбұлша, сәбише.
- ✓ *-лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей* **мысалы:** шикілей, қыстай.
- ✓ *-дайын, -дейін, -тайын, -тейін* **мысалы:** тотыдайын, жорғайын.
- ✓ *-нишама, -нишалық* **мысалы:** осыншама, соншалық
- ✓ *-майынша, -мейінше, байынша, бейінше, пайынша, пейінше* **мысалы:** алмайынша, жемейінше.

2. Септік жалғаудың түбірге сіңісіп көнеленуі арқылы да туынды үстеу жасалады:

- ✓ *Барыс септігі* **мысалы:** бірге, босқа, зорға, текке.
- ✓ *Жатыс септігі* **мысалы:** баяғыда, аңдаусызда
- ✓ *Шығыс септігі* **мысалы:** шалқасынан, шетінен.
- ✓ *Көмектес септік* **мысалы:** кезекпен, ретінмен.

Күрделі үстеудің жасалу жолдары

	Күрделі сөз түрі	Мысал
1	бірігу арқылы	таңертең, жаздыкүні, (жаздың+күні)
2	қосарлану арқылы	жоғары-төмен, әрең-әрең.
3	тіркесу арқылы	күні бүгін, ала жаздай, таңсәріде

Үстеудің мағыналық түрлері

	Шақ түрі	Ереже	Сұрағы	Мысал
1	Мекен үстеуі	қимылдың болу орны мен бағытын білдіреді.	қайдан? қайдан? қалай қарай?	ілгері, осында, бері.
2	Мезгіл үстеуі	қимылдың мезгілін білдіреді.	қашан? қашаннан бері?	бүгін, түнде, таңертең
3	Сын-қимыл үстеуі	қимылдың жүзеге асу амалын білдіреді.	қалай? қайтіп? қалайша?	емін-еркін, әрең.
4	Мақсат үстеуі	қимылдың болу мақсатын білдіреді	қалай? не мақсатпен?	әдейі, жорта, қасақана.
5	Себеп үстеуі	қимылдың болу себебін, салдарын білдіреді.	Неге? Неліктен? Не себепті?	амалсыздан, босқа, бекерге.
6	Мөлшер үстеуі	қимылдың мөлшерін, көлемін білдіреді.	қанша қаншама? қаншалық? қаншалап?	неғұрлым, әжептәуір, біршама, соншалық.
7	Күшейткіш үстеуі	қимылды тым күшейтіп не солғындатып көрсетеді.	қалай? қандай?	ең, тым, аса, өте, нағыз, кілең, орасан.

Үстеудің емлесі

- *Негізгі және туынды үстеулер көбіне айтылуы бойынша жазылады. мысалы:* ертең, төмен, күнімен, бұлбұлша.
- *Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған күрделі үстеулердің әрбір сыңары бөлек жазылады.*
мысалы: ала жаздай, күн ілгері.
- *Сөздердің қосарлануы арқылы жасалаған күрделі үстеулер дефис арқылы жазылады.*
мысалы: көзбе-көз, олай-бұлай.
- *Сөздердің кірігуі арқылы жасалған күрделі үстеулер сыңарларының өзгеріске түскен күйінде жазылады.*
мысалы: бүгін (бұл+күн), қыстыгүні (қыстың+күні).

Үстеулердің сөйлемдегі қызметі

- Үстеу қимылдың әртүрлі белгісін білдіріп, сөйлемде негізінен **пысықтауыш** болады. **Мысалы:** Кеше қар жауды.

- Үстеу жіктеліп келіп немесе заттанып, **баяндауыш** болады. Мысалы: Мен **жоғарыдамын**.
- Кейде үстеу заттанып келіп, **толықтауыш** болады. Мысалы: Естілер **ертеңгіні** ескере, көре сөйлейді.
- Үстеу атау септігінде тұрып, **бастауыш** болады. Мысалы: Еріншектің **ертеңі** бітпес.
- Мөлшер үстеу зат есіммен, күшейткіш үстеу сын есіммен тіркесіп келіп, **анықтауыш** болады. Мысалы: **Сонша** алтынды қайдан алады?

1-тапсырм: Мәтіннен үстеулерді табыңыз.

Ерлік

Ерлік – табиғат сыйы емес, ұзаққа созылған тәрбиенің жемісі. Халықта: «Туа батыр болмайсың, жүре батыр боласың» деген нақыл бар. Ерлік деген әр-түрлі жағдайда пайда болады. Ұрыс үстінде жаралану немесе өлу жауынгер үшін кездейсоқ нәрсе емес, сол сияқты ұрыс даласында болып қала беретін ерлік оқиғалардың көпшілігі де кездейсоқ емес, ол – қиындық атаулыны жеңуге ынтық, жанын шүберекке түйе әзірленген дайындықтың жемісі. Кейде мүлде күтпеген жағдай болып қалады, сол бойда жауынгер де өзіне төнген қауіп-қатер салмағын мойнымен көтере тұра, табанда жаңа шешім алады. Идеялық шындалған, моральдық-адамгершілік сапасы жоғары жауынгерлердің ішкі дүниесінде азаматтық борыш алдындағы жауапкершілік, беріспеске бел байлаған жауынгерлік құмарлық түрінде ішкі адамгершілік қасиеттері оянады. Міне, осы ішкі таяныштар ғана ерлік күшін нығайтады, қандай қиыншылық кезең болса да, жауынгердің ұрыс даласында лайықты қадамдар жасауын қамтамасыз етеді. Ерлік дегеніміз – үлкен мақсаттар жолында жасалған ерекше қадам, ол осындай қоғамдық маңызды қадам болғандықтан, мұндай қадам қоғам тарапынан өзіне құрмет те табады.

Б.Момышұлы

2-тапсырма: *Үстеулерді тауып, оның белгілерін көрсетіңіздер.*

Ауыл арасындағы да емес, едәуір алыстан келген, менің бір мектептес жолдасым. Үйленгенімді естіп, әдейі ат терлетіп, құтты болсын айтуға аранйы келген екен.

Біз оған сыр бермегенімізбен, іштей қатты састық. Тағы едәуір кешігіп, жыларман халде үш кесе алып келді. Екеуі – әнеукүнгі өзіміздің төлеуге берген кеселеріміз. Бұл жолы да зығырданнан өткізіп, зорға беріпті кеселерін.

(Әбжан Омавров)

Шай құйып отырған қыздың он саусағы мен беті ғана көрінеді. Қыз өзі сұлу, бірақ, Есней ойның сұлулығын да, имінезін де, ақылын да өз ойындағы оқ жетпес биіктен асыра көріп отыр. Сәдір жігіттерді айдап әкеткен соң, Ұлпан әкесінің қасына отыра кетті де жылай бастады. Еменалы көшпеге бел байлап ауылына бұрқырап келген соң, Сағындық, Қайқы деген екі «қалмақ» Еснейге арыс ете келді. Есней Ұлпанға қарап еді, аз ғана жымып, ақырын ғана басын изеді. Қазір сол айналмай қалған бала шақтың ойыны мен күлкісі бір сәтте жарқ етіп жарып шығып, бір-ақ бұрқ етті. Еснейдің өз ауылы айнадай жарқыраған екі көлдің ортасына, жазыққа қоныпты. Шынар да оны жиырма күн бойы асыға күтті ғой. Шынар өзіне керекті бірдеңелерді іздеп сандықты түбіне дейін тырналаса да, ешнәрсе таба алмады. Шынар ақырын ғана күрсініп қойды.

(Ғ. Мүсірепов)

3-тапсырма: *Негізгі және туынды үстеулерді табыңыз, туынды үстеулерді жасаушы жұрнақтарды бөліп көрсетіңіз.*

Батыста тасыған қазандай кмерінен асып, төгіліп Ақ Еділ жатыр, Шығыста, көз ұшында, шоқ-шоқ тоғайлар қылаңытады, арттарында дөңбек жолдардың басында бұлардың жолдарын көзін сатып Уфа қарап тұр. (Ә.Кекілбаев)

Күлтайдың бірге туысқан ағасы бар еді. (Б.Майлин)

Ескі қыстаудан әрі ұзамай, қалың ағаш сиреп, дала көріне бастады. (С. Мұқанов)

4-тапсырма: *Дара немесе күрделі үстеулерді топтап жазыңыз.*

Бүгін, биыл, ауызекі, таңертең, бозалаңда, мәре-сәре, әрең-әрең, кешқұрым, әзір, ерте, жаңа, кешке, ертемен, әрі-сәрі, келе-келе, кеше-бүгін, астыртын, ауызба-ауыз, дәлме-дәл, нақ биыл, үтсі-үстіне, ебіл-себіл, аса тез, жазға салым, оң жақ, сәлден кейін, құлан таза, өте-мөте, белшесінен батты, ақай жоқ, тоқай жоқ.

5-тапсырма: *Үстеудің мағыналық топтарын ажыратыңыз, сұрақ қойып, сөйлемдегі қызметін көрсетіңіз.*

Ертең бәрібір Ор бойындағы шаһардан әрі қарай аяқ басты-ақ қайтадан бүгежектеуге тура келеді. Бәрі қалмашқа киініп алыпты. Ертеңіне таңертең жарқырап күн шықты. Былтыр күзден бері башқұрт іші сәл-пәл тыныштау. Иә, осы жолы Шәмекейдің желі оңынан шығып тұр. (Ә.Кекілбаев) Соны әуелі Әбіш байқаған еді. Киімшен жаңада жантайған еді. (М. Әуезов). Ол ұлы сәскеде оянды. Содан бері тіршілік осылайша өтіп жатыр. Аяқты апыл-тапыл басқанда керегедегі қамшыға жармасты. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қағылды. Күрделі күй осылайша дүниеге келді. Бұғалықтан көп төмен түспей, екі шекті ерсілі-қарсылы алма-кезек іліп, дөңгеленген

дыбыстарды жалыққанша қайталады. Ықылас атқа қонғанша асықты.
Тәпсір оқыс күрсінді. Бұл жолы күлкісі тіпті ерсі көрінді. (Т. Өлімқұлов)

6-тапсырма: *Қимыл-сын үстеулеріне көркем шығармандан мысал жазыңыз, жасалу жолын түсіндіріңіз.*

ЕЛІКТЕУ СӨЗ

Еліктеу сөз – әр түрлі дыбысқа, құбылысқа еліктеуден және олардың бейнесін елестетуден туындаған сөз

тұлғасына қарай

құрамына қарай

Негізгі еліктеу сөз

бөлшектенбейтін түбір еліктеу сөз.

морт, күрес, селк, тырс

Туынды еліктеу сөз

-ан, -ен, -ың, -ің, -ң жұрнағымен жасалған еліктеу сөз.

ыржың-ыржың, қисаң

Дара еліктеу сөз

бір ғана түбірден тұрады

тарс, күмп, жымың

Күрделі еліктеу сөз

қос сөзден жасалады.

тарс-тұрс, қисаң-қисаң

мағынасына қарай

еліктеуіш

дыбыстарға еліктеуден туындаған еліктеу сөз

Тарс, сарт-сұрт, тасыр-тұсыр.

бейнелеуіш

көру арқылы сипаттайтын еліктеу сөз

маң-маң, сылқ, жалт, күрт, морт, қисаң-қисаң.

Еліктеу сөздің сөйлемдегі қызметі

- Көмекші етістікпен тіркесіп келген еліктеу сөз заттанып, **бастауыш** болады. Мысалы: **Тарс- тұрс еткендер** жақындағандай болды.
- Еліктеу сөз көмекші етістікпен тіркесіп келіп, күрделі **баяндауыш** құрамында жұмсалады. Мысалы: Торғайдың үні **шыр-шыр** етеді. Сұр жылан **ыс-ыс** етеді.

- Еліктеу сөз көмекші етістікпен тіркесіп келіп, сондай-ақ заттанып, **толықтауыш** болады. Мысалы: Ол **тасыр-тұсырды** алыстан естіді. **Қорс-қорс еткенді** тый.
- Еліктеу сөз етістікпен тіркесіп, **пысықтауыш** болады. Мысалы: Ала мысық **зу-зу етіп** өте шықты. Ол **қиран етіп** қайта құлады.
- Еліктеу сөз көмекші етістікпен тіркесіп, зат есім алдында тұрып, **анықтауыш** болады. Мысалы: Сол кезде алдынан **бұрқ еткен** шаң шықты.

1-тапсырма: *Сөйлемнен еліктеуіш сөздерді табыңыз, түрлерін ажыратыңыз, қандай сөйлем мүшесі екенін анықтаңыз.*

Біреулер мырс-мрыс күліп жіберді. Сүтті қолы қалт-қалт етіп төгіп-шашып іше бастады. Жарқ-жұрқ еткен өткір жарықтан бөлме іші жап-жарық. Жер құйқасы қалындаған сайын қарқ-қарқ күлкі күшейіп, аттың жүрісі өнеді. Ханзада оған сылқ-сылқ күліп мәз болған. Екі иығы бүлк-бүлк етеді. Гүрс етіп етбетінен құлады. Иттерінің саңқ-саңқ үргендері жер түбінен жетіа жатты. Алабұртқан жүрегі тар кеудені талқандап шығып кетер жол таба алмай, көкірегін дүрс-дүрс төмпештей түседі. Ысқаяқ офицер кітап пен картаны бұл тартып алатындай-ақ жалма-жан қапшығына салып, сарт-сұрт тиегін бекітті.

(Ә. Кекілбаев)

2-тапсырма: *Дыбысқа еліктеуіш сөздерді бір бөлек, бейнелеуіш сөздерді бір бөлек теріп жазыңыздар.*

Оған жалт етіп қарамай тұра алған жоқ (О.Ә.). Сейіт күтпеген сөзге селк етті(О.Ә.). Жігіт денесі селк етті (О.Ә.). Жігіт денесі шымыр етті(О.Ә.). «Сейіт» деген дауысқа селт етіп, жалт қарады (О.Ә.). Гуілдеген сөз біздің жаңа құрылған кішкентай отауымыздың түңілігін желп-телп еткізді. (Әбжан Омаров). Сол-ақ екен жанама бойында гу-гу. Пыш-пыш әңгіме қоздап, сыпсың өсек, өрттей лаулап жүре берді. (Б.Т.) Аяғында гүрс-гүрс еткен керзі етігі бар. (Б.Т) Жаяу- мжалпы сан-сапалақ жұрт та тапыр-тұпыр етіп, ұбап-шұбап ағылып жатыр. (Бекежан Тілегенов)

3-тапсырма: *Еліктеуіш сөздердің қолданыстағы қызметіне талдау жасаңыздар.*

Шегебай ауласы даң-дұң шуға толып кетті. Бірінің айтқанына екіншісі құлақ түрмейді, шарт та шұрт. Мұндайда сөзі дайын тұратын Саркыз шап ете қалды. (Б.Майлин) Кешке қарай Рахым бүкіл денесі дел-сал (Б.Т). Аяш қаңқ ете қалды (Б.Т). күнде дірдектеп, бүрсең қағып, базар басына бір соғады (Б.Т). Арт жағындағы жол бойында қыбыр еткен жан жоқ, тым-тырыс сияқты (Б.Т). Бала аяғын тыпың-тыпың еткізіп, сүйрете басып, қасында сөлпеңдеп ілесіп келеді (Б.Т). Есік жақ тықыр ете қалып еді (Б.Т).

Гүлшат па деп, елең ете қалып еді. Гүлашттың ызындаған дауысы емес-еміс естіледі. (Б.Т). Рақым өзіне –өзі разы болмайды, дел-сал күйде жүр (Б.Т). Солардың бұлтаңдаған қылт етпе мінезінен тайсақтап, райынан қайтты. (Бекежан Тілегенов)

ОДАҒАЙ

Одағай – дербес мағынасы жоқ, адамның көңіл күйін білдіретін немесе жануарларға қаратылып айтылатын сөз.

Мағынасына қарай: *КӨҢІЛ-КҮЙ* одағай, *ЖЕКІРУ* одағай, *ШАҚЫРУ* одағай.

- **Көңіл- күй одағай** – адамның түрі көңіл-күйін білдіретін сөз. Мыс.: *Алақай (қуану), әттең (өкіну).*
- **Жекіру** одағай – жекіру, тыйым салу мәнін білдіретін сөз. Мыс.: *тәйт, жә, тек.*
- **Шақыру** одағай – мал, ит-құсты шақыруға не қууға байланысты айтылатын сөз. Мыс.: *шөре-шөре, құрау-құрау.*

Одағайдың ерекшеліктері

- Одағайда дербес лексикалық мағына болмайды. **Мыс.:** *әттең, япыр-ай.*
- Одағай сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейді, сондықтан үтірмен бөлек тұрады. **Мыс.:** **Қап**, алып тастау керек еді.
- Одағай сөйлем мүшесі бола алмайды, яғни сөйлем мүшесіне талтанбайды. **Мыс.:** **Әттең**, қазір жанымда әкем болғанда ғой.

1-тапсырма: *Одағай сөздерді тауып, олардың басқа сөз табынан ерекшелігін атаңыздар.*

- Шіркін-ай, осы өлеңдерді бұл неге ертерек оқымады екен?! – О,о немереңнің бауы берік болсын! – Ойбай, не болды! – деді кемпір тағы да шайын шашып алып. – О , құданың құдіреті, – деді Кемпірбай түске түсіне алмай. – Әй, кемпе-ер, – деді ол үйіне көңілдене кіріп.
- О, хан, сен ел шабуды қоймадың, мен елшілікке келуден танбадым, – дейді.
- Ах,!.. Менің Қарашашым өлген екен ғой? – депті Жиренше.
- Апырмай-ә, келіп тұрған нәрсенің кетіп қалғанын қарашы. Қатын билеген шаңырақ қараң қалады деген осы-ау! Ой, тоб-ай, ой, тоб-ай! – деп басын шайқап қала береді.

(Шешендік сөздер)

2-тапсырма: Мәтіннен одағайларды тауып, түрлеріне қарай ажыратыңыз.

Абайдың жауабы

Абай он үш жасында қайын атасы Алшынбайға сәлем беруге келеді. Абайдың қайын жұрты да, нағашысы да – Қаракесек ішіндегі Шаншарлар. Абай атасының үйіне кіріп келсе, Шаншардың алты-жеті қарты жиендерін әрі сыйлау, әрі сынау мақсатымен оны арнайы тосып отыр екен.

Абай есіктен кіре дауысын созып:

- Әс-сә-лә-ма-ға-лей-кум! – деп, үйдегі кісілерге сәлем береді.
 - Сонда қарттың бірі:
 - Пай-пай-пай, мына көмейі суырылған шешеннің ұрпағы-ай, сәлемнің өзін әндете баптауын-ай! – дегенде, екінші қарт іле:
 - Е, әкесі Құнанбайға ұқсамай, өзін тіл мен сұқтан құдайдың сақтауын-ай! – деп қалады. Үшінші қарт жұлып алғандай:
 - Әлден-ақ жүндес тоқты қошқардай, бүкіл денесін қалың түктің қаптауын-ай, – дейді...
- Сол кезде Абай басқа Шаншарларға сөз кезегін бермей, тосыннан киіп кетіп, әлгі үшеуіне тесіле қарап тұрып:
- Әй, әттеген-ай! Әуелде қыздарыңды ұзатқанда, бәрің бірдей жабыла жамырап: «түкті бала таппа» деп айтпауың-ай! – деп төрге барып отыра кетіпті...
- Орталарында отырған Алшынбай аналарға оқыс бұрылып, рақаттана мырс-мырс күліп:
- Ал, ендеше, үшеуіңе бір сыбаға! – деген екен.

Отформатировано: не выделение цветом

3-тапсырма: Көңіл-күй одағайларын табыңыз, сөйлемге қандай мән қосып тұрғанын анықтаңыз, тыныс белгісін қойыңыз.

– Ойбай ай тағыда не біліп қойды маскара болмайық – деп Айзада тартқыншақтай берді. – Ой Жәкеай, бір біз емес, барлық елдің басындағы нәрсе, сасатын не бар, – еді (Ш.мұртазаев). мұны бастап жүрген кім екен? (Ә.Әбішев). – Апырау олар онда не істеп жатыр? (Ш. Құмарова). – Уа неғып қадалып қалдыңыздар? – Апырау Сүгірәлі ғой мынау... (Ғ. Мүсірепов). У у қатып қалыпсың ғой, қазір, қазір (Д.Исабеков). – Е солай десеңші – Е-ей жассың, бңлмейсің – деді кемпір оның ізінше. – Пай пай қарны жер сызған мама билер де бар екен (Х. Есенжанов). Бәсе бәсе сой сөйтпін! Таспа тілгендей соқ бауыр сыртынан! – дей түседі (М.Әуезов). Япырмау Қасымхан деген атты қайдан естідім? Ойдайт, біздің қыз айтысқа ышқты (Б. Нұржекеев).

4-тапсырма: *жөкіру, шақыру одайғайларын табыңыз.*

– Жә, жігіттер, сөз бен істі таныдық қой, Мағаш шырақ, барды көрді ғой көзің? (М.Әуезов). Тәйт, жу қолыңды (Ш. Құмарова).

– Тәйт! – деп, жұлып алды да, босағаға бір-ақ соқты (Ғ.Мүсірепов).

– Жә, жарайды онда, тек тоңып қалма, қарағым. – Тәйт, желіктірме ақымақ немені. – Жә, жә, жетер енді. – Жә, тоқтат көкжалдың бөлтіргі (Ө. Сәрсенбаев). – Кәһ, кәһ, Ақтөс, келші, суретіңді саламын. – Мыш-мыш мысығым, көзі қысық, мысығым (Балдырған журналынан)

СӨЗ ТАПТАРЫН ҚАЙТАЛАУ

1-тапсырма: *Сөйлемдерге толық морфологиялық талдау жасаңыздар.*

Сұлтанмұрат тырнаның ерте қайтқанының жақсы ырым екеін еске алды. ... Тырнарлар көк аспанның шалқар мұхитында мамық қанаттарын баяу самғап, біресе бірлі-жарымы сұңқ-сұңқ етіп, біресе бәрі жабыла тыраулап барады. Мөп-+мөлдір ауада олардың сүңгідей ұзын мойындары, имиген тұмсықтары, бауырына қысып алған аяқтары алақандағыдай апанық көрініп тұр. Кейде қанаттарының ұштары ағараңдап қалады (Ш. Айтматов).

2-тапсырма: *Көркем шығармандан табиғат көрінісін суреттейтін үзінді жазыңыз, әрбір сөйлемді сөз табына талдаңыз.*

3-тапсырма: *мәтінді оқып, ондағы сөздерге жалпы морфологиялық талдау жасаңыздар.*

Қонақ үйде, дөңгелек үстел үстінде, қызғылт, күңгірт сәулесі бар, тас шам жанып тұр. Оқтын-оқтын іргеден соққан жел лебімен әлсіз шам, кейде ұйытқып, шалқи түсіп, кейде лапылдап, жалпылдап жанады. Қырын отырған әкесінің кесек пішіні Абайға жартылай ғана көрінеді.

Түсі суық, қара сұр жүзіне болғылданып түгі де шығып алыпты. Жалғыз өзі ұзақ сөйлеп отыр. Зо даусында ыза мән зіл бар. Кейде Абайға қызық көрінетін бір мақалдар, мәтелдер айтылып кетеді.

Абай әкесінің сөз желісін, түр мәнісін түсінген жоқ. Кейбір мақалдарын ғана таңдана шешіп отыр. Осы бір үлкеннің мұндай жердегі салты бойынша, әкесі де тұспалдап, орағытып ұқтырмай сөйлейді. Бір сөзі мен бір сөзін жалғастыруға Абай үлгермей, адасып қап отырды. Өзіне салса, жаңағы көңілді үйге, шешелер жанына, қазір кетер еді. Бірақ әкесі шақырған соң, енді шығып болмайды.

(М.әуезов)

Морфология қорытынды тест

Жазып көрсетіңіз

тік райларының қай түріне жатады?

- A) ашық рай
- B) қалау рай
- C) бұйрық рай
- D) қимыл рай
- E) шартты рай

Үстеу нені білдіреді?

- A) Заттың сының, сапасын білдіреді.
- B) Іс әрекеттің қазіргі кезде болып жатқанын білдіреді.
- C) Заттың қимылы мен амалын білдіреді
- D) Қимыл мен істің мезгілін, жай-күйін, мекенін, сынын мөлшерін білдіреді.
- E) Заттың санын, мөлшерін білдіреді.

Туынды зат есімді көрсетіңіз

- A) тоқтам
- B) баланы
- C) әкені
- D) балада
- E) іні

Септеулік шылауды көрсетіңіз

- A) мен, бен, пен
- B) тарта, қарай
- C) кейде, әлде
- D) сол себепті
- E) -да, -де, -та, -те

Мөлшер үстеуді табыңыз?

- A) төмен
- B) мұнаш
- C) ерте
- D) тым
- E) әдейі

Қарсылықты жалғауды табыңыз?

- A) мен, бен, пен
- B) түгіл, тұрмақ

- С) әлде, кейде
- Д) өйткені, себебі
- Е) дегенмен, сонда да

Тіл білімінің қай саласы сөздің шығу тарихын зерттейді?

- А) этимология
- В) лексикология
- С) морфология
- Д) синтаксис
- Е) фонетика

Бірінші -есімдіктің қай түріне жатады?

- А) өздік
- В) сұрау
- С) болымсыздық
- Д) белгісіздік
- Е) жалпылу

Сапалық сын есімді көрсетіңіз?

- А) сәулетті
- В) азулы
- С) тәтті
- Д) ақылды
- Е) ізшіл

Туынды түбірді табыңыз

- А) ұрыс
- В) оқиды
- С) сумен
- Д) келген
- Е) оқиды

Етістік тудыратын жұрнақты көрсетіңіз?

- А) -қыл, -ғыл, -ғылтым
- В) -ыншы, -інші
- С) -н, -ін, -ын
- Д) -ыңқы, іңкі, -ңқы, -ңкі
- Е) -сыз, -сіз

Күрделі етістікті табыңыз

- А) қалдырды
- В) отырмақшы
- С) қағанаттандырлығы
- Д) кетіп қалды

Е) айттыру

Сабақты етістікті көрсетіңіз

- А) Өтірікшінің шын сөзі зая кетеді
- В) Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді
- С) Су сүзілмейді, сүйек үзілмейді
- Д) Тіл-тас жарады, тас жармаса, бас жарады.
- Е) Ақпейілдің аты арып, тоны тозбайды

Тәуелдеулі сөзді табыңыз

- А) жоспарладым
- В) жоспарлаймын
- С) жоспарламақпын
- Д) жоспармен
- Е) жоспарларының

-нда, -нде қай септік жалғауы

- А) барыс
- В) шығыс
- С) жатыс
- Д) табыс
- Е) көмектес

Жіктік жалғауын табыңыз

- А) оқушыларды
- В) оқушыларымыз
- С) оқуым
- Д) оқылуы
- Е) оқылады

Әп-әдемі сөзі қалай жасалынған

- А) қысқару арқылы
- В) бірігу арқылы
- С) қосарлану арқылы
- Д) тіркесу арқылы
- Е) қосымша арқылы

Көңіл-күй одағайын табыңыз?

- А) рақмет, құт
- В) тәйт, әрі
- С) шөре-шөре
- Д) әттеген-ай, беу
- Е) осылай болмақ

Еркін тіркестік табыңыз

- А) жас түлектер
- В) көзді ашып жұмғанша
- С) қой үстінде бозторғай жұмыртқалайды
- Д) көз ілмеу
- Е) көзден таса болу

Атауыш сөзді табыңыз

- А) жаны
- В) дейін
- С) қол
- Д) қарай
- Е) екен

Ашық рай формасын көрсетіңіз?

- А) тексерсе
- В) тексермек
- С) тексермеңіздер
- Д) тексергісі келеді
- Е) болса болсын

Дерексіз зат есімді көрсетіңіз

- А) мінез
- В) су
- С) орман
- Д) адам
- Е) қалам

Кеңірек сын есімнің қай түрі

- А) қатыстық сын есім
- В) сапалық сын есім
- С) күрделі сын есім
- Д) тіркескен сын есім
- Е) күшейтпелі шырай

Есімше жұрнағын табыңыз

- А) -ғалы, -гелі, -қалы, -келі
- В) -ып, -іп, -п
- С) -ған, -ген, -қан, -кен
- Д) -ды, -ді, -ты, -ті
- Е) -а, -е, -й

Салыстырмалы шырайды көрсетіңіз?

- A) нағыз білімді
- B) толық
- C) қызыл
- D) қоңырқай
- E) дауысты

Оқиды етістігіндей – й қай жұрнақ?

- A) келер шақ есімше жұрнағы
- B) өткен шақ көсмше жұрнағы
- C) ауыспалы шақ көмекше жұрнағы
- D) өткен шақ есімше жұрнағы
- E) осы шақ есімше жұрнағы

Септік жалғауын табыңыз

- A) келді
- B) айтады
- C) ақылды
- D) күлгенді
- E) күтті

Сын есім тудыратын жұрнақты көрсетіңіз?

- A) -қыз, -кіз
- B) -шыл, -шіл
- C) -лар, -лер, -дар, -дер
- D) -а, -е, -й
- E) -ғалы, - гелі, -қалы, -келі

Жедел өткен шақ формалы етістікті көрсетіңіз

- A) қағанаттанды
- B) қағанаттанғанды
- C) қағанаттанды
- D) қанағаты
- E) қағанатты

Екі-үш шамасы-қандай сан есім?

- A) топтау
- B) реттік
- C) есептік
- D) болжалдық
- E) жинақты

Болымсыздық етістік жасайтын қосымшаны көрсетіңіз?

- A) -дыр, -дір, -тыр, -тір
- B) -ыншы, -інші
- C) -ау, -еу
- D) емес, екен
- E) -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе

Ұйқышыл сын есімнің қай түрі?

- A) сапалық сын есім
- B) қатыстық сын есім
- C) біріккен сын есім
- D) қосарлы сын есім
- E) қысқарған

«Пісіру» - етістің қай түріне жатады?

- A) негізгі етіс
- B) өздік
- C) ырықсыз
- D) өзгелік
- E) ортақ

Жинақты сан есімді көрсетіңіз?

- A) мыңға тарта
- B) біз бесеу едік
- C) он бесінші қатар
- D) мыңның жартысы
- E) мыңдаған

Өздік етісті табыңыз

- A) тістену
- B) алдыру
- C) жасалу
- D) айтысу
- E) әкелу

Өткен шақ көсемшені табыңыз?

- A) -ған, -ген, -қан, -кен
 - B) -ып, -іп, -п
 - C) -а, -е, -й
 - D) -ды, -ді, -ты, -ті
 - E) -атын, -етін, -йтын, -йтін
- ақ, -ғана -шылаудың қай түрі?
- A) Септеулік шылау

- В) талғаулықты жалғаулық
- С) қарсылықты жалғаулық
- Д) себеп-салдар жалғаулық
- Е) демеулік шылау

Бұрын болып тұратын. – тіркестегі етістіктің -атын жұрнақ қай жұрнақ?

- А) келер шақ есімше
- В) келер шақ көсемше
- С) өткен шақ көсемше
- Д) ауыспалы шақ есімше
- Е) етістіктің осы шағы

Бұйрық райлы етістіктің III-жақ формасын көрсетіңіз?

- А) күтпейді
- В) күткім келеді
- С) күтсін
- Д) күтейін
- Е) күтеді

Бұл жерде есімдіктің қандай мағыналық тобы артық?

- А) сілтеу
- В) жалпылау
- С) сұрау
- Д) топтық
- Е) жіктік

IV- ТАРАУ

СИНТАКСИС

Синтаксис (грек. «құрастыру, біріктіру, рет» - сөз тіркесі мен сөйлемнің құрылысын қарастыратын грамматиканың бір саласы.

СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛДЕРІ

	Тәсіл атауы	Ереже	Мысал
1	Қосымша (жалғау)	Сөйлемдегі сөздер жіктік, септік және тәуелдік жалғаулармен байланысады.	Мен оқушымын. Балаға берді. Үйдің есігі.
2	Шылау (септеулік	Сөйлемдегі сөздер септеулік	Отан <u>үшін</u> отқа

	жалғаулық)	және жалғаулық шылаулармен байланысады.	түс. Ол алма <u>мен</u> өрікті алды.
3	Орын тәртібі	Сөйлемдегі сөздер ешбір жалғаусыз қатар тұрып, орын тәртібі арқылы байланысады.	алыс жер, атақты адам
4	Интонация (дауыс ырғағы)	Сөздер интонация арқылы байланысады. (Интонация арқылы байланысқан сөздер сөйлем болады.)	Асан – оқушы.

Ескерту: көптік жалғау мынадай жағдайларда ғана сөздерді байланыстырады:

- 1) Біздер келдік.
- 2) Сендер келдіңдер, сіздер келдіңіздер.

СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТҮРЛЕРІ

	ТҮРЛЕРІ	Ереже	Мысал
1	Қиысу	1) сөздердің жіктік жалғауы арқылы байланысуы; 2) сөздердің интонация арқылы байланысуы; 3) бастауыш пен баяндауыштың байланысуы; (Қиыса байланысқан сөздер сөйлем болады.)	Мен жаушымын. Сен баласың. Мұрат ақын
2	Матасу	ілік септігіндегі сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің байланысуы	баланың үйі біздің гүліміз
3	Меңгеру	екі сөздің табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің жалғаулары арқылы байланысуы	суды төкті ағасына берді бізде бар бізден сұрады бізбен келді
4	Қабысу	Сөздердің ешбір жалғаусыз тек орын тәртібі арқылы іргелес тұрып байланысуы (бірінші сөз анықтауыштың сұрағына жауап береді)	қара қалам, қызықты оқиға, төрт батыр
5	Жанасу	а) сөздердің ешбір жалғаусыз бірде іргелес бірде алшақ тұрып байланысуы; ә) пысықтауыш пен баяндауыштың байланысы.	кеше болды, әдейі келді, сол арқылы білді

Жанасу болатын байланыстар:

1. Үстеу мен етістік: *түнде оқиды, тез сөйледі;*
2. Сын есім мен етістік: *жақсы оқиды, әдемі сөйлейді;*
3. Сан есім мен етістік: *үш оқиды, екі сөйледі;*
4. Көсемше мен етістік: *асығып оқиды, ойланып сөйлейді;*
5. Есімдік пен етістік; *әрдайым оқиды, әрқашан сөйлейді*

Ескерту: 1 – 4 қатардағы байланыс түрлері оқулықта етістікті қабысу дер берілген.

Желтоқсанда үзілген жауқазын

Сәбира...

Сәбира десем, көз алдыма қары кете қоймаған көктем келеді. Сол сүрі қар ерімеген көктемде қыр асып, қар басып, жауқазын теріп жүрген қыз бала елестейді.

Сезімтал да сергек қыз ұстаз болуды армандайтын. Сол асқақ арман оны үйден ерте жетелеп алып шықты. Орта мектептің сегізжылдық сыныбын бітірісімен облыс орталығы Өскемен қаласына сапар шекті.

Алтай тауының адырлы етегінде орын тепкен, көк жасыл орман көмкерген әсем қала Сәбираны жылы қарсы алды. Ол бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлайтын оқу орнының студенті атанды. Мұнда ол алмастай өткірлігімен құрбыларының алды болды, әділетсіздікке жаны қас еді.

Кешікпей Алматыдағы болған Желтоқсан оқиғасының жаңғырығы алыс жатқан Алтайға да жетті. Сол кездегі еліміз астанасындағы қанды шеру оқиғасынан хабардар болғанынан Өскемен қаласының алаң көңіл жастары да көшеге шыққан. Әсіресе, көзі ашық, көкірегі ояу студенттер қала ортасындағы Ушанов алаңына қарай сап түзеп, өлең айтып шеру тартты. Міне, солардың ортасында әділет жолын іздеген, алыстағы Алматы жастарының бейбіт шеруін жұдырықтай жүрегімен қолдаған Сәбира Мұхамеджанқызы да бар еді. Өкінішке орай, олардың әділдік аңсаған үніне ешкім жауап қатпады. Алтайдың ақшұнақ аязы қысқан алаңда жас жеткіншектерді жазықсыз балағаттап, тәртіп сақшылары ұрып-соғып, темір торлы жабық көліктерге қамап, қалғанын қуып таратып жіберді.

Ойран болған қала іші қабағы қарс жабылып, дауылды теңіздей түнеріп тұрды...

Тапсырма

1. Мәтінді оқи отырып, сөздердің байланысу тәсілін анықтаңыздар.

Отформатировано: не выделение цветом

Желтоқсанда үзілген жауқазын (жалғасы)

Сәбираның да оқу орнында үлкен жиналыс болды. Оған шалғайдағы Ақмектеп ауылынан Сәбираның алпыстағы анасы Күлшараны да шақыртыпты. Ақ самайлы шешесін көргенде Сәбира намыстан жарылып кете жаздады, бірақ ернін жымқырып, тіс жарып үндемеді. Ұстаздарының анасына: «Қызыңыз көргенсіз, тентек!» – дегені жанын аяздай қарыды. Оқу орнының басшысынан бастап дүйім жұрт жиналған жиналыс болды. Сәбирамен шеруге шыққан құрбылары жұрт айбынынан жасқанып, үндей алмай жер шұқыды. Қалың көпшілік алдында қаздай тізіліп тұрған жиырма шақты құрбысы бырс-бырс жылай берді. Сол кезде Сәбира сорлы алға озды. Ол саңқ-саңқ етіп:

– Бәріне кінәлі – мен... Жазаласандар, мені жазаландар! Бұлардың еш жазығы жоқ. Оларды алаңға мен үгіттеп апардым. Бәріне мен жауап берем! Бұларды оқу орнынан қумандар. Шеруді де мен ұйымдастырдым! – деді тайсалмастан.

Күтпеген жерден кесіп айтқан Сәбираның сөзінен жұрт сілтідей тынды. Оларды семсердей сөздің сесі басты.

– О, не дегенің, қызым-ау! – деген анасының шарасыз дауысы ғана естілді.

...Иә, Желтоқсанда жанын шүберекке түйген Сәбирадай батыр қыздың ақтық сөзі бүкіл елге аңыз болып тарап кетті.

Өзінің өзгеше өжет мінезімен, қас батырша қасқайып тұрып ақиқатты айтар жүректілігімен ол қаншама құрбыларына үлгі болып, оларды қорғап қалды. Сәбираның басқан мысымен, бірауыз айтқан сөзімен ол оқыған оқу орнынан бірде-бір қазақ қызы жазықсыз жауапқа тартылмады. Даланың бұла қызы Сәбираға бұл күнде сол уақыттағы құрбы-құрдастары ғана бас имейді. Күллі қазақ елі тағзым етеді.

Асқар Алтысбаев

Тапсырма

1. Мәтіннен сөздерді байланысу түріне қарай ажыратыңыз.

Матасу	Меңгеру	Жанасу	Қабысу
--------	---------	--------	--------

Отформатировано: не выделение цветом

Сөз тіркесі

Сөз тіркесі – кемінде екі сөздің мағыналық әрі тұлғалық жақтан байланысуы.

Сөз тіркестерінің айрықша белгілері:

1. Ең кемі толық мағыналы екі сөзден тұрады және екі түрлі сұраққа жауап береді.
2. өзара грамматикалық тәсілдер арқылы бірі екіншісіне бағына (сабақтас) байланысады.
3. Зат, құбылыс жайында кеңірек, нақтылы түсінік береді.

Сөз тіркесінің құрылысы



Сөз тіркесінің түрлері



Сөз тіркесі мен сөз тіркесі бола алмайтындар (тұрақты тіркес, тіркескен сөз)

Сөз тіркесі	Тұрақты тіркес	Тіркескен сөз
Сөз тіркесінде дербес мағыналы 2 сөз болады.	Кемінде екі сөзден тұрғанмен, бір мағынаны білдіреді.	Күрделі сөз (тіркескен сөз) екі сөзден тұрғанмен, бір мағынаны білдіреді.
	Қоян жүрек (қорқак), Көзді ашып-жұмғанша (тез)	Күрделі сөздер сөз тіркесінің бірі сыңары болады.
Қоян жүрек адам, Қалаға келе жатыр, қара торы бала		келе жатыр, қара торы, Он бес

Сөз тіркесінің лексика-грамматикалық қатынасы

	Қатынастар	Ереже	Мысал
1.	Анықтауыштық қатынас	Матаса, қабыса байланысқан есімді тіркестерге тән. Бағыныңқы сөзге кімнің? ненің? қандай? қай? қанша? неше? қайдағы? қашанғы? деген сұрақтар қою арқылы анықталады.	Аянның (кімнің?) добы, үйдің (ненің?) есігі, алыс (қандай?)

			жер, бес (қанша?) қағаз
2.	Толықтауыштық қатынас	Меңгеріле байланысқан есімді және етістікті тіркестерге тән. Бағыныңқы сөзге кімге? неге? кімді? нені? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен? Деген сұрақтар қою арқылы анықталады.	сөзге (неге?) шебер, гүлді (нені?) суару, терезеде (неде?) тұр, -сенен (кім-нен?) алды, қолмен (немен?) ал
3	Пысықтауыштық қатынас	Меңгеріле, жанаса байланысқан етістікті тіркестерге тән. Бағыныңқы сөзге қайда? қашан? қайтіп? қалай? неліктен? Сұрақтар қою арқылы анықталады.	ауылда (қайда?) ашылды, биыл (қашан?) ашылды

Ләззат

Ләззат туған ауылы Ақжазықтағы орта мектептің сегізінші сыныбын ойдағыдай бітірді. Ол бірден Алматыға тартқан. Иә, дәл сол күндері оның достары, мұғалімдері мен туыстары Ләззаттың алға қойған мақсаттарына жетерін сезген. Бірақ олардың ешқайсысы да бір жылдан кейін-ақ қаршадай қыздың есімі аңызға айналарын білген жоқ.

Алматының Чайковский атындағы музыкалық училищесінде қобызшы мамандығы бойынша оқып жүрген Ләззат Асанованың он алты жылдық қана қысқа ғұмыры ерте үзілді. Ол Ақжүніс пен Құртқа, Әлия мен Мәншүк сияқты қазақтың ержүрек қыздарының ерлігін қайталады. Туған елінің азаттығы мен тәуелсіздігі жолындағы қазақ жастарының атақты 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезінде қайсарлықпен ерлік көрсетіп, құрбан болды. Ол әдемі әуендерге құмар еді. Қазір Ләззаттың ерлігі мен есімі әнге айналды. «Мен қазақ қыздарына қайран қалам», «Қаһарман қыз – Ләззат» сияқты әндерді бүгінде барша халық әуелетіп шырқап жүр.

Тапсырма

1. Мәтіннен сөз тіркестерін түрлеріне қарай ажыратыңыз (есімді, етістікті).

2. Бағыныңқы сөздің басыңқы сөзге мағыналық қатынасын анықтаңыз.

Үлгі: *әдемі әуен* (сын – зат есімді тіркес, анықтауыштық қатынас).

СӨЙЛЕМ

Сөйлем – біршама тиянақты ойды білдіретін сөздер тобы. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай 4 түрі бар: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем, лепті сөйлем.

Хабарлы сөйлем- дегеніміз хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылады. Хабарлы сөйлемнің тыныс белгісі сөйлемнің соңында (.) нүкте қойылады.

Сұраулы сөйлем: бір нәрсе жайлы сұрап білу мақсатында айтылады. Тыныс белгісі сөйлем соңында сұрау белгісі(?) қойылады.

Бұйрықты сөйлем: бұйыру, тілек-өтініш ету мақсатында айтылады. Тыныс белгісі сөйлем соңында нүкте немесе (көтеріңкі интонациямен айтылса) леп белгісі (!) қойылады.

Лепті сөйлем -дегеніміз сөйлеушінің көңіл-күйін (қуану, ренжу, өкіну т.б.) білдіру мақсатында айтылады. Тыныс белгісі сөйлем соңында (көтеріңкі интонациямен айтылса) леп белгісі (!) қойылады.

ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

	Түрі	Жасалу жолдары	Тыныс белгілері
1	Хабарлы сөйлем	Хабарлау мақсатында айтылған жай сөйлем арқылы жасалады.	<i>Жаз бойы қара жұмыс істеді.</i>
2	Сұраулы сөйлем	1. Сұрау есімдіктері: кім? Не? Қанша? Қандай? т.б.	<i>Ол қайда? Сен кімсің?</i>
		2. Сұраулық шылаулар: ма, ме, па, пе, ба, бе, ше	<i>Ол келіп қалса ше? Сен дәрігерсің ба?</i>
		3. Оқшау, көмекші сөз: а, сірә, қайтеді, шығар.	<i>Енді арманың жоқ шығар?</i>
3	Бұйырықты сөйлем	1. Бұйрық рай арқылы жасалады. 2. Бұйрық рай мен шарты райға «-шы, -ші жұрнағы жалғанады.	<i>1) Тез айтындар. Отыр! 2) Тез айтшы. Ертерек келсеңші.</i>
4	Лепті	1. Одағай сөздер: қап, әттеген-ай,	<i>Қап, мынау</i>

сөйлем	пай-пай	<i>жығылады-ау!</i>
	2. Күшейткіш мәнді сөздер: не деген, неткен, қандай, шіркін, ғажап т.б.	<i>Мынау недеген қиын есен!</i>
	3. Демеулік шылаулар: -ау, -ақ, -ай т.б.	<i>Бейшара-ай, мынаның қиынын-ай!</i>
	4. Интонация арқылы	<i>Ә, сені ме, бәлем!</i>

Қосымша мәліметтер: сұраулы сөйлемдерде **негізгі сұрақ, жетек сұрақ, анықтауыш сұрақ** қолданылады. Олардың ережесі, жасалу жолдары төмендегідей:

	Түрі	Ереже	Жасалу жолы	Мысал
1	Негізгі сұрақ	Бір нәрсе, оқиға, іс туралы мәлімет алу үшін қойылған бастапқы сұрақ.	Ол сұрау есімдіктері мен сұраулық демеулік шылаудан жасалады.	Ол кім ? Ол Марат па ?
2	Жетек сұрақ	Негізгі сұраққа жауап алу кезінде туындаған ойға байланысты қойылған сұрақ.	Ол «ше» шылау арқылы жасалады.	-Не алдың? -Шие алдым. -Өрік ше ?
3	Анықтауыш сұрақ	Сөйлеушінің сөзін анықтап алу үшін қойылған сұрақ.	Ол сұрау интонациясымен жасалады.	-Ол кім? -Дәрігер. -Дәрігер? -Иә, дәрігер.

Сөйлемнің құрылысына қарай түрлері

	Түрі	Ереже	Тыныс белгісі
	Жақты сөйлем	Бастауышы бар сөйлем	Мен ауылға бардым. Кітап – білім бұлағы.
	Жақсыз	Бастауышы мүлдем жоқ сөйлем	Менің оқығым келді. Оны алуға болмайды.
	Жалаң сөйлем	Тек тұрлаулы мүшеден тұратын сөйлем	Ол келді. Бала-шағасы келіп кетті.
	Жайылма сөйлем	Тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлем	Ол ерте келді. Жаңбыр қатты жауып тұр.
	Толымды сөйлем	Ойға қажетті мүшелердің бәрі қатысқан сөйлем.	Олар арттарына мәңгілік із қалдырды.
	Толымсыз сөйлем	Айтылуға тиісті мүшелердің бірі түсіп қалған сөйлем	-Балам, қайдан келдің? -Алматыдан. Толымды түрі:

		-Балам, сен қайдан келдің? -Мен Алматыдан келдім.
Атаулы сөйлем	Іс-оқиғаның, құбылыстың атауын ғана көрсететін сөйлем	Жаз. Қайнаған күн. Егіс даласы.

Ескерту:

- 1) Жақты сөйлемнің бастауышы айтылмаған жағдайда оны баяндауышқа сұрақ қою арқылы табуға болады: Ертең мұнда кел. (Сен ертең мұнда кел).
- 2) Жақты сөйлем 2,3-жақта тұрады, бірақ мағынасы 1,2,3, - жақтың бәріне ортақ болып тұрады. Ондай сөйлемді *жалпылама жақты сөйлем* дейді. Мысалы: Аз сөйле, көп тыңда. Әлін білмеген әлек.

Жақсыз сөйлемнің жасалу жолдары

Жасалу жолдары	Мысал
Қалау рай ақырлы жасалады.	Менің оқығым келеді.
Барыс септігіндегі тұйық етістіктің «бол, жара, тура кел» деген көмекші етістіктермен тіркеуі арқылы жасалады.	Ауылға баруға тура келді.
Атау және барыс септіктеріндегі тұйық етістіктің «керек, жөн, мүмкін» деген бейтарап сөздермен тіркесуі арқылы жасалады.	Маған сабақ оқу керек. Менің сабақ оқуым керек.
«-ып, -іп, -п» тұлғалы көсемшенің болымсыз түрдегі «бол» етістігімен тіркеуі арқылы жасалады.	Оның сөзін түсініп болмайды.
Құрамында бастауышы бар тұрақты тіркестер арқылы жасалады.	Оның үрейден төбе шашы тік тұрды.
Ілік септігіндегі тұйық етістіктің «керек жоқ, қажет жоқ, қажеті не» деген бейтарап сөздермен тіркесуі арқылы жасалады.	Оны айтудың қажеті жоқ.
Сондай-ақ мысалдарда берілгендей түрлері бар:	Бұны енді айтпасқа болмайды. Бұны енді айтпақ керек. Оның мұрнын шүйіруін-ай.

2-тапсырма: *Жақты сөйлемнің түрлеріне, сөйлем мүшелеріне талдаңыз.*

Біз, Бәйсейіт пен Ғалымжан және бес-алты ел жігіттері – бәріміз отауға кіріп келдік. Бізді күтіп жатыр. Жоғары, араластырып отырғызды. Жұрт отауда дөңгелек айналып отыр. Болыс пен біраз ғана ірі кісілерден басқа жігіттер мен қыз, келіншек араласып отыр. Бәйсейіт, Ғалымжан үшеуімізді де бірыңғай қатар, қыздардың араларына отырғызған. Жағалай қымыз беріп жатыр (С. Сейфуллин)

3-тапсырма: *Көркем шығармандан жақсыз сөйлемдердің әртүрлі жасалу жолдарына 10-15 мысал жазыңыз*

4-тапсырма: *Толымды, толымсыз сөйлемдерді ажыратыңыз*

Абай Ділдәмен оңаша қоштасты. Көп сөз айтқан жоқ. Татулық, тілеулестік арқасында қабақпен танысқан. Сөзге сараң, сырға сырдаң Ділдә бір-ақ айтты:

– Кәрі шешен бар, жас балаларың бар. Біздің ойламасаң да, соларды ескер. Көп сарғайтпай, келе жүр! – деп күлген-ді. Оншалықты күрсініп, қиналып қалатын емес (М.Әуезов)

4-тапсырма: *Атаулы сөйлемдерді соларға ұқсас құрылымдардан ажыратып, көрсетіңіз.*

Күзгі күн еді. Дала бос. Дала көңілсіз (Б.Майлин). салпы етек, жылауық күз емес, гуілдеген желді күз еді. Түндік біткен шаңырақты сабалап, қараша үйлер тозығы жеткендігін айтып, зар қақсап, сықыр-сықыр етеді. Оқ даусын күткен қараша ауыл тым-тырыс (Ғ. Мүсірепов). Күзекте отырған ауыл. Жер реңсіз. Шөбі тозған. Төңірегі азан-қазан; қой маңырап, ит үріп, бота боздаған кешкі ауылдың даңғаза тірлігі. Мал, адам сапырылысқан қарбалас кезі (С. Елеубаев). Біртебірте сатылып, алғашқыда айтқан Қанжығалының Ащылыкөл басындағы бірінші болысының ауылына келдік. Әдбен еліріп атқа мініа алған ел. Гу-гу сөз. Топ-топ жиналыс. Жұрттың сөзі «солдатқа қазақты алу» әңгімесі, қазақтың оған «бармауға тиісті» екендігі (С.Сейфуллин)

Сөйлем мүшелері

Сөйлем мүшелері:


- 1) Сөйлем құрауға қатысатын
- 2) Сұраққа жауап беретін
- 3) Сөйлемдегі басқа сөздермен байланысатын мағыналы сөздер


Құрамына қарай:

Дара мүше - Толық мағыналы бір сөзден болған мүше. Мыс.: Дала қараңғы (сөйлемінде бастауыш та, баяндауышта бір сөзден тұр.)

Күрделі мүше - Күрделі сөзден, тұрақты тіркестен және шылаулы тіркестен болған мүше. Мыс.: Мұғалім **келе жатыр.** (сөйлемде баяндауышы күрделі сөзден болып, күрделі баяндауыш болып тұр.)

Үйірлі мүше - Бірнеше сөзден құралып, бастауыш-баяндауыштық қатынастан тұратын, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқаратын сөздер тобы. Мыс.: **Жаны сау** - бақытты адам. (Сөйлемде анықтауыш үйірлі мүшеден болып тұр, себебі бастауышқа (жаны), баяндауышқа (сау) ажыратылады, бір сұраққа (қандай?) жауап беріп тұр.





- СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕРІ -

БАСТАУЫШ

Бастауыш - сөйлемде атау септігінде тұрып, іс-оқиғаның иесін білдіретін түрлаулы мүше. Сұрақтары: кім? не? кімдер? нелер?



құрамына қарай



Дара бастауыш
Дара мүшеден тұратын бастауыш.
Мыс.: Жігіттер бұлақ басына жақындады.

Күрделі бастауыш
Күрделі мүшеден тұратын бастауыш
Мыс.: Ырыс алды- ынтымақ.

Үйірлі бастауыш
Үйірлі мүшеден тұратын бастауыш
Мыс.: Уайымы көптер тез қартаяды.

Бастауыштың жасалу жолдары

Жасалу жолдары	Мысал
Зат есім	Күн жылынды. Досым келді.

Есімдік	Бұл - үлкен үй. Өзің кел. Ешкім жоқ
Сын есім	Ақылды ісіне сенеді. Сыпайы сырын сақтайды.
Сан есім	Үшеуі сыртқа шықты. Төрт екіге бөлінеді.
Етістік	Іздеген жетер мұратқа. Оқу инемен құдық қазғандай.
Үстеу	Еріншектің ертені бітпес.

БАЯНДАУЫШ

Баяндауыш - Оқиға қай шақта болғанын білдіріп, сөйлемді тиянақтап тұратын тұрлаулы мүше. Қай сөз табынан болса, сол сөз табының сұрақтарына жауап береді.

↓
құрамына қарай

Дара баяндауыш

Дара мүшеден тұратын баяндауыш.

Мыс.: Олар алыс жерден келді.

Күрделі баяндауыш

Күрделі мүшеден тұратын баяндауыш

Мыс.: Ауыл мәдениеті өсіп келеді.

Үйірлі баяндауыш

Үйірлі мүшеден тұратын баяндауыш

Мыс.: Оның ең үлкен кемшілігі - **сабақ оқымау.**

Баяндауыштың жасалу жолдары

Жасалу жолдары	Мысал
Етістік	Күн жылынды. Досым келді.
Зат есім	Бұл - үлкен үй. Оның алған - кітап.
Сын есім	Дала тап-таза. Күн ыстық.
Сан есім	Екі жерде екі - төрт.
Есімдік	Менің айтарым - осы. Біздің ауыл әне.

- Баяндауыш қай сөз табынан жазылса, сол сөз табының сұрағына жауап береді.

Мысалы:

- ✓ Зат есім: Ол - оқушы. (Ол кім?)
- ✓ Сын есім: Дала қараңғы. (Дала қандай?)
- ✓ Етістік: Ол келді. (Ол не істеді?)

Бастауыш пен баяндауыштың арасында қойылатын сызықша.

Сызықшаның қойылатын орны	Мысал
Бастауыш (зат есім) - баяндауыш (зат есім)	Бөрік - адамға көрік.
Бастауыш (сілтеу есімдігі) - баяндауыш (зат есім)	Бұл - үлкен қуаныш.
Бастауыш та, баяндауыш та заттанған сын есім, сан есім, есімшеден болса.	Ер жігіттің екі сөйлегені - өлгені .
Бастауыш (тұйық етістік) - баяндауыш (зат есім)	Оқу - білім бұлағы. Алдау - зұлымдық.
Бастауыш (зат есім) - баяндауыш (тұйық етістік)	Менің мақсатым - еліме пайдалы азамат болу .
Бастауыш (жіктеу есімдігі, 3-жақ) - баяндауыш (зат есім)	Ол - әйгілі әнші .
Бастауыш та, баяндауыш та бір сөзден болса	Жер тағдыры - ел тағдыры.
Бастауыш (сан есім) - баяндауыш (сан есім)	Екі жерде екі - төрт.

СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕРІ

АНЫҚТАУЫШ

Анықтауыш -зат есімнен болған мүшенің сын-сипатын анықтап тұрады. Сұрақтары: қандай? қай? кімнің? ненің? неше? нешінші? қанша? қайдағы? қашанғы?



құрамына қарай



Дара анықтауыш

Дара мүшеден тұратын анықтауыш.

Мыс.: **Ұлыған** қасқырды көріп, зәре-құтымыз қалмады.



Күрделі анықтауыш

Күрделі мүшеден тұратын анықтауыш

Мыс.: **Қара торы** ат бірінші келді. Олардың қыл өтпестей татулығы бар.



Үйірлі анықтауыш

Үйірлі мүшеден тұратын анықтауыш

Мыс.: **Ақылы бар** жігіт озады.

Анықтауыштың жасалу жолдары

Жасалу жолдары	Мысал
Сын есім	Зерделі қыздың зерек ойы қиядағы жұмбақты іліп әкетеді.
Есімдік	Кейбір аңдар ертемен азықтануға шығады.
Зат есім	Өзен бойында қора-қора қойы жайылып жүр.
Сан есім	Оныншы сыныпта бұл тақырыпты өткен едік.
Есімше	Айтқан сөзің дәл келсе, саған сыйлығым бар.

ТОЛЫҚТАУЫШ

Мағынасына қарай



Тура толықтауыш

Табыс септігіндегі және **тұралы, жөнінде, жайында** шылаулармен тіркескен сөздер.

Мыс.: **Әсетті** көрді. **Әсет туралы** айттым.



Жанама толықтауыш

Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктер тұлғасындағы сөздер.

Мыс.: **Оған** сәлем бердім. **Сенде** алма бар.

Толықтауыштың жасалу жолдары

Жасалатын сөз таптары	Мысал
Зат есім	Қорқақ көлеңкесінен қорқады
Есімдік	Бұл сөз оған қатты әсер етті. Оспан ешкімнен қорықпайды.
Сын есім	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Жақсыны жамандаса, әруағы тасады.
Сан есім	Бестен үшті алса, екі қалады.
Етістік	Оны айтар-айтпасын білмеді. Үйге баруға қолы тимей жүр.

ПЫСЫҚТАУЫШ

Пысықтауыш Сөйлемде іс-қимылдың түрлі белгісін(мекенін, мезгілін т.б.) анықтайтын мүше. Сұрақтары: қайда? қайдан? қалай қарай? қашан? қашаннан бері? қалай? қалайша? қайтіп? неліктен? не үшін? неге? не мақсатпен?

↓
құрамына қарай

Дара пысықтауыш

Дара мүшеден тұратын пысықтауыш.

Мыс.: Лавада жұмыс **қызу** жүріп жатыр. Ол **тез** жауап берді.

Күрделі пысықтауыш

Күрделі мүшеден тұратын пысықтауыш

Мыс.: Мерей **жымың-жымың етіп** сахнаға шықты.

Үйірлі пысықтауыш

Үйірлі мүшеден тұратын пысықтауыш

Мыс.: **Уақыттым барда** сабаққа дайындалсам деймін.

Пысықтауыштың жасалу жолдары

Жасалатын сөз таптары	Мысал
-----------------------	-------

Үстеу	Ол ілгері басты. Кеше күн суық болды.
Барыс, жатыс, шығыс септіктеріндегі сөздер	Бүгін мал аулағыраққа өрістеген. Баланың дауысы таяудан естілді.
Есім сөздер	Ол емтиханға зорға дайындықпен кірісті. Ол екі сөйлемейтін.
Еліктеу сөздер	Бұл сөзіме Шаймерден кеңк-кеңк күлді.
Көсемше	Шешесі баласының жүзіне мейірлене қарады. Қыз енді айқалап сөйледі.

Пысықтауыш мағынасына қарай 6-ға бөлінеді.

	Түрі	Ереже	Сұрақ	Мысал
	Мекен пысықтауыш	Істің болу орнын, мекенін білдіреді	Қайда? қайдан? қалай қарай?	Ол бері қарады.
	Мезгіл пысықтауыш	Істің мезгілін білдіреді	Қашан? қашаннан бері?	Ол кеше келді.
	Себеп-салдар пысықтауыш	Іс-әрекеттің себебін білдіреді	Не үшін? неге?	Ол босқа келді.
	Амал пысықтауыш	Ісін жүзеге асу амалын білдіреді	Қалай? қалайша? қайтіп?	Ол жаяу келді.
	Мақсат пысықтауыш	Істің мақсатын білдіреді	Неге? кім (не) үшін? не мақсатпен?	Ол әдейі келді.
	Мөлшер пысықтауыш	Істің мөлшерін білдіреді	Қанша? қалай?	Ол ұзақ сөйледі.

СӨЙЛЕМНІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРІ

Бірыңғай мүшелері - сұрағы мен қызметі бірдей, сөйлемдегі бір ғана мүшемен байланысатын, кемінде екі сөзден тұратын сөйлем мүшелері.
Мысалы:

	Бірыңғай мүше түрлері	Мысал
	Бірыңғай бастауыш	Марат та, Әсет те сабаққа үлгерді.
	Бірыңғай баяндауыш	Бір батальон артта, алыста.
	Бірыңғай анықтауыш	Ол - тәртіпті, әрі білімді бала.
	Бірыңғай толықтауыш	Мен оны да, сені де ұмытпаймын.
	Бірыңғай пысықтауыш	Ол кінәлай, сынай қарады.

БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРДІҢ ЖАЛҒАУЛЫҚ ШЫЛАУЛАР АРҚЫЛЫ БАЙЛАНЫСУЫ

	Түрі	Шылау	Мысал
	Біңғайластық жалғаулық	Да, де та, те және, әрі, мен, бен, пен.	Асан мен Үсен жұрта қалып қояды. Кеше де , бүгін де мазам болмады.
	Қарсылықты жалғаулық	Бірақ, алайда, әйткенмен	Мұнда жеміс өседі, бірақ піспейді.
	Талғаулы жалғаулық	Я, не, немесе, әлде.	Мұнда шөп немесе су әкел.
	Кезектестік жалғаулық	Бірде, біресе, кейде.	Ақан біресе ұшаққа, біресе сағатына қарайды.

БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

➤ Бірыңғай мүшелердің арасына **үтір қойылатын** жағдайлар:

	Ереже	мысал
1	Бірыңғай мүшелер өзара жалғаулықсыз байланысса	Аспан айқын, ашық.
2	Жалғаулық шылаулар бірыңғай мүшелердің арасында қайталанып келсе	Рахима - әрі әнші, әрі биші. Ол бірде көңілді, бірде қайғылы.
3	Бірыңғай мүшелер бірақ деген қарсылықты жалғаулық арқылы байланысса	Ол орта бойлы, бірақ толықша келген сұр жігіт еді.

➤ Бірыңғай мүшелердің арасына **үтір қойылмайтын** жағдайлар:

	Ереже	мысал
1	Бірыңғай мүшелер арасында мен, пен, бен, және жалғаулықтары бір-ақ рет келсе	Ауыл мен қаланың арасы алшақ екен.
2	Да, әрі, не, немесе жалғаулықтары қайталанбай, бір-ақ рет келіп тұрса	Төрт бөлмелі үй салқын да жайлы.

ЖАЛПЫЛАУЫШ СӨЗ

Жалпылауыш сөз - бірыңғай мүшелермен қызметтес, тұлғалас болып, оларды жинақтап тұратын мүше. Жалпылауыш сөздің жасалу жолдары төмендегідей:

	Түрі	Шылау	Мысал
	Сілтеу есімдігі	Мыналар, осылар, бұлар, солар, олар.	Қазақстанның ең ірі көлдері мыналар Балқаш, Алакөл, Сасықкөл
	Жалпылау есімдігі	Бәрі, баршасы, барлығы	Алматы, Шымкент, Қарағанды бәрі үлкен қала.
	Жинақтық есімдігі	Екеу, үшеу, төртеуі	Аса, Мағаш, Жандос - үшеуі оңаша әңгімелесіп отыр екен
	Зат есім	Көптік жалғау жалғанған зат есімдер	Мына өзендер : Іле, Қаратал, Ақсу, Лепсі - Балқаш көліне құяды.

ЖАЛЫЛАУЫШ СӨЗДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІСІ

	ЕРЕЖЕ	МЫСАЛ
	Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшеден бұрын тұрса, онда кейін қос нүкте қойылады.	Бүгін баратын оқушылар : Асан мен Үсен.
	Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшеден кейін келсе, оның алдына сызықша қойылады.	Асан мен Үсен - екеуі бүгін барады.
	Бірыңғай мүшенің алдында жалпылауыш сөз тұрып, соңында сөйлемнің басқа мүшелері келсе, бірыңғай мүшеден бұрын қос нүкте, олардан кейін сызықша қойылады.	Мына оқушылар: Асан мен Үсен - бүгін барады.

АЙҚЫНДАУЫШ МҮШЕ

Айқындауыш мүше - сөйлемде белгілі бір мүшенің мағынасын басқа сөзбен түсіндіріп, нақтылап көрсететін сөйлем мүшесі.

Мағынасына қарай: Оңашаланған айқындауыш және қосарлы айқындауыш болып екіге бөлінеді.

Оңашаланған айқындауыш - *өзінен бұрын тұрған сөзді айқындап, дәлелдеп, түсіндіріп тұратын бір немесе бірнеше сөз.* **Мысалы:** Мен, **Асанов Үсен**, осы ережемен таныстым. Омардың үлкен ұлының, **Асанның**, елге жасаған жақсылығы өте көп.

Қосарлы айқындауыш - айқындайтын мүшесіне қосалқы атау болады. Мыс.: **Әнші** Күләш, **Біржан сал**, **Алпамыс батыр**.

АЙҚЫНДАУЫШТЫҢ ТЫНЫС БЕЛГІСІ

	<u>Ереже</u>	<u>Мысал</u>
1	Оңашаланған айқындауыштың екі жағынан үтір қойылады.	Мұнда, Алматы облысында , ауа райы салқын.
2	Оңашаланған айқындауыштың екі жағынан немесе өзі анықтайтын мүшесімен екі араға сызықша қойылады.	1928 жылы Қазақстандағы тұңғыш оқу орны - ҚазПИ ашылды.
3	Оңашаланған айқындауыштың бірыңғай мүше болып келсе, екі жағынан сызықша қойылады.	Қалың көпшілік - арбалылар да, салттылар да, жаяулар да -соның соғынан ерді.
4	Кейбір қосарлы айқындауыштар өздерінің айқындайтын сөзінен қос сөздер сияқты дефис арқылы бөлінеді.	авто - дүкен, үшқыш -ғарышкер, жер-ана

ОҚШАУ СӨЗ

ОҚШАУ СӨЗ -сөйлемнің құрамында тұрса да, басқа мүшелермен грамматикалық байланысқа түспейтін мүше. Оқшау сөздің - түрі бар: Қаратпа сөз, қыстырма сөз және одағай сөз.

✓ **ҚАРАТПА СӨЗ**- біреудің назарын өзіне аудару үшін қолданылатын сөз. **Мыс.:**

Самат, ертең сынақ болады. Ұялма, **балам**, жоғары шық. Ендігі кезек сенде, **қарағым**.

✓ **ҚЫСТЫРМА СӨЗ**- сөйлеушінің ойға қатысты көзқарасын білдіретін сөз. **Мыс.:**

Меніңше, сенің айтқаның дұрыс. Бұларды, **әрине**, жасау керек. Өзі осында келген шығар, **сірә?**

✓ **ОДАҒАЙ СӨЗ** - сөйлеушінің түрлі көңіл-күйін білдіретін сөз. **Мыс.:** **Қап**, оны кеше сұрау керек еді. Қазақтың даласы, шіркін, кең байтақ қой! Аз сабыр етсең қайтер еді, ә?

ОҚШАУ СӨЗДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІСІ

- Оқшау сөз сөйлемнің басында келсе, одан кейін үтір қойылады.
- Оқшау сөз сөйлемнің соңында келсе, оның алдынан үтір қойылады.
- Оқшау сөз сөйлем ортасында келсе, оның екі жағынан үтір қойылады.

Қыстырма сөздердің мағыналық түрлері

1	Қуанышты, ренішті білдіреді.	Бағымызға қарай, амал қанша, абырой бергенде, өкінішке орай.
2	Сенуді, мақұлдауды, мойындауды білдіреді.	Сөз жоқ, бәсе, рас, әрине, шынында, дұрысында, негізінде, асылында, шыны керек, әлбетте.
3	Ойдың кімнен, қайдан екенін көрсетеді.	Меніңше, сеніңше, оның пікірінше, оның айтуына қарағанда, оның жортуы бойынша.
4	Шамамен ғана я сенер-сенбестікпен айтылғанын білдерді.	Сірә, мүмкін, тегі, кім біледі, байқаймын, бәлкім.
5	Бір ойдың алдыңғы жақта айтылған оймен байланысын қорыту ретінде айтылады.	Олай болса, демек, сөйтіп, сонымен, қысқасы, айтпақшы.
6	Ой тәртібін білдіреді.	Біріншіден, екіншіден, бір жағынан, әуелі, ақырында.

ТӨЛ СӨЗ. АВТОР СӨЗІ. ТӨЛЕУ СӨЗ.

- **ТӨЛ СӨЗ**- жазушының (сөйлеушінің) сөзіндегі біреудің өзгертілмей берілген сөзі.
- **АВТОР СӨЗ** - төл сөздің айналасында берілген жазушының (сөйлеушінің) өз сөздері.
- **ТӨЛЕУ СӨЗ** - жазушының (сөйлеушінің) біреудің сөзінің мазмұнын сақтап, бірақ өз сөзімен өзгертіп берген сөздері.

ТӨЛ СӨЗДІ ТӨЛЕУ СӨЗГЕ АЙНАЛДЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ:

	ЕРЕЖЕ	МЫСАЛ
1	Төл сөзді төлеу сөзге айналдырудың ең негізгі және өте жиі қолданылатын - төл сөзде сөйлемнің тиянақты баяндауышы болып тұрған сөзге табыс жалғауын жалғау арқылы оны (төл сөзді) автор сөзімен байланыстыру тәсілі. Алдымен, төл сөздің баяндауышы болып тұрған етістік қай шақта, қай райда айтылуына қарай етістіктің есімше түріне айналады да, содан кейін барып табыс септігін қабылдайды.	"Мен судан қорқамын", - деді Али. Али өзінің судан қорқатынын айтты.
2	Кейде табыс септік жалғауы есімшеге "-дық, дік" жұрнағы мен тәуелдік жалғау арқылы жалғанда.	"Мен судан қорқамын", - деді Али. Али өзінің судан қорқатындығын айтты.
3	Төл сөздің баяндауышы өткен шақты немесе нақ осы шақты білдіретін етістік формасында айтылса, төлеу сөзге айналғанда, ол есімшенің -қан, -ған, -кен, -ген жұрнақтарының табыс септігінде тәуелденуі арқылы беріледі.	"Автобус күтіп тұрмын", - деді Али. Али автобус күтіп тұрғанын айтты.
4	Егер төл сөз етістіктің келер шақ немесе ауыспалы осы шақ формасында айтылса, төлеу сөзде ол тұйық етістіктің табыс септігінде тәуелденуі арқылы беріледі.	"Ол ертең келеді", - деді Али. Али оның ертең келетінін айтты.
5	Егер төл сөздің баяндауышы етістіктің бұйрық рай формасында айтылса, төлеу сөзде ол тұйық етістіктің табыс септігінде тәуелденуі арқылы беріледі.	"Сен ертерек кел", - деді Али. Али оған ертерек келуін айтты.
6	Баяндауышы есім сөзден я есім сөздің араласуынан, я болмаса атау тұлғалы тұйық етістіктен болса, төлеу сөзге айналғанда, олар екенін көмекші етістігімен тіркесіп беріледі.	"Дала жылы", - деді ол. Ол даланың жылы екенін айтты.
7	Төл сөздегі де етістігі төлеу сөзде айт, сұра, ойла, талап ет, бұйыр, ескерт деген сияқты айту, ойлау мәнді етістіктердің біріне ауысады.	Әкесі: "Үйге кел", - деді. Әкесі оған үйге келуін айтты.
8	Төл сөз сұраулы сөйлем болып, оның құрамында сұрау есімдігі болса, ол төлеу сөзде өзгермейді.	

9		

**ТӨЛ СӨЗДЕГІ ЖІКТЕУ ЕСІМДІКТЕРІ ТӨЛЕУ СӨЗДЕ
БЫЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ:**

<u>ТӨЛ СӨЗ</u>	<u>ТӨЛЕУ СӨЗ</u>	<u>МЫСАЛ</u>
мен	өзінің	«Мен келдім», - деді Али. / Али өзінің келгенің айтты.
сен, сіз, ол	оның/одан	«Сен келдің», - деді Али. / Али оның келгенің айтты. «Сіз келдіңіз!», - деді Али. / Али өзінің келгенің айтты. «Ол келді», - деді Али. / Али өзінің келгенің айтты.
саған/сізге	оған	«Сізге келдім», - деді Али. / Али оған келгенің айтты.
сенімен/сізбен	онымен	«Сенімен келдім», - деді Али. / Али онымен келгенін айтты.

**ТӨЛ СӨЗ БЕН АВТОР СӨЗІНІҢ ОРЫН ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТЫНЫС
БЕЛГІЛЕРІ**

➤ **Төз сөз тырнақшаға алынғанда, тыныс белгілері былай болады:**

Төл сөз автор сөзінен бұрын келеді. «Төл сөз», – автор сөзі.	«Баламен ақылдасайын», – деді Ақылбай.
Төл сөз автор сөзінен кейін келеді. Автор сөзі: «Төл сөз».	Балтабай былай деді: «Баламен ақылдасайын».
Төл сөз автор сөзінің ортасында келеді. Автор сөзі: «Төл сөз», – автор сөзі.	Балтабай: «Баламен ақылдасайын», - деді
Төл сөзді автор сөзі ортадан жарып келеді.	«Баламен, – деді Балтабай, – ақылдасайын».

«Төл сөз, – автор сөзі, – төл сөз»	
------------------------------------	--

➤ **Төл сөз тырнақшаға алынбаса, тыныс белгілері былай болады:**

Төл сөз автор сөзінен бұрын келеді. – Төл сөз, – автор сөзі.	– Ол сенің інің бе? – деп сұрады Сағи.
Төл сөз автор сөзінен кейін келеді. Автор сөзі: – Төл сөз.	Сағи былай деп сұрады: – Ол сенің інің бе?
Төл сөз автор сөзінің ортасында келеді. Автор сөзі: – Төл сөз, – автор сөзі.	Сағи: – Ол сенің інің бе? – деп сұрады.
Төл сөзді автор сөзі ортадан жарып келеді. – Төл сөз, – автор сөзі, – төл сөз.	– Ол, – деді Сағи, – сенің інің бе?

➤ **Төл сөз сұраулы, лепті, және көтеріңкі интонациямен айтылған бұйрықты сөйлем болғанда, тыныс белгілері былай болады:**

<i>Егер төл сөз СҰРАУЛЫ сөйлем болса</i>	<i>Егер төл сөз ЛЕПТІ сөйлем болса</i>
«Төл сөз?» – автор сөзі	«Төл сөз!» – автор сөзі
Автор сөзі: «Төл сөз?»	Автор сөзі: «Төл сөз!»
Автор сөзі: «Төл сөз?» – автор сөзі.	Автор сөзі: «Төл сөз!» – автор сөзі.
«Төл сөз, – автор сөзі, – төл сөз?»	«Төл сөз, – автор сөзі, – төл сөз!»

ДИАЛОГ

ДИАЛОГ – бірнеше адамның бір-бірімен сөйлесуі немесе адамның өз-өзімен іштей сөйлесуі.

- Диалогта әр адамның сөзі жаңа жолдан және сызықшамен басталады.

Мысалы:

- Қарағым, сен кімнің баласысың?
- Асанбайдың.
- Әкең қазір қайда?
- Қой бағып кеткен.

- Диалогта төл сөзімен атор сөзі араласып келе береді. Мысалы:

Асық ойнап жүрген бала келіп амандасқанда, Сапархан:

- Қарағым, сен кімнің баласысың? – деп сұрады. Бала:

– Асанбайдың, – деп қысқа жауап қайырды.

Сапархан енді балаға тіке қарап:

– Әкең қазір қайда? – деді.

Бала да бұл кім болды екен дегендей:

– Қой бағып кеткен, – деп тесіле қарады.

Тапсырма: *Диалогтың және диалогты құрап тұрған сөйлемдердің тиісті тыныс белгілерін қойыңыз.*

Жиын ортасында, жалғыз көзі бұған оқтай қадалып тұрған Құнанбайды танып, соған қарай түйіліп, қатты ақырып Уәй Құнанбай мені құдайдың жылатқаны аз ба еді Бұ не қырсығың дей бергенде Майбасар бастаған әулекі жуандар Тарт тілінді Қысқар Жап аузынды дер арс-арс етті (М.Әуезов)

Құрмалас сөйлем

Ең кемі екі сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіреді. Құрмалас сөйлемнің құрлысына қарай 3 түрі бар: **салалас** құрамлас сөйлем, **сабақтас** құрмалас сөйлем және **аралас** құрмалас сөйлем.



*салалас құрамлас
сөйлем,*

Құрамындағы жәй сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде (салаласа) байланысады.

Күз келді де, күн суыта бастады.

*сабақтас құрмалас
сөйлем*

Салалас құрмалас сөйлем

- ✓ Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты

болып, өзара тең дәрежеде (салаласа) байланысады.

- ✓ Құрамындағы жай сөйлемдері екі түрлі жолмен байланысады:

1. Құрамындағы жай сөйлемдер көбіне жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.
2. Мағыналарының жақындығына қарай іргелес тұрып, интонация арқылы байланысады.

- ✓ Салалас құрмалас сөйлемнің 6 түрі бар:

1. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем
2. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем
3. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем
4. Кезектес салалас құрмалас сөйлем
5. Талғаулық салалас құрмалас сөйлем
6. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем

Салалас құрмалас сөйлемдердің түрлерінің ережесі мен жай сөйлемдерін байланыстыратын жалғаулық шылаулары төмендегідей:

Жай сөйлемдердің алғашқысының баяндауышы тиянақсыз болып, екінші сөйлемге бағына (сабақтаса) байланысады.

Күз келіп, күн суыта бастады.

аралас құрмалас сөйлем.

Кемінде үш сөйлемнен құралып, бір-бірімен салаласа да, сабақтаса да байланысады.

Күз келіп, күн суыты, сондықтан ол жылы киінді.

№	Түрі	Ереже	Шылау	Мысал
	Ыңғайлас салалас	Бір біріне жақын болған оқиғаларды білдіреді.	Және, әрі, да, де, та, те.	Далада жел соғып тұр, әрі сіркіреп жаңбыр жауып тұр.
	Қарсылықты салалас	Жай сөйлемдердің мағыналары бір-біріне қарма-қарсы болып	Бірақ, дегенмен, сонда да, сөйтсе де, әйтсе де, алайда.	Оның дауысы жақсы, бірақ ән айтуды жақтырмайды.

		келеді.		
	Себеп –салдар салалас	Жай сөйлемдерінің бірі екіншісінің себебін білдіреді.	Өйткені, себебі, сондықтан, сол үшін, сол себепті, неге десеңіз.	Биыл шөп қалың шықты, өйткені жаңбыр көп жауды.
	Кезектес салалас	Іс-қимылдың кезектестіп келетінін біліреді.	Бірде, біресе, кейде.	Балалар бірде футбол ойнайды, бірде өзенге барып шомылады.
	Талғаулы салалас	Жай сөйлемдерінде айтылған іс-әрекеттің біреуі ғана орындалады.	Не, немесе, әлде, я, яки, әйтпесе, не (я) болмаса	Я болар жерінді айт, я бізге киілікпей тыныш жүр.
	Түсінідремлі салалас	Соңғы сөйлемі алдыңғы сөйлемнің мағынасын түсіндіріп тұрады.	Жалғаулығы жоқ	Қорыққаны сонша – орнынан тұра алмай қалды. Оның келмеген себебі мынау: кеше жұмыстан кеш қайтты.

Жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем

	Түрі	Мысал
1	Ыңғайластық	Олар төмен түсіп еді, жол екіге бөлінді. Маған ойыншық берді, ағама доп берді.
2	Қарсылықты	Күн жауып кетті, - оны елеген ешкім болмады. Бас болу оңай, - бастамақ қиын. Көз – қорқақ, қол – батыр.
3	Себеп –салдар	Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас: қар суы сықылды тез суалар.
4	Кезектес	Жалғаулықсыз жоқ, себебі жалғаулығы болмаса, бұл сөйлемнің мағынасы ыңғайлас салаласқа ауысады.
5	Талғаулы	Ауырып отырды ма, кешегі оқиға есіне түсті ме, бүгін ол ешкіммен сөйлеспеді.
6	Түсінідремлі	Қорыққаны сонша – орнынан тұра алмай қалды. Оның келмеген себебі мынау: кеше жұмыстан кеш қайтты.

Ескерту: 1) қарсылықты салалас құрмалас сөйлемде «бірақ» жалғаулық шылауы түсіп қалғанда, оның орнына сызықша қойылады. (Бас болу оңай, - бастамақ қиын.)

2) Себеп-салдар саласата салдар мәндісі бірінші келгенде, одан кейін қос нүкте қойылады.

Синтаксис бөлімі бойынша қорытынды тест

Метафоралық тіркесті көрсетіңіз

- A) биік ағаш
- B) көлге қонды
- C) үміт үзді
- D) тәтті қылық
- E) тіл тигізді

Еркін тіркесті табыңыз

- A) ағаштық көлеңкесі
- B) асау жүрек
- C) көз қырын салу
- D) жүрек жұтқан
- E) тәтті қиял

Тұрақты тіркесті табыңыз

- A) алтын сағат
- B) үйден келді
- C) жүрек жұртқан
- D) дәмді тамақ
- E) тамағы тоқ

Қиыса байланысқан тіркесті табыңыз

- A) адамның қолы
- B) терезені ашты
- C) көшеге кетті
- D) сен келдің
- E) оны көрдік

Матаса байланысқан сөз тіркесін табыңыз

- A) келген кісі
- B) жастық шақ
- C) мен ойладым
- D) аулада жүр
- E) көршінің баласы

Қабыса байланысқан сөз тіркесін табыңыз

- A) оқыған адам
- B) біздің ауыл
- C) үйден шықты
- D) далада жүр
- E) ол ойланды

Меңгеріле байланысқан сөз тіркесін табыңыз

- A) қызық өмір
- B) сіздің ақылыңыз
- C) сіз айттыңыз
- D) тойға дайындық
- E) үлкен той

Орын тәртібі арқылы байланысқан сөз тіркесін табыңыз

- A) өтпелі кезең
- B) өткелден өтті
- C) өттім де кеттім
- D) үйге жеттім
- E) өзімнің үйім

Синтетикалық тәсіл деген не?

- A) Шылаулар арқылы
- B) Қосымшалар арқылы байланысуы
- C) Орын тәртібі арқылы байланысу
- D) Қтар тұру арқылы байланысу
- E) Жақтық қиысу

Жанасу дегенді қалай түсінеміз?

- A) Ілік септігі мен тәуәлдік жалғауы арқылы байланысу
- B) Атау мен іліктен басқа септіктерде байланысу
- C) Қатар тұрып жалғаусыз байланысу
- D) Алшақ тұрып жалғаусыз байланысу
- E) жақтың жағынан қиысуы

Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін көрсетіңіз?

- A) қатты қуанды
- B) қуанғаннан жылап жіберді
- C) шын қуаныш еді
- D) көптен күткен еді
- E) қуанышты бөлісті

Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесін көрсетіңіз?

- A) жақсы хабар
- B) хабарды естіді
- C) кеше естіді
- D) естігені естен кетпейді
- E) көңілі алып-ұшты

Предикаттық қатынастағы сөз тіркесін көрсетіңіз

- A) күн жылы
- B) күн жылыды
- C) түстен кейін жылыды
- D) түске дейін
- E) бұлтты болды

Объектілік қатынастағы сөз тіркесін көрсетіңіз

- A) саған айтты
- B) ол айтты
- C) сәлем айтты
- D) біз жеткіздік
- E) сол күйінде жеткіздік

Матаса байланысқан тіркесті табыңыз

- A) орнынан тұрды
- B) отырған орнынан
- C) оның орны
- D) жайлы орын
- E) сол орын

Меңгеріле байланысқан тіркесті табыңыз

- A) біздің ауыл
- B) ауылға дейін
- C) өзің кел
- D) келіп қайт
- E) жиі келші

Изафеттік құрылыстағы тіркес деген не?

- A) бастауыш пен баяндаушытың қиысуы
- B) орын тәртібі арқылы байланыс
- C) жалғаусыз алшық тұрып байланысу
- D) Септік жалғаулар арқылы байланысу
- E) Ілік жалғауы мен тәуелсіздік жалғауы арқылы байланыс

Жай сөз тіркесін көрсетіңіз

- A) Қосішекті домбыра
- B) Домбыра шертіп отыр
- C) жылдам шертіп отыр
- D) асықпай шертеді
- E) шертіп-шертіп жіберді

Түйдекті тіркесті көрсетіңіз

- A) мереке күні
- B) қонаққа бардық
- C) кешке қайттық
- D) кешке таман қайттық
- E) үйге жаяу келдік

Үстеулі сөз тіркесін көрсетіңіз

- A) ол ертіп келді
- B) таңертең ертіп келді
- C) ауылға ертіп келді
- D) тазы ертіп келді
- E) тарғыл тазы

Жай сөйлем синтаксисі

Жалаң сөйлемді көрсетіңіз

- A) Достарым келе жатыр
- B) Достарым кеше келді
- C) Күндіз қаланы қыдырды
- D) Ауылға бардық
- E) Кешке театрға бардық

Жайылма сөйлемді көрсетіңіз

- A) Жер бусанып жатыр
- B) Құстар келіп жатыр
- C) Құстардың үні естіліп тұр
- D) Жылғалар суға толды.
- E) Күн ысыды.

Жақсыз сөйлемді табыңыз

- A) Көктем кеш келді
- B) Әр жерден ән естіледі
- C) Енді кете беруге болады
- D) Іздесе тауып алар еді
- E) Шақырсаңыз, әрине, келемін

«Сендермен қош айтысуға тура келіп тұр. Қандай сөйлем?»

- A) жалаң сөйлем
- B) жақты сөйлем
- C) атаулы сөйлем
- D) жақсыз сөйлем
- E) толымсыз сөйлем

Атаулы сөйлем көрсетіңіз

- A) -Кім жазды?
- B) -Лиза
- C) Кеше жазып кеткен
- D) Айдала. Жым-жырт
- E) Қарадан-қарап жылағың келеді.

Толымсыз сөйлемді көрсетіңіз

- A) Өзі хабарласты
- B) Қашан оқуға түсіп едің?
- C) Былтыр
- D) Жақсы оқу керек
- E) дұрыс айтасыз

Сөйлем мүшелері

Атау тұлғалы сөз сөйлемнің қай мүшесі болады?

- A) бастауыш
- B) баяндауыш
- C) толықтауыш
- D) анықтауыш
- E) пысықтауыш

Сын есім -бастауышты сөйлемді көрсетіңіз

- A) Ешкім дыбыс шығармады
- B) Бұған өзім кінәлімін
- C) Көрмес – түйеніде көрмес
- D) Жомарт жоқтығын білдірмес
- E) Жығылған күреске тоймас

Күрделі бастауышты сөйлемді көрсетіңіз

- A) Менің айтқаным осы бала
- B) Өзі келіп отыр
- C) Күле беру ұят қой
- D) Досым түсіне қойды
- E) Оның ескерткені дұрыс шығар.

Есім баяндауышты көрсетіңіз

- A) Сабақ басталды
- B) Қоңырау бағана соғылды
- C) Оқушылар түгел осында
- D) Бүгін бәрі тәртіпті
- E) Өйткені, сағынысып табысты

Қосалқы айқындауышты сөйлемді көрсетіңіз

- A) Біздердің, ұстаздардың мақсаты- адам тәрбиелеу
- B) Бұл-әке-шешенің көзі еді
- C) Алтай үздік оқушының бірі
- D) Сәлима сұлудың мерей тойы дүрілдеп өтті
- E) Мен сіздерге телефон-автоматтан хабырласып тұрмын

Оңашалаңған айқындауышты сөйлемді көрсетіңіз

- A) Ұлдарымның тәртібі жақсы
- B) Ананың бақыты-әдепті ұл-қызы
- C) Кіші ұлымның талабы зор
- D) Ұлдарым, шырақтарым, талаптарың таусылмасын
- E) Қарт әкенің арманы осы ғана

«Көре-көре көсем боларсың.» Сөйлемдегі пысықтауыштың түрі қалай?

- A) мезгіл пысықтауыш
- B) мекен пысықтауыш
- C) амал пысықтауыш
- D) себеп пысықтауыш
- E) мақсат пысықтауыш

Пысықтауышты сөйлемді табыңыз

- A) Ол сені күтті.
- B) Сенсіз кете алмады
- C) Амал пысықтауыш
- D) Себеп пысықтауыш
- E) Мақсат пысықтауыш

Құрмалас сөйлем синтаксисі

- A) Ол өте көркем әрі байсалды жігіт.
- B) Ол көркем және байсалды жігіт
- C) Ол көркем де, байсалды жігіт
- D) Ол көркем, алайда жалқау жігіт
- E) Ол бірде байсалды, бірде қызба.

Шылаулар арқылы құрмаласқан сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Кісі қалай жүрсе, көлеңкесі солай жүреді.
- B) Кешегі оқиға есіне түске сайын, жүрегі шым ете түседі.
- C) Кешегі оқиға ойына түсіп кетті де, жүрегі шым етті.
- D) Жүрегін қрқыныш билегендіктен тырп етпеді, үнсіз отыр.
- E) Мейлі түсін, мейлі түсінбе, маған бәрібір.

Жалғаулықсыө салалас сөйлемді көрсетіңіз

- A) Сексеуіл өзге отындардан қызу және оның шоғы ұзақ уақыт сөнбейді.
- B) Сіздерден тілегім сол – бір-бірімізге адал болайық
- C) Оның байғамауының себебі -айналаға назар аударған жоқ.
- D) Сапар жаман жігіт емес, дегенмен өзін-өзі қамшылауы жоқ.
- E) Жақсы жігіттер көп-ақ, ал ана жігіт-талант

Түсіндірмелі салалас сөйлемді көрсетіңіз

- A) Тозар елдің жанжалы бітпес, озар елдің арманы бітпес
- B) Жұрттың бәрі дүрлікті: біреу ұолын бұлғады, біреулер ысқырды, біреу атын айқайлады.
- C) Бүгін осында қоншы, бәрін көзіңмен көресің.
- D) Күбірлеген дауыстар естіледі, алайда қай жақтан екені белгісіз
- E) Кейде шикылдай күледі, кейде қарқылдап күледі.

Қарсылыңқылы бағыныңқылы сабақтас сқйлемді табыңыз

- A) Бірлік болмай, тірлік болмас.
- B) Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл.
- C) Ұяда не көрсен, ұшқында соны алады.
- D) Сіз ұйықтап алғанша, біз Сәлима екеуміз базарлап келейік
- E) Кеше уақыт болмағандықтан, сіздерге де келе алмадық.

Одағай сөзді сөйлемді табыңыз?

- A) Білімді білу үшін, әрине, көп оқу керек.
- B) Мүмкін, бүгін сабақ болмайды?
- C) Байқаймын отырғандар бір-бірін ұнатпай отыр.
- D) Ей, Сапақ, сен оған тиіспей жүр!
- E) Бала, ай бала, қайдасың?

Зат есімдермен атрибуттық қатынаста жұмсалатын сөйлем мүшесі қалай аталады?

- A) бастауыш
- B) баяндауыш
- C) толықтауыш
- D) анықтауыш
- E) пысықтауыш

Табыс септігі қай мүшенің грамматикалық тұлғасы?

- А) бастауыштың
- В) баяндауыштың
- С) толықтауыштың
- Д) анықтауыштың
- Е) пысықтауыштың

Үйірлі бастауышты сөйлемді көрсетіңіз?

- А) Колхоз маңы ығы-жығы
- В) Жазғаның маған ұнады
- С) Үшеуіміз төменге түстік.
- Д) Жүйрік торы жер тырнап тұр
- Е) Білегі жуан бірді жығар

Стильдердің қолдану аясы:

1	Ғылыми стиль	Ғылыми еңбектерде, ғылыми баяндамаларда, лекцияларда қолданылады.
2	Ресми іс қағаздары стилі	Іс қағаздарында, нұсқау хаттар мен кеңес құжаттарында қолданылады.
3	Публицистикалық стиль	Газет-журналда, жиналыстар мен митингілердегі сөздерде қолданылады.
4	Көркем әдебиет стилі	Көркем әдеби шығармаларда.
5	Ауызекі сөйлеу стилі	Адамдармен еркін әңгіме кезінде қолданылады.

Стильдердің мақсаты:

1	Ғылыми стиль	Заттар мен құбылыстардың жалпы ерекшелігін ашып, мәлімет беру.
2	Ресми іс қағаздар стилі	Хабарлау, анық мәліметтер беру
3	Публицистикалық стиль	Көпшілікке әсер ету, құбылыстың, оқиғаның мәнін ашу, оларға көпшіліктің назарын аудару.
4	Көркем әдебиет стилі	Құбылыстар мен заттарды суреттеу, жанды суретін көрсету, бейнелеу арқылы оқырманның сезіміне әсер ету
5	Ауызекі сөйлеу стилі	Қатынас жасау

Стильдердің ерекшеліктері:

1	Ғылыми стиль	Дәлелді, зерттелген, сөзді тура мағынада алу
2	Ресми іс қағаздар стилі	Ресми, анық, дәл
3	Публицистикалық стиль	Шақыру, үндеу, нақтылық
4	Көркем әдебиет стилі	Образды, эмоционалды, экспрессивті
5	Ауызекі сөйлеу стилі	Сөздер мен сөз тіркестерін еркін қолдану, даярлықсыз өткізілу

Стильбердің тілдік құралдары:

1	Ғылыми стиль	Ғылыми терминдер жиі қолданылады; көбіне хабарлы сөйлем болып келеді; өткен шақ пен осы шақта жиі қолданылады.
2	Ресми іс қағаздар стилі	Кітаби, ресми сөздер мен тіркестер, хабарлы сөйлемдер, даяр тіркестер мен терминдер қолданылады.
3	Публицистикалық стиль	Риторикалық сұрақтар, стильдік қайталау, антитеза пайдалану сияқты құралдар қолданылады.
4	Көркем әдебиет стилі	Ауыспалы мағына, көркемдік тәсілдер, суреттеме құралдары (теңеу, метафора т.б.) жиі қолданылады
5	Ауызекі сөйлеу стилі	Жергілікті сөздер, қарапайым сөздер; сұраулы, лепті, толымсыз сөйлемдер жиі қолданылады; көбіне диалог түрінде келеді.

Қосымша:

А) ауызекі сөйлеу стилінің түрлері:

1. Дидарластық (әңгімелесу, сұқбаттасу)
2. Полемикалық сөз (дауласу)
3. Көпшілікке арналған сөз (баяндама, лекция).

Ә) ресми іс қағазда түрлері;

- ✓ Арыз, өтініш
- ✓ Өмірбаян, түйіндеме (резюме)
- ✓ Мінездеме

- ✓ Анықтама, түсінікхат, кепілахат, сенімхат, қолхат, куәлік;
- ✓ Іс жайы мәлімет алмасу, қатынас хат, хабарландыру, ақпар, есеп,
- ✓ Хаттама, бұйрық, қаулы, шешім;

Б) қатынас қағаздарының құрылымы;

- Қатынас қағазының жіберілген мекеменің, мекеме басшысының аты-жөні;
- Қатынас қағаз жіберілген мекеменің, мекеме басшысының аты-жөні
- Қатынас қағазының мазмұны;
- Қатынас қағазды жіберуші жөнінде мәлімет және оның қолы

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аханов К.А. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1998.
2. Атабаева М., Есмағанбетова Ш. Қазақ тілі: әдістемелік нұсқау. – Алматы: «Мектеп», 2005. –88 бет.
3. Әмір Р., Атабаева М. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы : «Мектеп» , 2005. – 240 бет.
4. Байтұрсынов А. Жазу қосымша белгілері мен тыныс белгілерінің жалпы ережесі. Тіл тағлымы. – Алматы, 1994.
5. Қалиев Ғ., Оралбаева Н., Қасымова Б., Шалабаев Б., Төлегенов О. Қазіргі қазақ тілі: Жаттығулар жинағы. 1997. – 328 бет.
6. Оралбаева Н., Әбдіғалиева Т., Шалабаев Б. Практикалық қазақ тілі. 1993. – 272 бет.
7. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова С.Р. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2005.
8. Сыздықова Р. Емле және тыныс белгілері. – Алматы, 1996.
9. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000, - 532 б.
10. Күдерінова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. – Алматы, 2005. –144бет.
11. Тастемірова Г., Ибраимова Ж. Қазақ тілі: оқиық, үйренейік, ізденейік. 2021. – 107бет.
12. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2003.
13. Ана тілі – ардағым: жинақ. – Алматы: Ана тілі, 1992.
14. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Ана тілі, 1992.
15. Басымбекова З., Ерназарова З. Қазақ тілі: дидактикалық материалдар. 8-сынып. – Алматы: Мектеп, 2004.
17. Исаев С., Назарғалиева К., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі. 6-сынып. – Алматы: Атамұра, 2002.
18. Исаев С., Қосымова Г. Қазақ тілі. 7-сынып. – Алматы: Атамұра, 2003.

Қысқартылған сөздер мен пайдаланылған көркем әдебиеттер

1. А. – А.Құнанбаев.Қара сөз. Поэмалар Алматы: «Ел», 1993.
2. Ә.Н. – Ә.Нұршайықов . Төрт томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, – 1992.
3. Б.М. – Б. Момышұлы Ұшқан ұя. Повесть, әңгіме, нақылдар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 240 бет.
4. З.Қ. – З. Қабдол. Әуезов. – Алматы: «Санат». 1997, 352 бет.
5. М.Ә. – М.Әуезов. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. 1 кітап. – 320 бет.
6. М.Ә. – М.Әуезов. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. 2 кітап. – 352 бет.
7. М.Ә. – М.Әуезов. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: «Жеті жарғы», 1997. 3 кітап. – 320 бет.
8. М.Ә. – М.Әуезов. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: «Жеті жарғы», 1997. 4 кітап. – 336 бет.
9. М.М. – М.Мақатаев. Шығармаларының төрт томдық толық жинағы. 4-том. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2002. – 432 бет.
- 10.М.М. – М.Мақатаев.Шығармаларының толық жинағы: Көп томдық. 2-басылым, 1-том. – Алматы: «Жалын баспасы» .ЖШС,2006. – 320 бет.
11. М.М. – М.Мақатаев.Аманат: Жыр жинағы. – Алматы: Атамұра, 2002. – 304 бет.
- 12.Н.К. – Н.Келімбетов. Үміт үзгім келмейді: Хикаят-монолог.Эссе – Алматы: Раритет, 2005. –432 бет.
- 13.Ғ.Мүсірепов. "Ұлпан" романы
- 14.С.Е. – С.Ерубаев. Менің құрдастарым. Роман. – Алматы: Атамұра, 2003. – 176 бет.
- 15.Т.Ә. – Т.Әбдіков. Әке. –Алматы, Атамұра, 2002. –200 бет.
- 16.Т.Ә. – Т.Әбдіков. Оң қол. Повестер мен әңгімелер. –Алматы, Атамұра, 2002. –352 бет.

М А З М Ы Н Ы

I БӨЛІМ

ФОНЕТИКА

II БӨЛІМ

Лексика

III БӨЛІМ

МОРФОЛОГИЯ

IV БӨЛІМ

СИНТАКСИС